


АҚТӨБЕ ОБЛЫСЫНЫҢ ТІЛДЕРДІ ДАМУ БАСҚАРМАСЫ  
ТІЛДЕРДІ ОҚЫТУ ОРТАЛЫҒЫ



# ТІЛДЕРДІ ОҚЫТУ: ІЗДЕНИС ЖӘНЕ ӘДІСТЕМЕ

• ақпараттық-әдістемелік журнал •

№3 (29)



2022 жыл, 28 қыркүйек



# «Тілдерді оқыту: ізденіс және әдістеме» ақпараттық-әдістемелік журнал



**Меншік иесі:** «Ақтөбе облысының тілдерді дамыту басқармасы» ММ

**Бас редактор:** М. Ысқақов

Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігі Байланыс, ақпараттандыру және ақпарат комитетінде тіркеліп, Мерзімді баспасөз басылымын және ақпараттық агенттікті есепке қою туралы 2016 жылғы 15 сәуірдегі №15956-Ж куәлігін алған.

**Басылым мерзімділігі:** 3 айда 1 рет

**№3 (29) саны**  
**28 қыркүйек, 2022 жыл**

**Таралымы:** 100 дана

**Тапсырыс:** № 1423

**Баспахана атауы:**  
**«Көкше-Полиграфия» АҚ**

**Мекенжайы:**  
Қазақстан Республикасы,  
Ақмола облысы,  
Көкшетау қаласы,  
Е. Әуелбеков көшесі, 98.  
Тел.: 8 (7162) 256-212.

E-mail: [sks46@mail.ru](mailto:sks46@mail.ru)

**Редакция мекенжайы:** Ақтөбе қаласы,  
Сәңкібай батыр даңғылы, 20 «А»  
Тел.: 8 (7132) 41-69-34  
E-mail: [ortaluktil@mail.ru](mailto:ortaluktil@mail.ru)

Авторлардың стилі, орфографиясы сақталады. Ақпараттардың нақтылығы мен ақиқаттығына редакция жауап бермейді.



## МАЗМҰНЫ

### ТІЛТАНЫМ

**Қ. БАЙТЕНОВА,  
Г. МАМЫРБЕК** *Жаңартылған оқу бағдарламасының  
Байтұрсынұлы ұстанымымен сабақтасығы.....5*

**А.Қ. ҚАПЛИЕВА** *Ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларды оқытудың ерекшеліктері....7*

### РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ

**М. МАРАТОВА** *Ахмет тағылымы – халық даналығы.....10*

**А. ОЙЫЛДАНҚЫЗЫ** *Ұлт ғылымының көшбасшысы.....11*

**Г.А. НАУРЫЗАЛИНА** *Ахмет Байтұрсынұлының туғанына – 150 жыл.....12*

### ТІЛ ҮЙРЕТУ ӘДІСТЕМЕСІ

**Ж.А. ИСАТАЕВА** *Жаңартылған білім беру – заман талабы.....14*

**Н.С. АБДИГАЛИЕВА** *Бастауыш сынып оқушылары бойына көркем жазу дағдысын қалыптастыру...17*

**Н.Б. АЙТЖАНОВА** *Жаңартылған білім беру бағдарламасын  
бастауыш сыныпта оқыту ерешеліктері.....18*

**Г.К. АНАФИЯЕВА** *Қазақ тілі сабағында «мига шабуыл» әдісін қолданудың жаңашылдығы.....19*

**Г. ӘДЕТХАН** *Әдебиетті оқытуда түрлі әдістердің ерекшелігі.....21*

**Ж.М. ИМАНГАЛИЕВА** *Оқушылардың өз бетімен жұмыс істеуге жетелеу жолдары.....22*

**К.Р. ЖАНЧА** *Информатика пәнін мектепте оқытудың мақсаты.....23*

**М.М. КУАНЫШОВА** *Жаңартылған білім беру бағдарламасында  
деңгейлеп оқыту технологиясының тиімділігі.....23*

**А.Т. КУЗДЕНБАЕВА** *Бастауыш сынып оқушыларының білім сапасын арттыру жолдары.....24*

**С.Б. МУСИРОВ** *Әдебиет пәнінен оқушыларды ғылыми-ізденіс жұмысына машықтандыру.....25*

**С.К. БАЛМУКАШЕВА** *Дамыта оқыту технологиясымен оқушылардың  
шығармашылық қабілеттерін дамыту.....27*

**Ж.Қ. СУЛТАНОВА** *Сын тұрғысынан ойлау технологиясының тиімділігі.....28*

**А. ТИЛЕУБЕРДИ** *Қазақ тілін оқытуда жаңа әдістерді пайдалану.....29*

### ҮЗДІК САБАҚ

**С. БАЙДЕНОВА,  
А. БЕРДИШЕКОВА** *Білімділер додасы. Сыныптан тыс жұмыс.....31*

**И.К. ЖАКСЫМБЕТОВА** *«Что? Где? Когда?». Интеллектуальная игра по русскому языку  
и литературе для учащихся 7-11 классов.....34*

**С.Ж. КАЙРГАЛИЕВА** *Қазақ тілі сабағында оқушылардың  
функционалдық сауаттылығын дамыту жолдары.....36*



<b>Г.М. КАЛИМОВА</b>	<i>Әлемге әйгілі өнер ордалары.....</i>	<i>37</i>
<b>Д. КИНЖАГАРАЕВА</b>	<i>Солнечный круг. Открытый урок.....</i>	<i>40</i>
<b>К.К. МАРКАБАЕВА</b>	<i>Ы. Алтынсариннің ағартушылық идеяларын оқу-тәрбие жұмыстарында ұштастыру.....</i>	<i>42</i>
<b>Г.Б. ШЛМАНОВА</b>	<i>«Сергей Есенин – чуждо поэзии...».....</i>	<i>43</i>
<b>К.Ж. НАРТАЕВА</b>	<i>Дара және күрделі етістік.....</i>	<i>46</i>
<b>Г.А. НАУРЫЗАЛИНА</b>	<i>Тіл – тарихтың айнасы.....</i>	<i>48</i>
<b>С.У. БЕКДИСИНОВА</b>	<i>Поговорим о дружбе.....</i>	<i>53</i>
<b>А.К. КЕНЖЕНОВА</b>	<i>Знакомство с биографией и творчеством Г.Х. Андерсона. Чтение «Снежной королевы».....</i>	<i>57</i>
<b>С.Н. ЕЛЕНТАЕВА</b>	<i>Ұстаздық – өнер, тағлымы терең өнер.....</i>	<i>60</i>
<b>А.Р. ОРЫНБАЕВА</b>	<i>«Отбасы» тақырыбындағы сабақ жоспары (ересектер аудиториясына арналған қазақ тілін меңгерудің А2 - базалық деңгейі).....</i>	<i>61</i>
<b>А.Т. СЕРАЛИЕВА</b>	<i>«Қызықты қазақ тілі әлемі» интеллектуалды сайыс.....</i>	<i>66</i>
<b>А.Д. СӘРСЕТ</b>	<i>Ұлттық кейіпкерлерді сипаттаймын. Жалқы және жалпы есім.....</i>	<i>68</i>
<b>А.С. КАЛДЫБЕКОВА</b>	<i>Төл сөздің тыныс белгілері.....</i>	<i>70</i>
<b>Ұ. ТАҢЖАРЫҚҚЫЗЫ</b>	<i>Ж.Әбдірашев «Дала, сенің ұлыңмын» өлеңі.....</i>	<i>71</i>
<b>ТӘРБИЕШІ ЖАЗБАЛАРЫ</b>		
<b>Ж.О. ДАРМЕНКУЛОВА</b>	<i>«Ж» дыбысы және әрпімен таныстыру.....</i>	<i>74</i>
<b>Е.Т. ДЖАРИЛКАПОВА</b>	<i>Су асты патшалығына саяхат.....</i>	<i>75</i>
<b>М.А. ЕРМЕКБАЕВА</b>	<i>Мен және менің ұжымым (психологиялық ахуал қалыптастыру тренингі)...78</i>	<i>78</i>
<b>Р.Ж. ИСКАКОВА</b>	<i>4 саны мен цифры.....</i>	<i>80</i>
<b>Ә.А. КАМАЛОВА</b>	<i>Бақбақ.....</i>	<i>81</i>
<b>С.Ж. КАЮПОВА</b>	<i>«Музыка әлемі».....</i>	<i>82</i>
<b>М.К. КУРМАНГАЛИЕВА</b>	<i>«Қысқы түн».....</i>	<i>84</i>
<b>М.С. ОБАЕВА</b>	<i>«Қызықты ертегілер».....</i>	<i>86</i>
<b>Б.К. САДУАКАСОВА</b>	<i>«Ғажайып көктем».....</i>	<i>87</i>
<b>Ә.С. САЙЫМОВА</b>	<i>Таңғажайып планетасы.....</i>	<i>88</i>
<b>Ж.А. САРСЕНБАЕВА</b>	<i>Күн дидарлы Қазақстан!.....</i>	<i>89</i>
<b>Ә.А. СӘРСЕНБАЕВА</b>	<i>Ана мерейі.....</i>	<i>90</i>
<b>С.Ю. ТӘЖІБАЕВА</b>	<i>«Су тіршілік көзі».....</i>	<i>92</i>
<b>С.М. УСПАНОВА</b>	<i>Құстар біздің досымыз.....</i>	<i>94</i>
<b>И.В. УСПАНОВА</b>	<i>Жайлауға саяхат.....</i>	<i>96</i>
<b>М.Н. ШУЛЬДЕНОВА</b>	<i>Дарынды балалардың шығармашылық қабілетін қолдау.....</i>	<i>97</i>
<b>Г.С. ДАУЛЕТОВА</b>	<i>Үйдің терезесіндегі жарықтар.....</i>	<i>98</i>
	<i>Хабарландырулар тақтасы.....</i>	<i>100</i>



## ТІЛТАНЫМ



### ЖАҢАРТЫЛҒАН ОҚУ БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ БАЙТҰРСЫНҰЛЫ ҰСТАНЫМЫМЕН САБАҚТАСТЫҒЫ

**Қ. Байтенова,**

«Назарбаев Зияткерлік мектептері»  
ДББҰ-ның филиалы  
«Білім беру бағдарламалары орталығы»  
Мектепке дейінгі және бастауыш  
білім беру бөлімінің бастығы

**Г. Мамырбек,**

«Назарбаев Зияткерлік мектептері»  
ДББҰ-ның филиалы  
«Білім беру бағдарламалары  
орталығының» аға менеджері

**К**оғам қайраткері, тілтанушы, түркітанушы, педагог Телжан Шонанұлы: «Біздің мұғалімдер оқытып жатқан бүгінгі еуропалық әдіс – Ахмет Байтұрсынұлының жанашырлық қызметінің жемісі» - деп бағалай отырып: «Ахметтің жаңа оқулықтары жаңа әдістермен қазақ өміріндегі жағдайға гана орайластырып қойылмаған, сонымен бірге ең соңғы жаңа методика мен дидактика әдістері тұрғысынан жазылған» - деп атап көрсетеді. А. Байтұрсынұлы 1912-1928 жылдар аралығында шығарған оқулықтары негізінде сауат ашу мен ана тілін оқытудың мақсаты мен міндетін, құрылымын, яғни тұтастай оқу бағдарламасын жүйелеп берді. Телжан Шонанұлының сөзімен айтқанда: «Қиын кезеңде Ахмет алғашқы болып дауыс көтеріп, қазақ мектептерін бір жағынан дүмше молдалардан, екінші жағынан миссионерлер ықпалынан құтқару үшін қызмет етті. Бұл жолда Ахаң жалғыз да алғашқы ағартушы болды».

Қазақ мектебіндегі оқыту жүйесінің мазмұны сол кезеңнен бастап күні бүгінге дейін Ахмет Байтұрсынұлы қалыптастырып кеткен бағытпен келе жатыр. Мәселен жаңартылған білім беру бағдарламасындағы бірқатар оқу мақсаттары ұлт ұстазының ұстанымдарына негізделген. Атап айтқанда,

бастауыш білім беру деңгейінің 2-4-сыныптарына арналған «Қазақ тілі» пәнінің «Сөйлеу әрекетінің түрлерін: тыңдалым, айтылым, оқылым, жазылымды дамыту арқылы тіл туралы бастапқы білімді меңгерту және оны тілдік нормаларды сақтай отырып, оқу әрекеті мен күнделікті өмірде қолдану» мақсатын ХХ ғасырдың басында-ақ А. Байтұрсынұлы негіздеп кетті. Ұлт ұстазы бұл туралы «Тіл – құрал» оқулықтарында: «Қазақтың бастауыш мектебінде басқа білімдермен қатар қазақ тілінің дыбыс, сөз, сөйлем жүйелерін де үйрету керек. Қазақтың бастауыш мектебінде басқа білімдермен қатар қазақ тілінің наху, сарфы (*грамматика, морфология*) да үйретілерге керек» - деп жазған болатын және сөйлеу, оқу, жазу тілін жұмыс тәжірибесі арқылы танытатын «Тілжұмсар» оқулығындағы «Жұмыс», «Сұрау», «Көшіру», «Жауап жазу», «Буындау», «Айтқаннан жазу», «Жатқа жазу», «Құрастыру»; «Тіл – құрал» оқулықтарындағы «Дағдыландыру», «Сынау»; «Баяншыда» көрсеткен «Дыбыспен жаттықтыру, бір буынды, екі буынды, үш буынды сөздермен жаттықтыру»; «Әліппедегі» (1926): «Шыққанын шырпыдан жасау», «Алғанын жазу», «Қисындау», «Ақыл хат жасау», «Ермек-еңбек», «Сын атына зат аты», «Қайсысын қайда қою», «Суретпен жұмыс», «Сөйлемдер жасату», «Сөздерден ауызша сөйлем құрау», «Сөйлеммен лепес жасату», «Жаңылтпаш жасату», «Қате оқыған жақ қайта оқиды», «Топ хабары», «Топтық жұмыс», «Ойындар! Ойындар!» тапсырмалары арқылы тақырыпты меңгертудегі мақсаттар жүйесін негіздеп берді.

А. Байтұрсынұлы оқулықтарында жүйелі түрде кездесетін тапсырма түрлерінің мақсаттары жаңартылған оқу бағдарламасындағы «Дыбыстарды, сөздерді орфоэпиялық нормаларға сәйкес дұрыс айту», «Сөздердің орфографиялық, орфоэпиялық нормаларын сақтау» бөлімшелерінде (түйінді дағдылары) қамтылған. Мысалы:



<i>«Тіл – құрал» және «Тілжұмсар»</i>	<i>Қазақ тілі оқу бағдарламасындағы (2018) оқу мақсаттары</i>
Сөздердің буындарында неше әріптен бар екенін айырту	Әріпті тану, ажырату және оны дыбыспен сәйкестендіру
Сөздерді буынға бөлу, әр буындағы әріптің санын буын үстіне сипырмен қою	Сөздің буыннан тұратынын түсіну және сөздегі буын санын анықтау
Сөздерді буынға бөліп, буын ішіндегі дауысты таңбалардың астын сызындар	Сөздегі дыбыс түрлерін (дауысты, дауыссыз, жуан және жіңішке дауыстылар) ажырату және дұрыс дыбыстау
Сөздерді буынға бөліп, буын ішіндегі дауыссыз таңбалардың астын сызындар	
Сөздердің ішіндегі қатаң дыбыстардың таңбаларын айырту	Дауыссыз дыбыс түрлерін (қатаң, үнді, ұян) ажырату және дауыссыз п-б, қ-ғ, к-г дыбыстарының емлесін сақтап жазу
Әріптерді дыбыс жақындығына қарай сұрыптап, тап-табымен жазындар	Дыбыстардың мағына ажыратушылық қызметін түсіну
Әріптерді түрлерінің ұқсастығына қарай сұрыптап, тап-табымен бөлек-бөлек жазындар	

А. Байтұрсынұлы оқулығындағы дағдыландыру және сынау тапсырма түрлерінің мақсаттары жаңартылған оқу бағдарламасындағы «Мәтіндегі лексикалық

бірліктердің қолданылуын түсіну», «Грамматикалық нормаларды сақтау» бөлімшелерінде (түйінді дағдылары) қамтылған. Мысалы:

<i>Тіл – құрал тапсырмалары</i>	<i>Қазақ тілі оқу бағдарламасы (2018) оқу мақсаттары</i>
Төмендегі сөздерге «лық» жұрнағын жалғатып, туынды сөз еткізу.	2. 4. 2. 1 мұғалімнің көмегімен түбір мен косымшаны ажырату; 3. 4. 2. 1 негізгі түбірге жұрнақтар жалғау арқылы туынды сөз жасау, түбірлес сөздердің мағынасын ажырату; 2. 4. 2. 2 көптік жалғауларды дұрыс қолдану; 3. 4. 2. 2 тәуелдік жалғауларының қолданысын білу; 4. 4. 2. 2 жіктік жалғауларының қолданысын білу; 4. 4. 2. 3 зат есімді септеу, тәуелденген сөздердің септелуін білу; 4. 4. 2. 4 жіктеу есімдіктерін септей алу.
Төмендегі түбір сөздерге «у» жұрнағын жалғатып туынды сөз еткізу ( <i>Ескерту:</i> барлық жұрнақтар бойынша осындай тапсырмалар берілген). Аяғы «а» сөздерді жалғаулату. Аяғы «ы» сөздерді жалғаулату. Аяғы қатаң дыбысты сөздерді жалғаулату.	
Төмендегі сөйлемдердің ішіндегі зат есім сөздердің астын сызып көрсетіндер.	2. 4. 2. 4 зат есімнің жалпы және жалқы түрлерін ажырату, жалқы есімнің жазылу емлесін сақтау; 2. 4. 2. 5 дара және күрделі зат есім/сын есім/сан есім/ етістікті анықтау
Төмендегі сөздерді айырту, қайсысы зат есім, қайсысы сын есім?	2. 4. 2. 3 сөз таптарын (зат есім, сын есім, сан есім, етістік) ажырату; 3. 4. 2. 4 негізгі, туынды зат есім/сын есім/етістікті анықтау; 3. 4. 2. 5 болымды және болымсыз етістіктердің айырмашылығын анықтау.
Төмендегі сөздердің ішіндегі сан есім сөздерді айырту.	
Төмендегі сөздердің ішіндегі сөздерді айырту, қайсысы зат есім, қайсысы етістік.	

«Тілжұмсар» оқулығында «Құрастыру», «Жұмыс» тапсырмалары берілген. Онда бала мәтіндегі көп нүктенің орнын өз ойымен толықтырып отырады. Мысалы, «Жұмыс» тапсырмасында: Қойшы қой бағады. Жылқышы... Етікші... Егінші... Балықшы... . Дәрігер... Ал «Әліппеде» (1926) «Қайсысын қайда қою» тапсырмасы негізінде оқушы

берілген бірнеше сөйлемдерді дұрыс байланыстырып, мәтін құрайды. Бұл тапсырмалар негізінде қалыптасатын дағдылар «Қазақ тілі» оқу бағдарламасында «Берілген тақырып бойынша әңгіме құрау», «Тыңдалған материал бойынша өз пікірін білдіру» бөлімшелеріндегі (түйінді дағдылары) оқу мақсаттарында қамтылған. Мысалы:



<i>Тілжұмсар, Әліппе (1926)</i>	<i>Қазақ тілі оқу бағдарламасы (2018) оқу мақсаттары</i>
Мәтіндегі көп нүктенің орнын өз ойымен толықтыру. Сөздердің орнын дұрыс тауып, әңгіме құрау	2. 1. 4. 1 тірек сөздерді қатыстыра отырып, берілген тақырып бойынша әңгіме құрау; 3. 1. 4. 1 тірек сөздер мен жоспарды пайдалана отырып, берілген тақырып бойынша әңгіме құрау.

«Тілжұмсар» оқулығында мәтіннен ақпарат алуға бағытталған «Жауап жазу», «Сұрау» тапсырмалары берілген. Мысалы, «Сұрау» тапсырмасында:

Мақалдарды оқы. Білегі толық бірді жығады, білімі толық мыңды жығады. Күн ортақ, ай ортақ, жақсы ортақ.

Қандай адам бірді жығады? Қандай адам мыңды жығады? Бірді жығуға не керек? Мыңды жығуға не керек? Күн қалай? Ай қалай? Жақсы қалай? – тәрізді сұрақ қойып, жауап алу үлгілерін ұсынған. Бұл тапсырмалар «Қазақ тілі» оқу бағдарламасындағы «Мәтін мазмұны бойынша сұрақтар қою және жауап беру», «Мәтіннің тақырыбы және негізгі ойды анықтау», «Тыңдалған материал бойынша өз пікірін білдіру» бөлімшелерінде (түйінді дағдылары) белгіленген оқу мақсаттарында қамтылған.

Ұлт ұстазы «Оқу жайы» деген мақаласында: «Қазақша оқу әлі бір белгілі тәртіпке келіп жеткен жоқ, кемшілігі есепсіз көп. Қазақша оқу кітаптары жаңа ғана көрініп келеді, тәртіппен оқытарлық мұғалімдері аз, оқу програмы жоқ, белгілі оқу жылы жоқ, қазақша оқуды аймаққа бірдей жеткілікті етерлік жасалған өрнек жоқ, оқыту ғылымын үйрететін даримұғалли мин (мұғалім даярлайтын оқу орны) жоқ» - деп сол кездегі қазақ мектептерінің ауыр халін сипаттаған еді. Осы кемшіліктерді жою үшін бар күшін оқулық шығаруға жұмсады, әдістемелік нұсқаулық жазып мұғалімдерге жол көрсетті, сауат ашу мен ана тілін оқыту жолдарын өз оқулықтары арқылы жүйелеп берді.

Қорыта айтқанда, ғалымның салып кеткен сара жолы күні бүгінге дейін қабылданған оқу бағдарламаларының негізгі өзегі болып келе жатыр.



## ЕРЕКШЕ БІЛІМ БЕРУ ҚАЖЕТТІЛІКТЕРІ БАР БАЛАЛАРДЫ ОҚЫТУДЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ



**А.К. Қаплиева,**  
«Өрлеу» БАҰО АҚФ  
Ақтөбе ОБ кәсіби  
даму институты  
кафедра меңгерушісі,  
п. э. к., доцент.

**Резюме:** В тексте статьи рассматриваются особенности обучения детей с особыми образовательными потребностями.

**Summary:** The text of the article discusses the features of teaching children with special educational needs.

«Ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалар» термині дамуында белгілі бір ерекшеліктері бар балаларды оқытуда қосымша қолдауды қамтамасыз ету қажеттілігіне баса назар аударады. Ерекше білім берілуіне қажеттілігі бар балалар – бұл арнайы психологиялық-педагогикалық көмек алуды және оларды тәрбиелеу мен оқыту кезінде ерекше жағдайларды ұйымдастыруды қажет ететін балалар – делінген педагогикалық сөздікте. Ерекше білім беру қажеттілігі бар балаларды инклюзивті ортада қолдау жүйесін оқу-тәрбие үрдісін басқаруда, балалардың толыққанды және жан-жақты тұлғалық қалыптасуында олардың жеке бейімділіктерін, қызығушылықтарын, ынталары мен қабілеттерін ескеру; тұлғаның әлеуметтік ортаға та-



биғи ену және қоғам өміріне белсене қатысу қажеттіліктерін дамыту; тұлғаның жан-жақты еңбек ету және тәжірибелік дағдыларының дамуына, жағдай жасау. Олай болса, Қазақстан Республикасының білім беру жүйесінде білім алу талаптары жеке болып қана қоймайтын, сонымен бірге белгілі ерекшеліктері бар балалардың топтарыда бар.

Осыдан келіп, ерекше білім беруге қажеттілігі бар балалар бұлар, - психологиялық танымдық белсенділігі жоғары немесе төмен, мүмкіндігі шектеулі балалар, оналту курсынан өтіп жатқан балалар, жағдайы төмен отбасы балалары, қауіп тобының балалары, немесе «қиын өмірлік» жағдайға тап болған балалар деп ой түйіндейміз.

Зерттеушілер, ғалымдардың жіктемесі бойынша ерекше қажеттіліктері бар балаларды кіріктіре, біріктіре оқыту керектігін ұсынады. Олай болса, мектептер мен мектепке дейінгі ұйымдардың жетекшілері мен мұғалімдері үшін кіріктіре оқытудың түрлі үлгілерін білу, түсіну және саралау, сонымен қатар оларды тәжірибе барысында жүзеге асыра білу өте маңызды болып табылады.

Нәтижесінде жалпы және арнайы білім беру арасындағы тосқауылдарды жеңе отырып, олардың арасындағы шекараны ашып, сапалы жаңа қарым-қатынас жасау үшін кедергісіз орта құру.

Кедергісіз орта - білім алу талаптарына сай, оларды оқыту үдерісі барысында балалардың мүмкіндіктері жалпы әлеуметтік талаптарға, білім берудегі табыстылық ережелеріне және қоғамда қалыптасқан тәртіп пен қарым-қатынас ережелеріне сәйкес келмеу қиындықтарын болдырмау.

Ерекше білім беруге қажеттілігі бар балаларды оқытудағы жалпы білім

берумен өзара байланыстағы мақсаты – әлеуметтендіру және өзін-өзі іске асыруы, тез өзгертін әлемде өмір сүруге үйрету, өмір бойы оқу.

Осы міндеттерді жүзеге асыруда өмір сүру сапасын жақсарту келесідегідей сатылардан тұрады:

- бала мен ата-ана арасындағы байланыстарды сақтау және балаға өз отбасының күнделікті тыныс-тіршілігіне толық араласуына мүмкіндік беру;

- келешекте еңбек нарығында бәсекеге жарамды және әлеуметтік жинақы болуға мүмкіндік беретін сапалы білім алуды;

- қатарларымен және ересектермен әлеуметтік әрекет етудің оң тәжірибесін игеру;

- қоғамдастықта әлеуметтік осал топқа жататын балалар мен ересектерге қолдау көрсету бойынша әлеуметтік дағдылар қалыптастыруды, бұл барлық қоғамды мейлінше орнықты және біртұтас ету.

Мұндай балаларды қолдаудың психологиялық-педагогикалық маңызы қандай (Е. И. Казакова зерттеуі бойынша) психологиялық-педагогикалық қолдау «балаға, оның отбасына және педагогтарға көмек көрсету, оның негізінде өзекті проблеманың шешу жолын таңдауда дамыту субъектінің барынша бостандығы мен жауапкершілігін сақтау; педагогтар, психологтар, әлеуметтік және медициналық қызметкерлердің күшін біріктірумен қамтамасыз етілетін мультипәндік әдіс; проблеманың диагностикасы мен оны шешудің субъектілік әлеуеті, мүмкін болатын шешу жолдарын ақпараттық іздеу, әрекеттер жоспарын құру мен оны іске асырудағы алғашқы көмек арасындағы үйлесімді бірлік; даму субъектінің өзі әрекеттері үшін жауапты болатын бағдарлық аумақты құруда көмек көрсету» деп түсіндіреді.

Сондықтан, ғалымдардың зерттеулеріне сүйене отырып психологиялық-педагогикалық қолдау дегенміз - мамандардың біртұтас, жүйелі ұйымдасқан қызметін білдіретін білім беру-тәрбие процесінде балаға көмектің (немесе қолдаудың) ерекше түрі ретінде қарастырылады. Оның барысында баланың мүмкіндіктері мен қажеттіліктеріне сәйкес табысты оқыту мен дамуы үшін әлеуметтік-психологиялық және педагогикалық шарттар жасалады. Психологиялық-педагогикалық қолдаудың нысаны ретінде білім беру (оқу-тәрбиелік) үдерісі қарастырылады.

Психологиялық-педагогикалық қолдаудың мақсаты - баланың әлеммен, айналасындағылармен (ересектер, құрбылар), өз-өзімен қарым-қатынасының жүйесі ретінде оның даму жағдайы. Ерекше қажеттіліктері бар оқушыларды қолдау командалық жұмыс стилін, әр түрлі мамандардың (психолог, ло-





гопед, арнайы педагог, әлеуметтік педагог), мұғалімдер мен ата-аналардың өзара тығыз байланысын көздейді. Арнаулы қолдау ішкі және сыртқы (мектепте қажетті мамандар болмаған жағдайда штатында, мысалы, сурдопедагог, тифлопедагог, емдік дене шынықтыру жөніндегі маман) болуы мүмкін. Іштей сүйемелдеу командалық жұмыс ретінде консилиумді пайдаланатын психологиялық-педагогикалық қолдау қызметінің мамандарымен жүзеге асырылады.

Сыртқы қолдау аудандық /қалалық/ психологиялық-педагогикалық түзеу кабинеттерінің мамандарымен жүзеге асырылады.

Психологиялық-педагогикалық қолдау қызметінің айрықша ерекшелігі оның кешенділігі және арнайы педагогикалық көмекті қажет ететін балаларды уақытында анықтауға бағдарлану болып табылады.

Ерекше білім беруге қажеттіліктері бар балаларды оқытуды тиімді жүзеге асыруға байланысты педагогтарға ұсыныстар:

1. Педагогтармен (пән мұғалімдері, арнайы білім мамандары, әлеуметтік педагог, психолог) ынтымақтастықта жұмыс жасау.

2. Әртүрлі педагогикалық тәсілдер мен

оқыту стратегияларын ұтымды ұштастыруды үйрену.

3. Арнайы білім мамандарынан баланың жеке мүмкіндіктеріне қарай саралап оқыту әдістерін кәсіби қолдану тәжірибесін үйрену.

4. Кәсіби қауымдастық желісі арқылы арнайы білім ұйымдарымен байланыс орнату.

5. Ата-ананы қатыстыру арқылы триангуляция әдісін пайдалану.

6. Үздіксіз бақылау динамикасы бойынша жұмыс жоспарына тиісті өзгерістер мен толықтырулар енгізіп отыру.

7. Баланы әлеуметтендіруге ықпал ету үшін қолайлы орта қалыптастыру.

8. Баланың қоршаған ортасымен ақпараттық-ағарту жұмыстарын жүргізу.

#### **Қолданылған әдебиет:**

1. Алехина С. «Инклюзивное образование в контексте современной образовательной политики». Режим доступа: <http://inclusive-edu.ru/>

2. Исакова А.Т., Мовкебаева З.А., Закаева Г., Айтбаева А.Б., Байтурсынова А.А. Основы инклюзивного образования. – Алматы. 2013.

3. <https://edu.mcfz.kz/article/>

4. Психологиялық-педагогикалық қолдау қызметінің ұйымдастырылуы // «Открытая школа» журналы. № 7 (128) 09. 2017 ж.





## РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ



### АХМЕТ ТАҒЫЛЫМЫ – ХАЛЫҚ ДАНАЛЫҒЫ

**М. Маратова,**

*Ақтөбе облысының тілдерді*

*дамыту басқармасы*

*Тілдерді оқыту орталығының*

*қазақ тілі оқытушысы*

Ұлттық жазудың реформаторы, түркітанушы, қазақ тіл білімі мен әдебиеттану ғылымдарының негізін салушы ғалым, публицист, педагог, аудармашы, қоғам қайраткері, қазақ интеллигенциясының атасы.

Публицист, әдебиеттанушы, Алаш қозғалысы көсемдерінің бірі Ахмет Байтұрсынұлының мұрасы ерекше. Оның қазақ тіл білімі мен филологиясын дамытуға, реформа жасап, «Байтұрсынұлы» деп аталатын жаңа қазақ әліпбиін жасауға қосқан үлесі өте зор. Ұлт ұстазының жасаған орасан зор еңбегі маңыздылығы мен құндылығы жағынан Еуропаның жетекші ғалымдарының еңбектерінен кем түспейді. Ақын, жазушы Міржақып Дулатов: «Ахмет Байтұрсынұлының ғылыми-педагогикалық еңбегінің нәтижесінде бізде қырғыз (қазақ) әліпбиі, қырғыз тілінің фонетикасы, синтаксисі мен этимологиясы, әдебиет теориясы мен мәдениет тарихы бар» [1] - деген пікірімен толықтай келісеміз. Жазушы сөзіне дәлел, ұлт ұстазы ең алдымен ғылыми айналымға қазақ тіл білі мен қазақ әдебиеттану мәселелеріне сай терминдер мен түрлі категорияларды енгізді. Атап айтсақ: буын, шумақ, ырғақ, ұйқас. Сонымен қатар түрлі поэтикалық троптар: метафора, салыстыру, эпитет, қайталау, антитеза, градация. Ахмет Байтұрсынұлы өзінің «Әдебиет танытқыш» кітабында әдеби жанрлардың ерекшелігін көрсетіп, эпос, лирика, драматургия сияқты ұғымдарды қазақ тіліне аударып, олардың мазмұнына өзіндік түсініктеме берді. Әдебиеттанушы тұңғыш рет қазақ әдебиетін кезеңге бөлуді ұсынып, діни мазмұн-

дағы әдебиетті - діндар дәуірі - оның дамуының алғашқы кезеңі деп атады. Екінші кезең сындар дәуірі - сын дәуір әдебиеті деп атауды жөн көрді. Алғашқы кезеңге: хисса, насихат, мінажат, мақтау, даттау жанрларында жазылған шығармаларды жатқызса, екінші кезеңге: роман, повесть, әңгіме жанрларын жатқызды.

Түркітанушы лирикалық жанрларға ерекше мән беріп, олардың ішіндегі нақтыларын атап көрсетті. Мәселен, саф толғау, марқайыс толғау, намыс толғау, налыс толғау, сұқтаныс толғау. Ғалым-реформатор сатиралық жанрға: мазақ, мысқыл, құлық, сықақ, әзілді жатқызып, қыр-сырына тоқталды. Осының бәріне қоса ол орыс тілінен дәл аударуға болмайтынын, бірақ соларға байланысты құбылыстар ұлттық әдебиетте орын алатын бірқатар терминдерді де сипаттады.

Тілтанушы Ахмет Байтұрсынұлы қазақ тіл білімінде айналып өткен жоқ. Ол араб графикасына негізделген ұлттық жазу - төте жазуды да құрастырушы. Автордың бұл әліпбиі өз кезегінде бүкіл түркі тілдес халықтарға жақсы үлгі болды. Ұлы ұстаз қазақтың тұңғыш әліпбиін құрастыра отырып, қазақ жазуына реформа жүргізіп, зиялы қауымның қолдауына ие болды. Ұстаз қаламынан «Ана тілі анықтамалығы» еңбегі жарық көріп, еңбекке қазақ тілінің грамматикалық және дыбыстық құрылымына алғаш рет ана тілінде ғылыми талдау жасады. Анықтамалықта бүгінгі күнге дейін айтарлықтай өзгеріссіз қолданылып келе жатқан лингвистикалық терминологияның негіздерін атап көрсетті.

Педагог қазақ тілін оқыту әдістемесінің негізін салушы деп айтуымызға ешкім күмән келтіре алмасы хақ. Сөзімізге дәлел ұстаздың қаламынан туған «Қазақ тілі курсының конспектісі», «Грамматиканы оқуға арналған нұсқаулық», «Сөйлеудің дамуы», «Жаңа бастауыш» сынды хрестоматиялар бірнеше рет қайта басылып шықты.



Ұлт ұстазы қазақ тіл білімі мен әдебиеттану, жалпы қазақ ғылымының дамуы жолында өз алдына жүйелі программа қойып, қазақ балаларын, қазақ қоғамын сауатты қылу жолында аянбай еңбек етті. «Дүниеде ешбір тіл өз-өзінен шықпайды. Дүниеде ешбір тілді бір шешен кісі ойлап шығарған жоқ та, шығара алмайды да. Тіл деген нәрсе қалың елдің күндегі тұрмыс қазанында қайнап, пісіп дүниеге келеді. Сонан соң ғана шешендер, «тіл көсемдері» бұл тілді безеп, жолға-жөнге салып, жүйесін айырып естіреді» [2]. Ұлтымыздың тіл көсемі қазақ ғылымын дамыту жолында тіліміздің қайнап жатқан қазанынан керегін алып, саралап, безеп, жөнге, ретке

салып бергенінін айтпай кету мүмкін емес.

Ахмет Байтұрсынұлы қазақтың ағартушысы, тіл мен әдебиетті бір жолға қойып зерттеп, зерделеп берген ғалымы, ақыны, публицисті.

Артына өшпес із қалдырған ұстазымыздың тағылымы ұлтымыздың тағдыры жолында әлі талай еңбек етері хақ. Ұлық тұлғамызды ұлықтау - ұлттық болмысымыздың сусынына қанып ішкен әрбір адамның азаматтық борышы!

#### Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Www. kazpravda. kz «Почему Ахмета Байтурсынова называют Учителем нации».
2. Р. Сыздыкова «Ахмет Байтұрсынов». Алматы - 1990



### ҰЛТ ҒЫЛЫМЫНЫҢ КӨШБАСШЫСЫ

#### *А. Ойылданқызы,*

*Ақтөбе облысының тілдерді*

*дамыту басқармасы*

*Тілдерді оқыту орталығының*

*қазақ тілі оқытушысы*

**А**хмет Байтұрсынұлы - қазақ тілі орфографиясының реформаторы, қазақ грамматикасы және қазақ әдебиеті теориясының негізін қалаушы, бірінші көрнекті лингвист ғалым және ұлттық ғылым жасаушы. Тарихи бейнесі мен арқалаған жүгі, көрген азабы ешбір ғұламаның тұлғасымен салыстыруға келмейтін алыптың бірі болып саналады. Қазақ тарихының ең бір шешуші кезеңдерінде халқын ұлтсыздандыру нөпірінен аман алып шығу үшін өткел болып әбден төселді. Сәкен Сейфуллин баға беріп, Ахмет Байтұрсынұлы туралы былай депті: «... Өзге оқыған мырзалар шен іздеп жүргенде, қорлыққа шыдап, құлдыққа көніп, ұйқы басқан қалың қазақтың ұлт намысын жыртып, ұлттық арын жоқтаған патша заманында жалғыз-ақ Ахмет еді. Қазақтың ол уақыттағы кейбір оқыған-

дары уез, губерния соттарына күш салып, тілмәш болып, кейбірі арын сатып ұлықтық іздеп жүргенде, Ахмет қазақ ұлтына жанын аямай қызмет қылды. Халықтың арын іздеп, өзінің ойға алған ісі үшін бір басын бәйгеге тікті.» «Жастардың оқу-тәрбие жұмысы түзелмей, жұрт ісі түзелмейді» дей отырып, қазақ баласына істеген еңбегі, өнер-білім, саясат жолындағы қажымаған қайраты, біз ұмытсақ та, тарих ұмытпайтын істер болатын. Бірақ зорлықпен, күшпен дегенін болдырып үйренген большевиктер бұл ақиқатты теріске шығаруға, оның есімін де, еңбегін де тарихтан өшіруге тырысып бақты. Оны бар ғұмырын адал қызмет етуге арнаған туған халқына жау етіп көрсетіп, «халық жауы» деген жалалы жамылғыны жауып, атқызды, атын атағандарды қуғынға салды. Бәрібір олар көздеген мақсаттарына жете алмады. Жала – бұлт, шындық – күн екен заманы қайта туып, шындықтың шұғыласы өз нұрын төкті. Ұлтын сүйген ұлтжанды Ахмет Байтұрсынұлы өз халқымен қайта табысты. Ол Шоқан, Абай, Ыбырай қалыптастырған ағартушылық дәстүрлерді, гуманистік, демократиялық бағыттағы өрісті ойларды жалғасты-



рушы ретінде көрінді. Ахмет Байтұрсынұлы қазақ тіл білімін XX ғасырдың бас кезінде қалыптастырып, оның ірге тасын қалады. Қазақтың ұлттық ғылым тілінің, тер минологиялық қорының дамып, қалыптасуының тұтастай бір кезеңі ғалым еңбектерімен, оның ғылыми – педагогикалық, ағартушылық және ғылыми – ұйымдастырушылық қызметімен, қайраткерлігімен тікелей байланысты. Ахмет Байтұрсынұлы қазақ тілін ғылыми негізде, үлкен ғылым саласы ретінде алдымен ұлтымызға, одан соң бүкіл әлемге тілімізді танытты. Сонымен бірге араб графикасына негізделген қазақ жазуының реформаторы болды. Қазақ тіл білімінің алғашқы фоноло-

гы – Ахмет Байтұрсынұлы екенін ғалымның өзі түзген әліпбиінен көруге болады. Оның шығармашылығы XX ғасырдың бас кезіндегі қазақ әдебиетінің даму тарихындағы биік белес болып қала бермек. Қазақ халқының рухани көсемі ғылымның сан – саласын жете меңгерген. Елінің ұлттық санасының оянуы мен азаттығы жолындағы күресте қатыгез тағдырға қайыспай қарсы тұрған Ахмет Байтұрсынұлының шығармашылық мұрасы жылдар көмегімен ілесіп, болашаққа жарық сәулесін төге бермек. Ұлтқа еңбек етудің ғажап үлгісін көрсетіп кеткен ұлт ұстазының әр сөзі, әр қадамы, әр қазаққа үлгі болары сөзсіз.



## АХМЕТ БАЙТҰРСЫНҰЛЫНЫҢ ТУҒАНЫНА – 150 ЖЫЛ

### Ахмет Байтұрсынұлы және мысал жанры

*Г.А. Наурызалина,*

*№4 Алға орта мектебінің*

*қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі*

**Х**Х ғасырдың басында қазақ халқы аса ірі қоғамдық-саяси өзгерістермен қатар ауқымды рухани жаңғыруларды басынан кешірді. Ұлттық мәдениет пен әдебиетті, білім мен ғылымды жұртшылықтың санасына сіңіріп, алға жетелеуге ұмтылған зиялы топ қалыптасты. Халықтың зердесіне сәуле түсіріп, санасын оятқан осы топтың рухани көсемі Ахмет Байтұрсынов еді. Қазақ ауыз әдебиетінің зерттелуі А.Байтұрсынов пен Х.Досмұхамедовтан бастау алғаны баршамызға аян. Аталмыш ғалымдардың ауыз әдебиеті жайлы алғашқы пікір-пайымдаулары кейінгі фольклорист-зерттеушілерге сара жол салды. Осы орайда аталған ғалымдардың назарынан тыс қалмаған мысал жанры да ауыз әдебиетінен бастау алғандығына көз жеткізуге болады. Фольклорды зерттеп, жанрлық жағы сараланған еңбектерде көбінесе мысал жанры қалыс қалғаны белгілі. Мысал жеке түр ретінде қарастырылмаса да, ол жайын-

да азды-көпті пікірлер бар. «Мысал - айтылатын өнегелі ойды тұспалдап жеткізетін, көбіне өлең түрінде келетін сюжетті, шағын көлемді көркем шығарма» деген анықтамаға ие мысалдың түп төркіні хайуанаттар туралы тұспалды мағынасы бар ертегі, қысқа әңгімелер нұсқаларымен жалғасып жатыр. Бұның қаншалықты дәлелді екенін қазақ ғалымдарының осы жанрға байланысты ой-пікірлерімен нақтылай түсейік.

Қазақ әдебиетінің көшбасшысы, ұлы ғалым – Ахмет Байтұрсынов қазақ фольклорын сұрыптап, саралауда мысал жанрын назардан тыс қалдырмай, біраз ой толғап, анықтама береді.

Ғалым жалпы ауыз әдебиетін жұмсалуына қарай екіге бөледі:

- сауықтама
- сарындама

Сарындаманы үшке бөледі:

- салт сөзі;
- ғұрып сөзі;
- қалып сөзі;

Мысалдарды ғалым салт жолымен айтылатын сөздер тобына жатқыза отырып, мынадай анықтама келтіреді: «Адамның ғамалын, мінезін, құлқын жанды, жансыз нәрселер



арқылы салт-санасына сәйкес көрсетіп өнегелеу, мысалдау болады» [1, 37]. Сонымен қатар ғалымның біз үшін маңызды ескертуі де бар: мысалдар көбінесе хайуандар шыққан ертегілерден алынады. Ондай ертегілерде хайуандарға адамша тіл бітіріп, адамша мінездеп, іс еткізіп, түрлі өнеге боларлық сипаттанған. Одан әрі ғалым пікірі келесідей: «Мысалда аңдар, құстар, хайуанаттар, өсімдіктер іс-әрекеті, мінезі арқылы адам бойындағы мінді, кемшілікті тұспалдап, әжуә күлкі етеді... Осындай шағын көлемді, оқиғалы, адамға сабақ болатын тағылымдық шығарманы мысал дейді» [1, 37], - деп түйіндей түседі.

Орыстың ұлы сыншысы В.Г.Белинский бұл жанрды: «Сатираға суғарылған поэзияның нағыз ерекше жанры» десе, академик З.Қабдолов «Мысал адамгершілік мұқтажыңын өтеу мақсатында жанр ретінде әдебиет арнасына тоғысты», - дейді.

Ахмет Байтұрсынұлының сауықтама (барша сауық үшін айтылатын сөздер) деп отырғаны Ш.Ыбыраев еңбегінде салтқа қатысты фольклор деп аталса, сарындама салтқа қатыссыз фольклор, яғни, «жұртта келе жатқан салт сарынмен айтылатын сөздер». Екі ғалым да мысал жанрын соңғы топқа жатқызады. Мысал жайында сөз қозғау барысында жанрдың шығу тегі қандай?, қалай қалыптасқан?, қайдан бастау алады? деген сұрақтар туады. Ахмет Байтұрсынұлының бұл орайда: «Арнайы әдебиеттегі мысалдар былай шыққан: «... алғашқы адамдар басқа мақұлықтардан ұзап жарымаған. Олар түрлі табиғат, түрлі тәсілмен тіршілік ететіндерін көріп, олар да адамша ойлайды, сөйлеседі, кеңеседі, бірін бірі аңдиды, арбайды деп білген... Сондықтан адамның ісін әңгіме қылған сияқты, олардың да істерін әңгіме қылған. Одан хайуандар турасындағы ертегілер шыққан. Онан бері келе, хайуандар тіршілік еткенмен нақ адамша ойласып, сөйлесіп, кеңес етпейтіндігіне көз жеткендігінен кейін мақұлықтар турасындағы ертегілер өтірікке саналып, бірте-бірте жоғалып, тек мысалдар қалған» [1, 40], - деген тұжырымын негізге аламыз. Мысалы: «Сырттандар» ертегісінде адамға жерік болған жалмауыз қасқыр біреудің жалғыз баласын аңдиды. Баланың әке-шешесі, ауыл аймағы қатты сасады. Сол кезде бала өзімен бір күнде туған тұлпарына мініп, қасқырдан

қаша жөнеледі. «Құтқарам» деп тұлпар тартады. «Қайтсе де жеймін», - деп жалмауыз қасқыр қуады. Осы тұста адамның досы тұлпар мен қасқырдың сырттаны жарысқа түседі. Сол жерде иттің сырттандары қасқырға қарсы ұмтылады, қасқырды өлтіреді [6, 26]. Мұнда жалмауыз қасқыр адам баласына қастық ойлаушы мол жауыздықтың бейнесінде алынса, ит пен жылқы жақсы жақтарынан дәріптеледі.

Кейінгі заманда шығарылған халық ертегілерінде хайуанаттар бұрынғы керемет бейнесінде алынбай, жаңа кейіпте, реалистік болмысқа байланысты алынады. Осы ретте хайуанаттар жайы екі түрде алынып, қазақ ертегілеріне қосылады. Онда хайуанаттардың бір тобы (төрт түлік мал, үй хайуанаттары) шаруашылыққа келтіретін пайдасы, атқаратын қызметімен суреттеледі. Хайуанаттардың екінші тобы (жыртқыш аңдар) адам баласына жасаған жауыздығы, қаскүнемдігімен бейнеленеді. Бұл соңғысы уақыт өте келе халықтық сатираға айналып, сол арқылы қоғамдық жайлар, үстемдік еткен қауымның жағымсыз қылықтары әңгімеленеді. Бұлар халықтың ащы мысқылы, келеке-күлкісі түрінде келіп, таптық тартыс, күрес жайы сөз болады. Мұны біз «Алтын сақа», «Бозінген», «Жақсылық пен жамандық» т.б. ертегілерден көре аламыз. Сонымен қатар, «Қотыр торғай» ертегісінде кекшілдікті, бірбеткейлікті, араға іріткі салуды меңзесе, «Мақта қыз бен мысық» ертегісінің жасөспірімдерге беретін тағылымы мол. Шынында да мысал жанры қазақ халқының ойлау өрісінің дамуымен, сана эволюциясымен тығыз байланысты айналадағы тіршілік иелерін танып білумен қатар, олардың айрықша қасиеттерін айқындап, адамды бейнелеудегі олардың түрлі мінезін әрқилы іс-қылықтарын тұспалдап көрсетуде шебер пайдалана білген. Әрқашан сөзге ұста қазақ халқы осы мәндегі астарлы әңгіме туғызып, оған «мысал» деп айдар таққан екен.

#### **Пайдаланған әдебиеттер:**

- Байтұрсынұлы А. Ақ жол. А., 1991. 36-б.
- Қабдолов З. Сөз өнері. А., 2002. 312-б.
- Радциг Көне грек әдебиетінің тарихы. М. 1963. 340-б.
- Иманғазин М.М. Антика әдебиеті. Т., 2006. 253-б.
- Ыбыраев Ш. Эпос әлемі. А., 1993. 422-б.
- Қаскабасов С. Қазақ халық прозасы. А., 1972. 107-б.



## ТІЛ ҮЙРЕТУ ӘДІСТЕМЕСІ



### ЖАҢАРТЫЛҒАН БІЛІМ БЕРУ – ЗАМАН ТАЛАБЫ

**Ж.А. Исатаева,**

*Ақтөбе облыстық ғылыми-тәжірибелік орталығы директорының орынбасары*

**Т**әуелсіз елдің негізгі тірегі - білімді ұрпақ. Қазіргі таңда білімдінің алға түсіп, бәйгеден озып келетін заманы енді туды. Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты бағдарламалық мақаласында «Біздің тәрбие жұмыстарының негізгі мақсаты: рухани дүниесі бай, денсаулығы мықты, азаматтылығы гуманизммен ұштасқан, инновациялық, әлеуметтік -мәдени өзгерістерге қабілетті ХХІ ғасырға лайықты, тұлғаның патриоттық сана-сезімін қалыптастыру мен дамытуға жағдайлар жасау.

Тәуелсіздік жылдарында еліміз екі процесті – саяси реформа мен экономикалық жаңғыруды қатар жүргізіп, белгілі бір нәтижеге жетті, қазіргі уақытта жаңа тарихи кезеңге – Рухани жаңғыру кезеңіне аяқ басты. Рухани жаңғыру бізден ұлттық санамызды қалыптап, бәсекеге қабілетті болып, кез-келген мәселеге прагматистік тұрғыдан келуді, жалпы алғанда ұлттық бірегейлігімізді сақтай отырып дамуымызды талап етеді. Рухани жаңғырудың ең басты шарты – «білімді, көзі ашық, көкірегі ояу болуға ұмтылу» Өйткені, ҚР Тұңғыш Президенті «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты Бағдарламалық мақаласында атап көрсеткендей, «табысты болудың ең іргелі басты факторы білім екенін әрқайсысымыз терең түсінуіміз керек... Себебі, құндылықтар жүйесінде білімді бәрінен биік қоятын ұлт қана табысқа жетеді». Бұл жерде әңгіме еліміздің болашағы туралы. Оның ертеңі – жас ұрпақтың қолында. Бүгінгі жас ұрпақ, болашақ маман Қазақстан Республикасы «Білім туралы» Заңының 8-бабында көрсетілген міндеттер бойынша:

«Ұлттық және жалпы адамзаттық құндылықтарды игеріп, ғылым мен практика жетістіктеріне негізделген білім алулары керек». Ендеше, біздің ұстаздарымыз оқытудың жаңа технологияларын енгізіп, білім беруді ақпараттандырып, халықаралық ғаламдық коммуникациялық желілерге шығу арқылы оқытуды сауатты, сапалы жүзеге асырып, мамандардың кәсіби құзіреттілігін қалыптастырғанда ғана қоғамымыздың дамуына елеулі үлес қоса алады. Бұл істердің барлығын жүзеге асыратын еліміздің ұстаздар қауымы. Ендеше, бүгінгі ұстаздар қауымына қойылатын талап та жоғары болмақ. Олар жан-жақты, әлемдегі жаңалықтардан мағлұматы бар, үнемі шығармашылық ізденістегі, кәсіби біліктілігін шындайтын жеке көзқарасы бар, соны қорғай білетін жігерлі тұлға, зерттеушілік қабілеті бар, білімді де білікті, көп оқитын, көп тоқитын, білімін күнделікті ісіне шебер қолдана білетін, өзінің оқушысын өз бетінше білім алуға баулитын кәсіби маман иесі болуы керек. Бұл өмір талабы. Ұстазда ұйымдастырушылық, құрылымдылық, бейімділік, сараптамалық қабілеттердің де болуы шарт.

Жаңартылған білім берудің маңыздылығы – оқушы тұлғасының үйлесімді қолайлы білім беру ортасын құра отырып сын тұрғысынан ойлау, зерттеу жұмыстарын жүргізу, тәжірибе жасау, АКТ – ны қолдану, коммуникативті қарымқатынасқа түсу, жеке, жұппен, топта жұмыс жасай білу, функционалды сауаттылықты, шығармашылықты қолдана білуді және оны тиімді жүзеге асыру үшін қажетті тиімді оқыту әдіс-тәсілдерді курс барысында ұғындық. Жаңартылған білім беру бағдарламасының ерекшелігі спиральді қағидатпен берілуі. Спиральділік қағидаты бойынша құрылған оқу бағдарламасы Джером Брунердің «Білім беру үдерісі» (1960) атты еңбегінде қарастырылған танымдық теорияға негізделеді. Оған



оқу мақсаттарын зерделей отырып тапсырмаларды, сабақтарды құрастыру барысында көз жеткіздік. Бағалау жүйесі де түбегейлі өзгеріске ұшырап, критериялды бағалау жүйесіне өтеді. Критериялды бағалау кезінде оқушылардың үлгерімі алдын ала белгіленген критерийлердің нақты жиынтығымен өлшенеді. Оқушылардың пән бойынша үлгерімі екі тәсілмен бағаланады: қалыптастырушы бағалау және жиынтық бағалау. Баланың жан-жақты ізденуіне ынталандырады. Бұл бағалау жүйесінің артықшылығы, баланың ойлау қабілетін дамытып, ғылыммен айналасуға ықыласын туғызады. Кеңестік заманнан қалған бес балдық бағалау жүйесі жойылды. Қалыптастырушы бағалау күнделікті оқыту мен оқу үрдісінің ажырамас бөлігі болып табылады және тоқсан бойы жүйелі түрде өткізіледі. Қалыптастырушы бағалау үздіксіз жүргізіле отырып, оқушылар мен мұғалім арасындағы кері байланысты қамтамасыз етеді және балл немесе баға қоймастан оқу үрдісін түзетіп отыруға мүмкіндік береді. Жиынтық бағалау оқу бағдарламасының бөлімдерін (ортақ тақырыптарын және белгілі бір) оқу кезеңін (тоқсан, оқу жылы, орта білім деңгейі) аяқтаған оқушының үлгерімі туралы ақпарат алу мақсатында балл және баға қою арқылы өткізіледі. Қалыптастырушы бағалау және жиынтық бағалау барлық пәндер бойынша қолданылады. Критериялды бағалау жүйесі Филиппин, Сингапур, Жапония, Франция, Финляндия сынды дамыған елдерде пайдаланылады. Кіріктірілген білім беру бағдарламасында қазақ тілі пәнінің берілу жайы да өзгеше. Бағдарлама оқушының төрт тілдік дағдысын: тыңдалым, айтылым, оқылым, жазылымды жетілдіруге бағытталған. Бұл төрт дағды оқу жоспарында «Шиыршық әдісімен» орналастырылған және бір-бірімен тығыз байланысты. Айталық, қарапайымнан күрделіге қарай шиыршық бойымен дамып, өрлей түскені жай ауызекі тілде ғана ойын жеткізуден, күрделі мәтіндер құра білу дағдылары шыңдалып, тілдік құзыреттіліктері шыңдала түседі. Бүкіл әлемде білім беру жүйелерінің келешек ұрпаққа қандай білім беретіні туралы мәселе қайта қаралуда. Осы мәселе аясында «Ба-

лалар ХХІ ғасырда табысты болу үшін нені оқыту керек?» және «Оқытудың тиімді әдістері қандай?» деген сияқты негізгі сауалдар туындайды. Бұл сауалдар оқу бағдарламасымен және оқу бағдарламасын жүзеге асыруда пайдаланылатын педагогикалық әдістемелермен тығыз байланысты. Қарқынды жаһандану, сондай-ақ, ұлттық экономикаға да ықпал етуде және қазіргі уақытта экономикалық дамуды қамтамасыз етуге бағытталған халықаралық бәсекелестік артты. Білім беру жүйесін жаңартуға арналған бұл экономикалық дәлелдерге қоса, қазіргі жиырма бірінші ғасырда басқа да негіздер бар: байланысқа бейімділікті арттыру, әлеуметтік өзгерістер, ауа райының өзгеруімен байланысты мәселелер, бүкіл әлемдегі халықтың қарқынды өсуі, заманауи әлеммен өзара табысты байланысу үшін қажетті және келешек күннің әлемімен өзара байланысу үшін қажетті дағдыларды қазіргі таңдағы мектеп жасөспірімдері талап ететін шектеулі ресурстарға деген сұраныстың өсуі. Сондықтан оларға заманауи бағдарламалар мен оқыту әдістемелерін, білікті мамандар ұсыну маңызды. Орта білім жүйесінде жалпы білім беретін мектептерді Назарбаев зияткерлік мектептеріндегі оқыту деңгейіне жеткізу керек. Мектеп бітіруші түлектері қазақ, орыс және ағылшын тілдерін білуге тиіс. Оларды оқыту нәтижесі оқушылардың сындарлы ойлау, өзіндік ізденіс пен ақпаратты терең талдау машығын игеру болуға тиіс» деп атап көрсеткеніндей, қазіргі таңда елімізде жаппай білім беру мазмұны жаңартылуда. Жаңартылған бағдарлама бойынша әлемдік білім беру жүйесі бәсекеге қабілеттілікке қарай білім алушыны баулу, қоғамнан өз орнын таба білетіндей сапалы маман болуына бағытталынған. Ал осы уақытқа дейін біздің елімізде жалпы білім беретін мектептерде білім алушылар күтілетін нәтижеге көз жеткізбей, түрлі әсер етуші факторлар ықпалымен мамандық таңдап, ақыр соңында сол оқыған мамандықтары бойынша жұмысқа тартыла алмай отырғаны бәрімізге белгілі. Орта білім мазмұнын жаңарту аясында әзірленген оқу бағдарламалары оқушылардың бір сыныптан екінші сыныпқа өтуі кезінде білімі мен дағдыла-



ры қайталанып тексеріліп отыратын спиральділік қағидаты бойынша құрылған оқу бағдарламасы моделіне негізделген. Оқу үдерісінің алға ілгерілеуі айқан көрінуі үшін, оқу мақсаттары өзара тоғысқан бөліктер мен бағыттарға біріктірілген. Айталық, қарапайымнан күрделіге қарай шиыршық бойымен өрлей түскені жай эссе жазудан әңгіме тіпті повесть жаза алатындай дағдыға ие болып, тілдік құзыреттіліктері шыңдала түседі. Мұғалімдердің пайдаланатын оқыту әдісі оқушыларды оқытудың ең жоғары стандарттарын қамтамасыз ету үшін маңызды. Осы орайда жаңа бағдарламаны меңгеру барысында ерекше есте қалған мына әдістемелер сабақтың тиімді өтуіне, оқушы бойында қажетті 4 дағдыны (тыңдалым, айтылым, жазылым, оқылым) қалыптастыруға ықпал ететіні сөзсіз: «Қабырғадағы роль», «Ыстық орындық», «Пікірлер сызығы», «Саналылық аллеясы», «5 сұрақ, 5 жауап», «5 қадам», «Драма әдісі», «Маңыздылық аймағы», графикалық органайзерлер – «Дара диаграмма», «Қос диаграмма», «Оқиға тауы», «Хикая картасы», «Стоп кадр» т.б. Мұғалімдер пайдаланатын әдіс оқудың тиімділігіне елеулі әсерін тигізеді. Критериалды бағалау екіге бөлінеді: қалыптастырушы және жиынтық.

Қалыптастырушы бағалау оқу үдерісінің ажырамас бір бөлігі болып табылады, тоқсан барысында мұғалім тарапынан жүйелі өткізіліп отырады. Күнделікті тәжірибеде білім алушылардың ілгерілеуін, меңгеру деңгейін өлшеу үшін қалыптастырушы бағалаудың түрлі әдістерін қолдануға болады: «Екі жұлдыз, бір ұсыныс», «Бағдаршам», «Бір минуттық эссе», викториналар, сұрақтар т.б. Жиынтық бағалау белгілі бір кезеңде оқу бағдарламасы мазмұнын меңгеру деңгейін анықтауға, тіркеуге мүмкіндік береді. Жаңартылған білім беру бағдарламасының ерекшелігі – спиральді қағидатпен берілуі. Спиральді қағидат бойынша құрылған білім беру бағдарламасы Джером Брунердің «Білім беру үдерісі» атты еңбегін де қарастырылған. Брунердің жұмысына негізделген спиральді білім беру бағдарламасының ерекше сипаттары: оқушы мектепте оқыған кезде тақырыпты немесе пәнді бірнеше рет

қайталап оқиды; әрбір қайталап оқыған сайын оның күрделілігі арта түседі; жаңа білім алдыңғы біліммен тығыз байланысты және бұған дейін алынған ақпарат тұрғысынан қарастырылады. Әр пәннің өзінің жеке сөйлеу стилі бар, оны нақты пәннің «академиялық тілі» деп атауға болады. Тілдік мақсаттар академиялық тілді үйрену үшін маңызды құрал болып табылады. Оқушылардың өздерінен қандай нәтиже күт ілетінін түсінуі тілдік мақсаттардың анық құрылуына байланысты. Сондай-ақ, тілдік мақсаттар мұғалімдер мен оқушылардың оқуға деген ынтасын арттырып, қолдауына көмектеседі. Пән мұғалімдері оқушылардың пән мазмұнын меңгеріп, академиялық тілді дамытуына қолдау көрсетеді. Оқушы жетістігін нақты бағалау – білім беру жүйесіндегі өзекті мәселелердің бірі. «Мұғалім көп әдісті білуге тырысуы керек. Оны өзіне сүйеніш, қолғабыс нәрсе есебінде қолдануы керек», -деп Ахмет Байтұрсынов айтқандай, қазіргі заман талабына сай білім беру мәселесі сол қоғам мүддесіне сай болуы керек. Өз ісінің шебері ғана жоғары жетістіктерге жетеді.

Қорытындылай келе, жоғарыда келтірілген тұжырым Қазақстанда білім беру саласына өзгеріс қажет екенін анық көрсетеді. Технология, коммуникация мен ғылым салалардағы мұндай елеулі өзгерістер әлемдік экономикаға айтарлықтай ықпал ете отырып, 21 ғасырда табысты болу үшін әрбір азаматқа қажетті білім мен дағдыларды алға тартады. Білім беру бағдарламасының мазмұны, педагогикалық тәсілдер және бағалау тәсілдері бір мақсатқа жұмылдырылуы тиіс. бұл жаңартылған білім беру бағдарламасы бойынша менің көкейге түйгенім: алдымызға бір мақсат қоя отырып, сол мақсатқа жету жолында шәкірттердің жүрегіне жол тауып, әрекеттендіре білу шеберлігіне жетсек, егемен елдің ұл-қыздары білімді де білікті болып шықпақ. Соның арқасында біз бәсекеге қабілетті, іргесі мықты ел боламыз. Қазіргі білім беру жүйесінің мақсаты - бәсекеге қабілетті маман дайындау. Мектеп – үйрететін орта, оның жүрегі - мұғалім. Ізденімпаз мұғалімнің шығармашылығындағы ерекше тұс - оның сабақты түрлендіріп, тұлғаның жүрегіне жол таба білуі. Ұстаз атана білу, оны





қадір тұту, кастерлеу, арындай таза ұстау - әр мұғалімнің борышы. Ол өз кәсібін, өз пәнін, барлық шәкіртін, мектебін шексіз сүйетін адам. Ұстаздықтың ұлы жолында өзінің бар күш жігерімді салып, еліме пайдамды тигізіп жатсам, бұл ғаламда одан артық бақыт жоқ деп ойлаймын.

### Қолданылған әдебиеттер

1. [http://www.akorda.kz/kz/events/akorda\\_news/press\\_conferences/memleket-basshysynyn-bolashakka-bagdaruhani-zhangyutu-atty-makalasy](http://www.akorda.kz/kz/events/akorda_news/press_conferences/memleket-basshysynyn-bolashakka-bagdaruhani-zhangyutu-atty-makalasy) «рухани жаңғыру» Елбасының халыққа жолдауы
2. Ишанғалиева А.М. Құзыреттілік – білім мен мүмкіндіктің бірігуі // Шетел тілін оқыту әдістемесі. – № 2. – 34-б.
3. Бабаев С., Қазиева К. Педагогикалық инновациялар мен педагогикалық озат технологиялар – талапшан

мұғалім еншісі // Бастауыш мектеп. – 2011. – № 4. – 25-б.

4. Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың «Әлеуметтік-экономикалық жаңғырту – Қазақстан дамуының басты бағыты» атты халыққа жолдауы // Егемен Қазақстан., 2012. – № 41–42 (27114). – 28 қант.

5. Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы // Қазақстан мұғалімі. – 1999. – 23 шілде. – 2–5-б.

6. Полат Е.С. Интернет на уроках иностранного языка // Иностранные языки в школе. – 2001. – № 3.

7. Государственная программа развития образования в Республике Казахстан на 2011-2020 годы / [www.edu.gov.kz/ru/zakonodatelstvo](http://www.edu.gov.kz/ru/zakonodatelstvo)

8. Об особенностях преподавания основ наук в общеобразовательных организациях (в том числе, реализующих инклюзивное образование) Республики Казахстан в 2014-2015 учебном году. Инструктивно-методическое письмо. – Астана: НАО им. И. Алтынсарина, 2014. – 181 с. [http://www.edu.gov.kz/sites/default/files/mon\\_rk\\_imp\\_2014-2015\\_gg\\_rus\\_.doc](http://www.edu.gov.kz/sites/default/files/mon_rk_imp_2014-2015_gg_rus_.doc)



## БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫ БОЙЫНА КӨРКЕМ ЖАЗУ ДАҒДЫСЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУ

*Н.С. Абдигалиева,*

*№47 ЖББОМ бастауыш сынып мұғалімі*

**Б**үгінгі таңда мектептегі оқыту әліппеден бастау алатыны белгілі. Әліппені оқушыға оқыта отырып, хат танытамыз. Яғни, жазу мен оқуды қатар үйретеміз. Енді ғана қалам ұстап, сауаттануға көшкен бірінші сынып оқушыларын біліммен сусындату үшін тер төгеміз. Бастауыш сыныпта оқушыларды толыққанды сауаттандыру – аса жауапты да күрделі, төзімділікті талап ететін жұмыс. Күнделікті сабақ барысында оқу мен санауды, есептеуді, жазуды тек үйретіп қоймаймыз. Сонымен қатар дыбысты әріппен таңбалай білуді, каллиграфиялық талапқа сай әдемі жаздыруға дағдыландыру аса маңызды. Оқушыға әріпті жаза білуге үйрету сәтінде оның әрбір элементін дұрыс жазуға, дәптерге қалай болса солай жаздырмай, оңға қарай біркелкі көлбеу анық әрі таза жазуға машықтандыру керек. Осы талаптарды орындатқан кезде ғана оқушының бойында көркем жазу дағдысы (каллиграфия) қалыптасады.

Түсіне білген адамға әдемі жазу да – өнер. Егер оқушының жазуы дәптерде таза, анық әрі әдемі болса, ол жұмысты оқу да жеңіл, берілген ойды түсіну де оңай. Мұғалімдер көркем жазуға оқушыны үйрете отырып, оның бойында жақсы қасиеттердің бірі – ұқыптылықты қалыптастырады. Бастауыш сынып оқушыларына алғаш қалам ұстатқан күннен бастап, әріпті дұрыс әрі әдемі жазуына аса көңіл бөліп, өз ісіне салақ қарамауына, жауапкершілікті сезінбеуіне жол бермеу керек.

Әрбір оқушыдан таза, әдемі жазуды талап ету – мұғалімнің міндеті. Әдемі жазуға тәрбиелей отырып, оларды еңбексүйгіштікке, әсемдікке тәрбиелейміз. Көркем жазу сабақтарын жүргізу барысында оқушылардың жеке басына және мектепке қойылатын гигиеналық талаптар бар. Мысалы: тақта мен парта арасындағы қашықтықтың сақталуы, жарықтың дұрыс түсуі, партаның оқушы бойына сәйкес болуы, оның жазу кезіндегі қоллайлылығы, оқушының партаға дұрыс отыра білуі, дәптер мен көру арақашықтығын сақтауын ескеру қажет. Жазу процесі кезінде оқушы дұрыс отырып, дәптерін партаға ор-



наластырып, қаламын дұрыс ұстағаны жөн. Сол қолмен дәптерді басып отырды. Көз бен дәптер арасы 30-35 см болуы шарт. Жазу ұзақтығы әр сыныпта әртүрлі. Оқушының жас ерекшелігіне сай жасалған жазу ұзақтығы нормасынан асырып жұмыстандыруға болмайды. Оқу процесінде ұзақ жазу жұмысы баланы жалықтырып шаршатады. Көркем жазуды меңгерту сабақтарында сергіту жаттығуларын ұйымдастыру да мұғалімнің шеберлігін байқатады. Бес саусақ бірдей емес. Әрбір оқушының жазуы әртүрлі болады. Біреуі өте жақсы жазатын болса, біреулері нашар жазуы мүмкін. Нашар жазатын оқушыларға мұғалім жеке жұмыс жүргізсе, игі іс болар еді.

Каллиграфиялық жазуды қалыптастырудың негізгі әдістері:

1. Мұғалім жазу үлгісін өзі тақтаға қайта-қайта жазып көрсетуі тиіс.

2. **Ауада жазу.** Мұғалім әріпті ауада жа-

зып көрсетеді. Оқушы қолдың қозғалысынан әріптің дұрыс формасын ұғады. Бұл әдіс оқу процесін жандандырады.

3. **Көшірмесін түсір әдісі.** Көшіріп жазу әдісі бойынша мұғалім дәптерге қарындашпен жазады немесе әріп таңбаларын нүктемен белгілейді. Ал оқушы оның үстінен басып жазады.

4. **Дайын үлгіден көшіру әдісі.** Оқушы өз жазғанын мұғалімнің жазғанымен салыстырады.

5. **Әріпке анализ жасау әдісі.** Мысалы: а әрпі бір дөңгелектен және ілмешектен тұрады.

Көркем жазу емлесі біз үшін, болашақ жастар үшін ешқашан қалыс қалмауы керек. Қалыптасқан көркем жазу сауаттылығын ұмытпай, сауаттылықтың нышаны деп баға берген дұрыс деп ойлаймын.

#### **Пайдаланған әдебиеттер тізімі:**

1. Бастауыш мектеп журналы №12 2010 ж.
2. Ғаламтор ресурстары



## **ЖАҢАРТЫЛҒАН БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫН БАСТАУЫШ СЫНЫПТА ОҚЫТУ ЕРЕШЕЛІКТЕРІ**

**Н.Б. Айтжанова,**

*№76 Жалпы білім беретін орта мектебінің  
бастауыш сынып мұғалімі*

**К**азіргі таңда білім беру жүйесінде жаңарулар, жаңартылған білім беру бағдарламасы бойынша жаңа жұмыс бастау алды. Бұл бағдарламаның мен үшін ерекшелігі ең алдымен жастардың мәдени, эмоционалды, зияткерлік, әлеуметтік және рухани жағынан даму мүмкіндігін қамтамасыз етуге бағытталғаны жүрекке қуаныш ұялатады.

Жаңартылған білім беру бағдарламасының мақсаты кең ауқымды дағдылардың негіздерін меңгерген оқушы тұлғасының үйлесімді қалыптасып дамуына қолайлы білім беру ортасын құру жөнінде атап айтатын болсақ:

- Білімді функционалдықыпен, шығармашылықпен қолдану;

- Сын тұрғысынан ойлау;  
- Зерттеу жұмысын жүргізу;  
- Ақпараттық-коммуникациялық технологияларды қолдану;

- Коммуникативті қарым-қатынас тәсілдерін, оның ішінде тілдік дағдыларды пайдалану;

- Топпен және жеке жұмыс жаса білу.

Бастауыш сынып пәндеріне арналған оқу бағдарламасында оқу мақсаттары оқушылардан шынайы проблемаларды анықтап, зерттей білуді талап етеді. Сонымен қатар бұл бағдарламада педагогиканың түрлі аспектілері қарастырылған. Педагогиканың барлық аспектілері сындарлы оқыту теориясымен жүзеге асады десем қателеспейміз. Сындарлы оқыту тәсілдері оқушылардың алдыңғы алған білімдерін ұштастырып, жаңа білім алуы туралы тұжырымдамаға негізделген. Ең ерекшелігі, оқушылардың алдыңғы алған білімдері жаңа білімді меңгеруге ықпалын тигізеді. Жаңартылған оқу



бағдарламасының негізгі ерекшеліктері:

- Пән мазмұнының спиралді қағидатпен берілуі;

- Блум таксономиясы бойынша оқу мақсаттарының иерархиясы;

- Бір білім аясындағы және пәнаралық байланыстарды жүзеге асыру мақсатында «ортақ тақырыптардың» берілуі;

- Оқу үдерісін ұзақ мерзімді, орта мерзімді және қысқа мерзімді жоспарлар арқылы ұйымдастыру;

- Оқытудың тәрбиелік әлеуетін арттыру, оқушының адамгершілік-рухани қасиеттерін қалыптастыру;

- Білім беру деңгейлері аралығында пән бойынша сабақтастықты ескеруге мүмкіндік беретін толық оқу курсы бойынша педагогикалық мақсат қою;

- Бөлімдердің мазмұны мен ұсынылған тақырыптарды уақыт талабына сәйкес келуі, әлеуметтік дағдыларды қалыптастыруға назар аударылуы;

- Оқытудағы жүйелі-әрекеттік ұстаным (оқушының білім алу үдерісіне белсенді қатысу).

Бастауыш сыныптың білім беру бағдарламасы спираль тәріздес құрылымға негізделген. Оқушылар бастауыш сыныпта оқу бағдарламасы аясында игерілетін негізгі дағдыларға қайта-қайта оралып отырады. Мысалы: оқу бағдарламаларының кейбір оқу мақсаттары оқушылардың шынайы өмірде кездесетін проблемаларды анықтап, оларды

зерттеуін талап етеді. Оқушылардың сыныптан сыныпқа көшіп жоғарлауына байланысты проблемалар күрделене түседі.

Жаңартылған білім беру бағдарламасы оқыту мен оқуға сындарлы көзқарасты қолдайды. Бұл бағдарлама оқушыларды мұғаліммен диалог жүргізуге ынталандырады. Мұғалім сабақ барысында оқушыларға сабақты тыңдап отыра беретіндей емес, тақырып туралы нақты ойлана алатындай етіп, белсенді өткізуі тиіс. Сондай-ақ мұғалім оқушыларға сұрақ әзірлеген кезде оның оқушыдан алатын жауабы тағы да жаңа сұрақ тудыратындай болғаны жөн. Егер мұғалім қойған сұрақ жалаң болса, оқушының жауабында да салмақ болмауы мүмкін.

Қорытындылай келе, жаңартылған білім беру бағдарламасының мұғалім үшін үйренері әлі көп, міндеті ауыр болғанымен, мақсаты айқын бағдарлама. Сондықтан айқын мақсаттар мен нәтижелі жетістіктерге жете берейік!

#### Пайдаланған әдебиеттер тізімі:

1. Қазақстан Республикасында орта білім мазмұнын жаңарту шеңберінде қазақ тілін оқытатын мектептердегі бастауыш сынып пәндері бойынша педагогика кадрларының біліктілігін арттыру курсының білім беру бағдарламасы МАН /Екінші басылым/2015 ж.

2. Қазақстан Республикасында білім беруді жәнғылымды дамытудың 2016-2019 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы

3. Ғаламтор ресурстары



## ҚАЗАҚ ТІЛІ САБАҒЫНДА «МИҒА ШАБУЫЛ» ӘДІСІН ҚОЛДАНУДЫҢ ЖАҢАШЫЛДЫҒЫ

**Г.К. Анафияева,**

*Алға ауданы,*

*Бестамақ орта мектебінің,*

*қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі*

**Ж**аңа идеяларды әр сабақта жан-жақты қолданып, жаңаша оқытудың тиімді жолдарын тауып, жүйелі түрде пайдалану – қазіргі заманның

талабы. Көп жаңалықтарды іздеп, көңілге түйіп, мәселелер төңірегінде жұмыстану - әр ұстаздың негізгі міндетіне айналды. Бүгінгі таңда ұстаздар қауымы өз сабақтарында мейлінше жаңаша әдістерді пайдалана отырып, жан-жақты ізденіп, сабақтарын қызықты, нәтижелі өткізуге тырысуда. Күнделікті сабақтардың жоғарғы деңгейде өтуінің алғы шарты оның қағидаларында, яғни, стратегияларында болып отыр.



Стратегия дегеніміз – философия, әдіс-темелік ұстаным. Мұғалім кез келген стратегияның қыр-сырын, әдіс-тәсілін жетік білуі қажет. Сонда ғана сабақ нәтижелі болады. Қазіргі кезде қолданылып жүрген стратегиялардың жүзге жуық түрі бар. Сол әдіс-тәсілдердің тиімдісін және пайдалысын мұғалімдер өз еркімен таңдайды. Осындай әдіс-тәсілдердің арасынан көңілімінен шыққаны әлемдік озық идеялар негізінде жасалынған жобалардың бірі – «Миға шабуыл» әдісі.

«Миға шабуыл» әдісін 1941 жылы А. Ф. Осборн ұсынды. Алғашқы кезде жарнамалық бизнесте қолданылған бұл әдісті адамның шығармашылық ойлауына қозғау салу мақсатында көздеген болатын. Миға шабуыл – топ мүшелерінің белгілі бір тақырып бойынша белсенді жұмыс істей отырып, соған қатысты айтылған идеяларды өз ішінде талқылап, ортақ келісімге келгендерін негіздеп жазып ұсыну әрекеті. Бұл әрекет мұғалім тарапынан нақты белгіленген уақыт көлемінде орындалуы шарт. Бұл әдістің негізгі міндеттері – мүмкіндігінше көп идеяларды жинақтау, ғылыми немесе оқуға қатысты мәселелерді шешу, шығармашылық ойды дамыту, ынтымақтастықты дамыту.

«Миға шабуыл» әдісінің кезеңдері:

- Мақсатты анықтау (мысалы: белгілі бір мәселені шешу) ;

- Қатысушыларды өз идеяларын айтуға үндеу (көпшілікпен жұмыс жағдайында әр қатысушы кезекпен бір идеядан ұсынуы керек, ал топтық жұмыста әр топтан бірнеше идея қатар ұсынылады) ;

- Әрбір идеяны тақтаға жазып отыру;

- Басқалардың идеяларын жетілдіру мақсатында қолдану;

- Идеялардың бірін-бірі қайталамайтын-дай анық әрі дұрыс құрастырылуын, қайталанбауын қадағалау;

- Идеяларды жіктеп, жинақтап топтастыру.

«Миға шабуыл» әдісін қолдану ережелеріне тоқталатын болсам, миға шабуыл барысында идеяларды сынамайды, бағаламайды, талқыламайды және қорғамайды. Топ ішіндегі жұмыс барысында бұл идеяның керемет екенін ғана айта аласыз, ал жеке дара жұмыс жасағанда өз-өзіңізге тым сыни көзбен қарамаңыз. Топ мүшелері мейлі ол қандай болсын,

әйтеуір ойларына түскен кез келген идеялардың, шешімдердің, мысалдардың барлығын ортаға тастауы қажет. Әрбір идея толық айтылуы тиіс. Келесі кезеңде жаңа идеяларды ойлап тапқанша, айтылғандарды ой елегінен өткізіп, ішінен ең ақылға сыйымдысын таңдау оңай болады. Бұл кезеңде идеялардың сапасынан гөрі санының көп болуына назар аударылады. Идеялар саны көп болған сайын олардың ішінен кейбіреулерінің оңды жауап болатынына сенімділік те арта түседі. Егер жеке дара жұмыс жасаған болсаңыз, өз ой-пікірлеріңізді қағазға түртіп жазып отырыңыз. Осы сәтте айтылғандардың ішінен өзге жаңа идеяларды ажыратып алуға болады. Оларға түсінік беру мен түзетулер енгізу үшін де шығармашылық шабыт қажет. Топ мүшелерінің белсенділері идеяларды жетілдіруге, басқа нұсқаларын ұсынуға құқылы. Сондықтан қолыңызда бар идеяларды тағы бір қарау артық болмайды, керісінше бір жаңа идеялардың тууына себеп болады.

«Миға шабуыл» әдісінің артықшылықтары – уақытты үнемдейміз, топпен жұмыс істеу барысында қатысушылар арасында ынтымақтастық, сыйластық қасиеттерді жақсы дамытамыз. Сондай – ақ оқушы өз ойын еркін түрде жеткізеді. «Миға шабуыл» әдісін кез келген пәнге қолдануға болады. Қиын тақырыптарды оңай меңгеруге көмектеседі. Білім алушылардың ізденушілік және шығармашылық қасиеттерін дамытады. Сабағымда «Миға шабуыл» әдісін жиі қолданамын. Себебі бұл әдіс үй тапсырмасын сұрау кезінде де, жаңа сабақты түсіндіру барысында да, сабақты бекіту, қорытындылау және рефлексия кезінде де тиімді.

Қорыта айтқанда, оқыту үдерісінің нәтижелі болуы – мұғалімнің сабақ беру шеберлігіне, сабағын қызықты жүргізуіне және әдіс-тәсілдерді тиімді қолдана білуіне байланысты. Жаңа әдіс-тәсілдерді мән-мағыналарына, ерекшеліктеріне қарай таңдап қолдана білсек, оқушыларымыздың білімі шоғырлана берері анық.

### **Пайдаланылған әдебиеттер:**

1. <http://www.grandars.ru/student/marketing/metod-mozgovogo-shturma.html>
2. Білім берудегі менеджмент 2013ж, №12, 78-82 бет



## ӘДЕБИЕТТІ ОҚЫТУДА ТҮРЛІ ӘДІСТЕРДІҢ ЕРЕКШЕЛІГІ

*Г. Әдетхан,*

*№4 Алға орта мектебінің*

*қазақ тілінде оқытпайтын мектептердегі  
қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі*

**Қ**азіргі ғылым мен техниканың дамыған кезінде оқу-білімнің, оқушылардың алған білімі мен тәрбиесінің маңызы зор. Тұңғыш президентіміз Н. Ә. Назарбаев «Жаңа заманның жаңа адамын тәрбиелейтін ұстаздар, сіздер ізденіс пен ілгерілеуден жалықпаңыздар! Олар заман талабына сай тәрбиеленуі тиіс» деген әсерлі пікірін білдірген еді.

Қазіргі таңда өркениетке жеткізетін құрал – білім. Ертеңгі күннің бүгінгі күнімізден де жарқын болуына ықпал ететін – ұстаздар қауымы. Әлемдік оқу үрдісінің өзегі жаңа технологиялар екені белгілі. Әрбір технология өзіндік жаңа әдіс-тәсілдермен ерекшеленеді. Әдіс-тәсілдер оқушылардың жас ерекшелігіне және қабылдау деңгейіне қарай іріктеліп қолданылады. Мұғалім әрбір сабағын қызыққа толы етіп өткізетін болса, демек, оның сабақтарында ашқан жаңалығы, өзіндік қолтанбасы, әдістемелік ізденісі, қолданған ерекше әдіс-тәсілдері бар деуге болады.

Әдіс-тәсілдердің тиімді түрлерін қолдана отырып, әдебиетті оқытудың мақсаты – әдебиеттің сөз өнері әрі ғылым ретіндегі ерекшеліктеріне сүйене отырып, өмірмен және салт-дәстүрлерімізбен байланыстыра білім беру – ұстаздың шеберлігін айқындап береді. Әдебиет пәні бүгінгі қоғамдық-әлеуметтік сұраныс талаптарын іске асыруға сәйкес маңызды күшке айналып отырғандықтан, оны нәтижелі оқытудың тиімді жолдары жүзеге асырыла бастады. Әдебиетті оқытудың сапасын арттырудың жаңа әдістемелік жүйесі отандық және шетелдік әдіскер-ғалымдардың еңбектерінде сараланып, жаңа бағыттармен көркемделуде. Демек, оқыту үрдісі жаңа педагогикалық парадигманы басшылыққа ала отырып ұйымдастырылатын әдеби білім беру жүйесін дамытудың нәтижесінде жүзеге асады. Қазақ әдебиеті пәнін мұғалім оқушыларға тереңірек меңгертікісі келсе, көркем туынды-

ны шығармашылық шабытпен оқыта білуі шарт. Бүгінгі таңда жасыратыны жоқ, заман талабына сай ұстаздар жан-жақты дамыған, өмірге реалистік тұрғыдан қарайтын, жан дүниесі сұлу, рухани бай, сезімтал, терең біліммен қаруланған оқушы тәрбиелеп шығару үшін барынша қажырлы еңбек етуде. Осыған орай, зерттеу жұмысында әдебиет сабағында қолданылатын әдіс-тәсілдердің таңдап алу жолдары басты назарға алынғаны абзал. Сабақта тиімді пайдаланылған әдіс-тәсілдердің тақырып мақсатына жету үшін тиімді жолдары баршылық.

Мұғалімдерден сабақтың мақсатын жинақты етіп айқындап алғаннан кейін сол мақсатты жүзеге асырудың әдіс-тәсілдерін де таңдап ала білуді талап етеді. Ол үшін әр мұғалім оқыту әдістемесін жете біліп, оны сабақ мақсатына қарай іріктеп алып, шебер пайдаланса, сабағы нәтижелі болары сөзсіз. Мұғалім әр әдіс-тәсілдің өзіндік ерекшелігін, мүмкіндіктерін де жете білуі қажет. Сондай-ақ белсенділігі, білім дәрежесі орташа, не ортадан төмен сынып ұжымына проблемалық оқыту әдісі әр уақытта жемісті болады деуге болмайды. Себебі кей әдіс-тәсілдер дағдылану үшін уақытты да талап етеді. Тақырып аса күрделі болмай, оқушылар дербес, өз беттерімен орындай алмайтын тапсырмаларға ғана проблемалық оқытуды басшылыққа алуға болады. Сонымен қатар, оқушыларға оңтайлы жеткізудің бір жолы көрнекілік құралдарын оқушының жас ерекшелігін ескеріп, мүмкіндігіне сай жасап қолдану. Егер оқушыда жақсы мінез-құлық болса, ол онда өзінің оқудағы жетістігін тұрақты ұстап тұра алады және өзін-өзі жетілдіреді. Оқушылардың өз-өзіне деген сенімдері арта түсіп, пәнге деген қызығушылықтары да артатыны сөзсіз. Оқушылар тек өз іс-әрекетіне баға беріп қана қоймай, сабақ соңында рефлексия жасап отыруға да дағдыланады.

«Мұғалім көп әдісті білуге тырысу керек. Оны өзіне сүйеніш, қолғабыс нәрсе есебінде қолдануы керек» деп Ахмет Байтұрсынов айтқандай, қазіргі заман талабына сай білім беру мәселесі, сол қоғам мүддесіне сай болуы керек.

**Пайдаланылған әдебиеттер:**

1. Тұрғынбаева Б. Шығармашылық қабілеттерін дамыту. Қазақстан мектебі. №4, 2005 ж.
2. Тұрғынбаева Б. Жеткіншектердің шығармашылық

қабілеттерін дамыту. Қазақстан мектебі. №8, 2004 ж.

3. Мырзабаев А. Оқушылар шығармашылығын дамытуда белсенді оқытудың дидактикалық мүмкіндіктері. Алматы, 2005 ж.

**ОҚУШЫЛАРДЫҢ ӨЗ БЕТІМЕН ЖҰМЫС ІСТЕУГЕ ЖЕТЕЛЕУ ЖОЛДАРЫ**

*Ж.М. Иманғалиева,*

*№4 Алға орта мектебінің*

*қазақ мектептерінде*

*оқытпайтын қазақ тілі*

*мен әдебиеті пәні мұғалімі*

**Б**үгінде егеменді елімізде жалпы білім беретін мектептердің алдында жауапты міндеттер қойылып отыр. Солардың бірі – оқушыға өз бетімен жұмыс жасата отырып, білім алудың қарапайым дағдыларын меңгерту, алған білімді біліктілік дәрежесіне көтеру.

Өздігінен білім алудың негізгі жолдарын меңгерту үшін оқушыны таным процесіне үйрету қажет. Сонымен қатар оларға өз бетінше жұмыс істеуге қолайлы жағдай жасау керек. Ең бастысы, оқушыға сапалы білімді қалыптастырмас бұрын сол пәнге деген шынайы ықыласы мен зейінін арттыруды ұйымдастырсақ, нәтижелі іс болатынына сенімім мол.

Оқушылардың өздері орындайтын барлық жұмыстарына ұстаз сенімділікпен қарағаны жөн. Оқушылардың өз бетінше жұмыс орындауындағы басты ерекшелік - олардың жеке басындағы дағдылардың қалыптасуы. Өз бетінше оқушылар жұмыс жасағанда оларға тапсырмалар жеке беріледі. Жұмыс жасау барысында бірте-бірте жұмыс түрлерін жеңілден қиынға, қарапайымнан күрделіге қарай сатылы түрде жұмыстар жүйесін ұсынып, оқушыны ізденіске, шығармашылыққа баулуға болады. Мысалы: мәтінді дұрыс

ажыратып талдау жасатсақ, көркем, ғылыми әдебиеттерді толыққанды түсінуіне жағдай жасаймыз. Көркем әдебиеттерді меңгертудің әдіс-тәсілдері әртүрлі.

- Кейіпкерге мінездеме беру.

- Мәтіннен мақал-мәтелдерді табу.

- Мақал – мәтелдердің мазмұнын түсіндіру т. б.

Сондай-ақ, мәтінмен жұмыс жасау барысында оқушы меңгерген білімді өз бетінше практикалық жаттығулар барысында қолдана білу керек. Мысалы: жаңа білімді түсіндіргенде сөйлемдерді бере отырып, осы тақырыпты пайдалана отырып, ережені қорытып шығарып, оқушылардың құнды ойларын білу, есту - ұстаз үшін үлкен жетістік.

Өз бетімен жұмыс жасауға бейім оқушылардың бойында байқағыштық, салыстыра алушылық, өзінің ойын жүйелі, толық, қысқаша қорыта білу, мәтіндегі сөйлемдерге сұрақ қою, мәтінге ат қоя білу, мәтіннен негізгі ойды таба білу, өлең шығара білу, өлеңді жалғастыра білу, мәтінді өз ойынша жалғастырып аяқтау, мәтінді түсінгенін білу үшін мәтіннің мазмұнына сәйкес сурет салу қабілеттері жоғары болады. Жалпы әрбір оқушыны өз бетімен жұмыс жасауға дағдыландырсақ, болашағы жарқын шәкірттер тәрбиелейтініміз сөзсіз.

**Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:**

1. «Қазақ тілі мен әдебиеті орта мектепте» журналы. №3 2008 ж.
2. Ғаламтор ресурстары





## ИНФОРМАТИКА ПӘНІН МЕКТЕПТЕ ОҚЫТУДЫҢ МАҚСАТЫ

**К.Р. Жанча,**

*№4 Алға орта мектебінің информатика пәнінің мұғалімі*

**К**азіргі таңда шапшаң жүріп жатқан жаһандану үрдісі әлемдік бәсеке-лестікті күшейте түсуде. Көптеген дамыған елдер үшін бұл идея ұлттық қағидаға айналып отыр. Тұңғыш президентіміз Н. Ә. Назарбаев Қазақстанның бәсекеге қабілетті елу елдерінің қатарына кіру стратегиясы атты жолдауында «Білім беру реформасы–Қазақстанның бәсекеге нақтылы қабілеттілігін қамтамасыз етуге мүмкіндік беретін аса маңызды құралдарының бірі» деп атап өткен еді. Біріккен ұлттар ұйымының шешімімен «XXI ғасыр – ақпараттандыру ғасыры» деп аталды. Жалпы қоғамды ақпараттандыру – ғылымның, мәдениеттің, экономиканың дамуының басты шарттарының бірі. Қазақстанда білім берудің жаңа жүйесі жасалды. Білім беру жүйесі мазмұнының түбегейлі өзгеруі – педагогтер алдына жаңа талаптар мен міндеттер қойып отыр. Бүгінгі таңда мектептерде информатика пәнін бастауыш сыныптан бастап оқытудың міндеті – ақпаратты түрлендіру, тасымалдау және пайдалану процестерін меңгерту. Заман талабы күннен күнге жаңашылдықты талап етеді. Сол себепті заманның талабына сай оқушыларға компьютерлік технологияларды тиімді қолда-

ну тәсілдерін игертуіміз үшін сапалы жұмыстануымыз қажет. Мектеп өмірінен тыс барлық жұмыстар компьютердің көмегімен жасалып жатқаны белгілі. Сондықтан компьютерлік білім алуды өмірде керек қажеттілік екенін оқушыларға ескертіп отырсақ, нұр үстіне нұр болар еді.

Қазіргі уақытта пайда болып жатқан жаңа технологиялар – ұстаздар мүмкіндігін арттыратын, күшейтетін құрал десем қателеспейміз. Осы сәтте айта кетейін дегенім, бірақ ол ұстазды алмастыра алмайды. Жалпы компьютерді ұстаз сабағын жандандыру мен мақсатқа жжет үшін қосымша материалдар, әртүрлі сабаққа қатысты ақпараттар беру мақсатында көрнекі құрал ретінде қолдана алады.

Информатика сабағында программалауды оқыту – оқушылардың логикалық қабілетін дамытады. Қазіргі білім берудегі ең басты негізгі мақсаттардың бірі – оқушыларды өмірге бейімдеу, өз бетімен білім алуға дағдыландыру, сондай-ақ алған білімін жасампазды қолдануға икемдеу болып табылады. Білім ордасында компьютерді толыққанды игерген оқушылардың логикалық ойлау жүйесі өте жоғары деңгейде болып, өмірге, жалпы ғылымға қажетті заттарды ойлап табуға мүмкіндіктері зор. Дарынды оқушыларымыз үшін елімізде таптырмас жағдайлар қарастырылған. Ұстаздар қауымы өз мамандығының майталманы болып, берген білімінен нәтиже ала алатын болса, біздің еліміздің болашағы жарқын болатыны сөзсіз.



## ЖАҢАРТЫЛҒАН БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫНДА ДЕҢГЕЙЛЕП ОҚЫТУ ТЕХНОЛОГИЯСЫНЫҢ ТИІМДІЛІГІ

**М.М. Куанышова,**

*Атырау облысы*

*Жалпы білім беретін*

*№15 А. Құнанбаев атындағы ОМ*

*қазақ тілінде оқытпайтын мектептердегі қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі*

**Ж**аңартылған білім беру бағдарламасы ұстаздар үшін жаңа бастама болғаны мәлім. Бұл

бағдарламаның өзіндік жауапкершілікті талап-міндеттері болғанымен, мақсатының айқындығы ұстаздардың жан-жақты дамуына ықпал етуде. Бүгінгі таңда түрлі педагогикалық технологиялар жасалып, мұғалімдердің тәжірибесіне енгізілуде. Осыған орай, өз тәжірибемде жиі қолданып жүрген технологиялардың бірі – ж. А. Қараевтың саралап-даралап оқыту технологиясы. Деңгейлеп саралап оқыту педагогикалық технологиясы –



нәтижеге бағытталған білім беру құралы. Саралап білім беру – қабілеті және мақсаты әртүрлі оқушылардың дамуына жағдай жасайды. Орыс сыныптарында қазақ тілін саралап оқытудың өзіндік ерекшелігі байқалады. Өзге тілді оқушы үшін қазақ тілі мектептегі оқу пәндерінің қиыны болуы мүмкін. Бұл саралап оқыту – мықты оқушыларды ғана емес, сондай-ақ пәнді игеруде қиналатын оқушылардың мүмкіндігін де қанағаттандырады. Деңгейлеп оқыту кезінде оқушының бірінші деңгейдегі тапсырмаларды дұрыс орындағаны есепке алынып отырады. Қандай оқушы болмасын, өзінің жақсы оқитындығына қарамастан, жеңіл болса да, бірінші деңгейдің тапсырмаларын орындаудан бастайды. Барлық оқушылар тапсырмаларын бір мезгілде бастап, әрбіреуі білім игерудегі өз қабілетіне қарай, өз нәтижесіне жетеді. Нәтижесінде үлгерімі төмен оқушыларда кем дегенде оқушылық деңгейге сәйкес білімді толық меңгеріп шығады. Осы деңгейдің тапсырмаларын толық және дұрыс орындамаса, келесі деңгейге көшпейді. Міндетті деңгейді толық меңгергеннен кейін оқушы әрі қарай өзінің өзіне сенімі артады. Оқушылардың барлығы бірінші деңгейлік тапсырмаларды орындауға міндетті және жоғары деңгейлік тапсырмаларды орындауға құқылы. Осылайша бір деңгейден бір деңгейге өз білімін толықтыра отырып, өз қабілетін жетілдіреді. Бірте-бірте жоғары деңгейлік тапсырмаларды орындау әрбір оқушының мақсатына айналады.

Деңгейлік тапсырмалардың мақсаты:

- Жеңілден қиынға, қарапайымнан күрделіге қарай сатылы түрде орындалатын жұмыстар жүйесін ұсына отырып, оқушыны ізденіске, шығармашылыққа баулу;
- Дарынды оқушылардың мүмкіндігін анықтау;
- Әр оқушы өзін-өзі бағалайды, өз білімін

жоғары деңгейге алып, материалды толық меңгереді.

Бұл аталмыш технология бойынша жұмыс жүргізу әрбір мұғалімнің шеберлігіне байланысты. Күнделікті сабақта беретін деңгейлік тапсырмаларды қызықты етіп құрап, оқушылардың қызығушылықпен орындауын қандағалау қажет. Тек қана оқулықтағы тапсырмалармен шектеліп қоймай, әртүрлі қызықты тапсырмалар берген дұрыс. Өз тәжірибемде сабақ беретін сыныптарыма деңгейлеп оқыту технологиясының элементтерін кіргіздім. Әр оқушыға жазба дәптерін жасап жинақтадым. Сабағымның бекіту кезеңіне, қайталау сабақтарына арнайы деңгейлік тапсырмалар құрастырамын. Нәтижесінде оқушылардың білім сапасы көтерілді.

Қорыта айтқанда, деңгейлік тапсырмаларды орындату кезінде оқытудың оң нәтижелеріне қол жеткіздім. Кәсіби тәжірибемдегі осы жұмысым нәтижесінде оқушыларым өз бетімен жұмыс жасауға дағдыланып, шеберлігі шыңдалды, жауапкершілігі артып, шығармашылығы қалыптасты, оқушы өзін-өзі бағалап, білім деңгейін өсірді, қорытынды шығаруға үйренді, жаңашылдыққа ұмтылды. Сонымен қатар деңгейлік тапсырмалар оқушылардың өз бетінше ізденіп жұмыс жасауына жетелеп, оқушылардың белсенділігін арттырып, өмірге икемділігін дамытады және олардың сапалы білім алуына жәрдемін тигізеді. Деңгейлік тапсырмаларды қолдану барысында оқушылардың байқағыштығы, ойлауы, ізденушілік қабілеті өседі.

#### **Пайдаланған әдебиеттер тізімі:**

1. Ж.У. Кобдикова «Орта мектепте білім алуды технологияландыру (саралап деңгейлеп оқыту)» 2002 ж.
2. М.М. Жанпейісова «Модульдік оқыту технологиясы оқушыны дамыту құралы ретінде» Алматы 2002 ж.
3. А.Л. Жұмабекова «Деңгейлік тапсырмалар арқылы дамыта оқыту»



## **БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ БІЛІМ САПАСЫН АРТТЫРУ ЖОЛДАРЫ**

*А.Т. Кузденбаева,  
№4 Алға орта мектебінің  
бастауыш класс мұғалімі*

**Б**астауыш сынып оқушыларын білім нәрімен сусындату оңай әрекет емес. Әріп пен санды таңбалауды, оның дыбысталу жолдарын білмейтін бас-





тауыш буын оқушыларына ұстаз тарапынан қажырлы еңбек қажет. Қажырлы еңбекпен төзімділікті қатар ұстап, тиімді әдістермен сабақ өткізуді басты мақсатқа алу – нәтижелі жемістің нышаны. Алдына алғаш рет қалам ұстағалы келген оқушыларды білім шыңына жетелеу, жоғары білім сапасына жету – екі ұстаздың бірінің қолынан келмесі анық.

Қазіргі кезде мектептің оқу-тәрбие үрдісінде көптеген педагогикалық әдіс-тәсілдерді қолданылып жүргеніміз белгілі. Бұл әдіс-тәсілдердің бәрін бір сабақта қамту, пайдалану мүмкін емес. Сондықтан мектептегі әрбір пәнді оқыту кезінде озық технологияларды таңдап, іріктеп алу керек. Осы іс-әрекетті жетілдіру арқылы оқушының білім жетістіктерін арттыруға болады. Мұнда оқушының әрекеті – қабылдауы, ынтасы, құштарлығына аса көңіл бөлінуі тиіс. Бастауыш буында әрбір пән бойынша оқушылардың оқу жетістіктерін өлшеуіштер тәсілдері арқылы деңгейлік тапсырмалар жүйесін дайындауға болады. Оқушының дайындық деңгейін саралау – жеке танымдық мүмкіндігін ескерудің басты тәсілі ретінде қарастырылуы тиіс. Тапсырмаларды білім қабылдауға бағдарланған іс-әрекеттік модель ретінде қарастыруға болады. Оқытудан күтілетін нәтижелер тізбесін негізге ала отырып, әртүрлі деңгейдегі тапсырма түрлерін ауызша тексеру, жазбаша тексеру, тапсырма беру, жауапты талдау тапсырмалары, бір ғана дұрыс жауабы бар тапсырмалар, ашық және еркін жауабы бар тапсырмалар, түрлі практикалық сипаттағы тапсырмалар түрінде әзірлесе, нәтижесі болары сөзсіз. Тапсырмалардың мұндай түрлері оқушының өз бетінше іздену, өз бетінше білім алу, өзін-өзі білім алуға тәрбиелеу, дамыту бейімделуіне іс-әрекет арқылы мүмкіндік береді.

Білім қоғамды тұрақтандыратын, рухани мұраны сақтайтын, ұрпақты ұрпаққа сабақтастыратын құрал. Қай салада болмасын он-

дағы жұмыстың нәтижесі сапасымен өлшенеді. Сондықтан біз халқымыздың тарихи құндылықтарын, ұлттық тіл қазынасын яғни, халық қазынасының бағалы жақтарын келешекке өзімізбен бірге индустриясы дамыған, толық техникаланған, сапалы біліммен ала баруымыз керек.

Біздің басты мақсатымыз – оқушыларға толыққанды білім беріп, білім сапасын көтеру. Білімнің сапалы болуы тікелей мұғалімге, оның білім дәрежесі мен іздену шеберлігіне байланысты. Мұғалім – тікелей оқыту мен тәрбиелеу үрдісіне жаңалықты енгізуші, оқушымен бірлесе жұмыс істейтін белсенді әрекет иесі. Сондықтан мұғалім мектепке жаңалық енгізуде шешуші рөл атқарады.

Мектептегі оқу жұмысының сапасы мұғалім мен оқушылардың оқу әрекеті дұрыс ұйымдастырылған және оның тиімділігін мейлінше жетілдірген кезде ғана өнімді болмақ. Оқушылар әрекетінің ең басты және жетекші түрі – оқу. Көрнекті психолог Л. С. Выготский: «Жақсы оқыту деп, ол баланың дамуына ілгері жүретін, оны жетекке алатын оқытуды айтады», - деп тұжырымдайды. Оқушының жұмысты шығармашылықпен ойлауы, қабілетінің дамуы, білуі мен танымдық белсенділігін арттыру – қазіргі кезде барлық мұғалімдер қауымын толғандырып жүрген мәселелердің бірі. Бұл сабаққа, оқыту жүйесіне жоғары талап қоюды қажет етеді. Әр алуан оқыту әдіс-тәсілдерінің тиімді қолданылуы – сабақта оқу-тәрбие мәселелерін барынша дұрыс шешуге септігін тигізетінін тілге тиек еткім келеді.

#### Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Ералиева М. Оқытудың қазіргі технологиялары / М. Ералиева // Бастауыш мектеп. – 2006.
2. Абдрахманова К. Төменгі жастағыларды оқыту ерекшеліктері / Бастауыш мектеп. – 1989.
3. Мұқанов М. Жас және педагогикалық психология / М. Мұқанов. – Алматы: Мектеп, 1982.



### ӘДЕБИЕТ ПӘНІНЕН ОҚУШЫЛАРДЫ ҒЫЛЫМИ-ІЗДЕНІС ЖҰМЫСЫНА МАШЫҚТАНДЫРУ

**С.Б. Мусиров,**

*№4 Алға орта мектебінің  
қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі*

**Д**арынды жастар – бүгінгі егеменді еліміздің жарқын болашағы. Тұңғыш президентіміз Н.Ә. Назар-



баев: «Бізге керегі – шын дарындар. Нарық қол- аяғымызды қалай қыспасын, мемлекет өзінің талантты ұлдары мен қыздарын, дарбоз жүйріктерін қолдауға, қорғауға міндетті», - деп еліміздің болашағы жастарға үлкен сенім артқан болатын. «Дарындылық тұжырымдамалары» атты психологтар дайындаған құжатта «Дарынды бала дегеніміз – айрықша жетістіктерімен ерекшеленетін және іс- әрекет барысында сондай жетістіктерге ұмтылатын бала» делінген.

Дарынды деп психология ғылымында адамның бір іске айрықша қабілеттілігі, өмірдің қандай да бір саласында өзін ерекше бір қырынан көрсетуін айтады. Бала бойындағы дарындылық, ғылымилық қабілетін ашу, жақсы танымдық қасиеттерін зерттеу, айқындау – заман талабы. Оқытудың оң нәтижесі – өз ойын дәлелдей алатын, жан- жақты білімді, білімін жүзеге асыра алатын, қалыптасқан өзіндік азаматтық көзқарасы бар іскер, ақылды, адамгершілігі мол тұлғаны тәрбиелеп қалыптастыру. Ол үшін белгілі бір жоба болуы шарт. Оқушының дарындылығын айқындау мен шығармашылық дарындылығын зерттеп анықтау үшін белгілі бір бағыт – бағдарлама бойынша жұмыс жүргізу қажет. Жеке тұлғаны (дарындыны) жалпы сынып оқушылары арасынан табу, іздеу – мұғалім жұмыстануды қажет етеді. Оқушыларының білім деңгейінен күрделірек әртүрлі тапсырмалар беру арқылы білім деңгейін, қабілетін бақылап, сынақтан өткізу керек.

Қазақ тілі мен әдебиеті сабақтарында оқушыларды ғылыми- зерттеу ізденістеріне баули отырып, ойы ұшқыр, көкірегі ояу шәкірттер дайындауға болады.

Қазақ тілі мен әдебиеті пәнінен оқушыларды ғылыми ізденіске баулу үшін:

1. Пәнді қазіргі қоғам талабы - білім берудің кіріктірілген бағдарламасына сай өмірмен байланыстыра оқыту;

2. Оқытудың белсенді әдіс- тәсілдері мен жаңа педагогикалық технологияларды тиімді пайдалану;

3. Шығармашылық жұмыстарды жүйелі әрі тұрақты түрде жүргізу;

4. Сыныптан тыс оқу, үйірме жұмыстарын шығармашылықпен жүргізу;

5. Оқушыларды түрлі пәндік- зияткерлік сайыстарға жиі қатыстыру;

6. Оқырмандар клубын, дебат клубын ұйымдастыру;

7. Пәндік олимпиадаларға, эссе байқауларына дайындау және қатыстыру;

8. Ғылыми конференцияға, ғылыми жобаға қатыстыру керек.

Назарбаев Зияткерлік мектептерінде кіріктірілген білім беру бағдарламасы бойынша 11-сыныптың әдебиет пәнін оқытуда мына мақсаттар қамтылған:

- Қазақ әдебиетіндегі шығармаларды әлем әдебиетіндегі шығармалармен салыстырып, әртүрлі әлеуметтік орталарда өз пікірін логикалық тұрғыдан жүйелі айтады;

- Хикаят, поэма, драма, романдардағы көтерілген мәселелерді түсініп, әлемдік деңгейдегі шығармалармен салыстырып, креативті ой айтады;

- Шығармадағы басқа ұлттың және жалпыадамзаттық құндылықтардың ерекшелігін зерттейді, өз халқының құндылықтарымен ұштастырып, түрлі ортада еркін қолданып айтады;

- Шығарманың құрылымын басқа авторлардың шығармаларымен салыстыра оқиды;

- Ақын- жазушының өзіндік қолтаңбасын, стилін анықтайды, оқиды;

- Мәтіннің түрлі интерпретацияда берілуін ажыратады, талдап, талқылап оқиды;

- Шығарманың негізгі ойын кең көлемде пайдаланып, ғаламдық шығармаларымен байланыстырып, ойын дәлелдеп жазба жұмыстарын шығармашылықпен жазады;

- Көркем шығармадағы белгілі бір тақырыпта ғаламдық деңгейдегі дәйектерді жинақтап, креативті эссе жазады;

- Белгілі бір шығармадан тақырыпқа байланысты шығарманың маңыздылығын әлеуметтік- мәдени тақырыпқа сәйкес зерттеп, өмірдегі мәселелермен салыстырып креативті жоба жазады.

Әдебиет пәні бойынша білім сапасын арттырып, бала дарынын дамытуда оқушыларға үнемі үш бағытта тапсырма беруге болады. Яғни, блум жүйесі бойынша:

**Білу және түсіну:** Көркем шығарманы түсініп оқу. Композициялық құрылысына талдау.

**Анализ және интерпретация.** Шығарма кейіпкерлеріне мінездеме беру, шығарма тіліне талдау, (теңеу, эпитет, метафора т. б.) анализ жасау.



**Салыстыру және бағалау.** Шығарманың сюжеттік құрылымын басқа авторлардың шығармаларымен салыстырады, ұқсастығы және айырмашылықтарын бағалайды, қарапайым зерттеу жұмысын жазады. Оқыған шығарма бойынша оқушының сыни көзқарасы және өз шығармашылығына талдау жасату. Жалпы оқыту процесі оқыту әдістері арқылы жүзеге асады. Әр сабақты белсенді оқытуда әдіс-тәсілдерді де тандап алып пайдаланған дұрыс деген тұжырымға келдім.

### Пайдаланған әдебиеттер тізімі:

1. «Қазақ тілі мен әдебиеті» журналы 4/2011 15-бет.
2. Кіріктірілген білім беру бағдарламасы «Қазақ әдебиеті Г1». Жоғары мектеп. Маусым 2014.
3. Бітібаева Қанипа. «Әдебиетті тереңдетіп оқыту» Мектеп баспасы ЖАҚ, 2003.
4. Е. Дүйсенбаев, А. Балғожаев. «Оқыту үрдісінде танымдық және шығармашылық әдіс- тәсілдерді тиімді пайдалану» Қызылорда, 2006 42- бет.
5. Қазақстан Республикасы жалпы білім беретін мектептері педагогтерінің біліктілігін арттыру курстарының бағдарламасы (Үшінші деңгей) 2012.



## ДАМЫТА ОҚЫТУ ТЕХНОЛОГИЯСЫМЕН ОҚУШЫЛАРДЫҢ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ҚАБІЛЕТТЕРІН ДАМУ

*С.К. Балмукашева,*

*№4 Алға орта мектебінің*

*қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі*

Әрбір мемлекеттің өсіп-өркендеуінің, бәсекеге қабілетті болуының ең басты ошағы - мектеп ұстаздары берген нәрлі білімде. Жас мемлекетіміз даму шыңының биігіне жеткісі келсе, ең алдымен білім беру саласына аса назар аударып, білім сапасын көтеруді мақсат еткен жөн.

Қай кезде де мектептің жүрегі, қоғамның тірегі, шәкірт жанашыры – ұстаз екенін ұмытпауымыз қажет. «Қыран – түлегіне қайтпас қанат сыйлайды, ұстаз шәкіртіне талмайтын талап сыйлайды» деген мақал тектен текке айтылмаса керек. Белгілі ақын, алғашқы педагогикалық еңбектің авторы М. Жұмабаев «Алты алаштың баласы бас қосса, ең қадірлі орын мұғалімдікі» деп ұстаз мәртебесін сол заманда көтеріп кеткен.

Бүгінгі таңда еліміз нәтижеге бағытталған білім беру моделіне көшті. Жалпы нәтиже дегеніміз не? деген сұраққа жауап іздейтін болсақ, нәтиже дегеніміз – жеке тұлғаның құзырлығы. Нәтижеге бағытталған білім беру – жеке тұлғаның құзырлығын қалыптастырады. Құзырлылық (құзыреттілік) – дара тұлғаның бойындағы

өзара байланысты сапалардың (білім, білік, дағды) жиынтығы.

Құзырлылық – белгілі сала бойынша жан-жақты хабардар, білгір деген мағынаны білдіреді. Бүгінгі таңда өз іс-тәжірибемде дамыта оқыту технологиясын қолданып жүрмін. Бұл аталмыш технология қазақ тілі сабағының сапасын арттырады. Бұған дәлел ретінде оқушыларымның бойында қалыптасқан іздемпаздық, танымдық, өз бетінше жұмыс істеу шеберлігі байқалғанын тілге тиек етемін. Сабақ барысында мұғалім мен оқушы арасында ынтымақтастық орнап, үлкен жетістіктерге қол жеткізуге мүмкіндік бар. Өмірде қабілетсіз адам болмайды. Адам бәріне қабілеті болады. Бірақ сол қабілеттің қай жағына жақын екенін анықтау керек. Ал таным дегеніміз – «тану» сөзінен алынған. Танымдық құзыреттілікті дамыту дегеніміз – қоғам талаптарына сай жеке тұлғаны дамыту болып табылады.

Мұғалім мен оқушының арасында ұжымдық қарым-қатынас, сыйластық болған жағдайда ғана оқыту өз нәтижесін жемісті береді. Мұғалім үшін сабақ беру үйреншікті үй тірлігіндей іс емес, ол үнемі дамуды, ізденуді, өз-өзін жетілдіруді қажет етеді.

Дамыта оқыту технологиясы – баланың дамуын қарастырған ж. Пиаженің еңбегінде ойлаудың әртүрлі деңгейін, типтерін Л. С. Выготский, С. Л. Рубинштейн психиканың



функциясын зерттеген Б. Г. Ананьев еңбектерінде жан-жақты талданды. Дамыта оқытуда оқушының ізденушілік-зерттеушілік әрекетін ұйымдастыру басты назарда ұсталды. Содан кейін барып ол білім алуға әрекет жасайды. Дамыта оқыту технологиясы бойынша сабақ төмендегідей құрамдас бөліктерден тұрады:

1. Оқу мақсаттарының құрылуы
2. Оны шешудің жолын бірлесе қарастыру
3. Шешімнің дұрыстығын дәлелдеу

Сабақтың әдістемелік мақсаты – оқушылардың таным белсенділігінің көтерілуіне жағдай жасау. Біріншіден - дамыта оқыту жүйесінде оқушылардың ойларын жетілдірудің маңызы зор. Дамыта оқытуда білім дайын күйінде берілмейді. Оқушы өз оқу әрекеті арқылы қол жеткізеді. Сабақтың алғашқы ізденіс кезеңінде жаңа ақпарат жайлы не білетіндерін ортаға салып, мәселені өз беттерінше шешуге талпынады. Екіншіден – дамыта оқытуда оқушы жоғары қиындықтағы мәселелерді шеше отырып, санала-

рын ашады. Сондай-ақ, «Жақсы оқушы» немесе «Жаман оқушы» деген ұғымның болмауы – оқушыларды танымдық әрекеттерге ұмтылдырады, құштарлығын арттырады. Үшіншіден – оқушының жеке басын дамытатын басты құрал – ол өзінің әрекеті. Сол себепті дамыта оқытудағы оқыту әдістері оқушыны белсенді жұмыс жасауға, мәселелерді шешу жолдарына мақсат қояды. Төртіншіден – дамыта оқыту жүйесінің нәтижелі болуы тікелей оқушы мен мұғалім арасындағы жаңаша қарым-қатынас арқасында өз жемісін береді. Мұғалімдер озық технологияларды өз сабақтарында сапалы пайдалана отырып, өз пікірін ашық айта алатын, ойын дәлелдей білетін, өзгенің ой-пікірін тыңдап, көзқарасын құрметтейтін шәкірттер дайындай алады.

#### Пайдаланған әдебиеттер тізімі:

1. Б. Тұрғынбаева «Дамыта оқыту технологиялары» Алматы, 2018 Оқу әдістемелік құрал
2. Ғаламтор ресурстары



## СЫН ТҰРҒЫСЫНАН ОЙЛАУ ТЕХНОЛОГИЯСЫНЫҢ ТИІМДІЛІГІ

*Ж.Қ. Султанова,*

*М. Жұмабаев атындағы ЖББОМ*

Қазіргі таңда білім беру саласындағы ауқымды өзгерістер педагогтер үшін тың жаңашылдық бастама болып отыр. Бұл ынталы бастамалар шәкірттер мен ұстаздар үшін білім айдынында кеңінен жүзуіне жол ашуда. Заманымыз көш ілгері дамып, білім ошақтарында сапалы білім беру үшін жағдайлар жасалған. Білімнің бастауы бастауыш сыныптан бастау алатыны баршамызға белгілі. Бастауыш бал бұлағына келген әрбір шәкіртке қалам ұстатып, әріп үйретіп, жазуды таңбалау, сандарды таныту – бастауыш сынып мұғалімдері үшін міндетті де жауапты жұмыс. Сондықтан бастауыш сынып мұғалімдерінің біліктілігін көтеру мен шығар-

машылық, педагогикалық әрекетін ұйымдастыруда қазіргі жаңа технологияларды меңгерудің маңызы зор. Оқытудың жаңа технологиясы дегеніміз не? Ең алдымен осы ұғымды түсініп алу керек. Оқыту, білім беру тәжірибесі педагогикалық үрдістің сапасын үнемі арттырып отыруды талап етеді. Тұңғыш президентіміз Н. Ә. Назарбаевтың Қазақстан халқына жолдауында «XXI ғасырда білімін дамыта алмаған елдің тығырыққа тірелетіні анық» деген пікірі әрбір ұстазды ойландыруы тиіс.

Бүгінгі білім беру ісінің басты мақсаты–білім, білік дағдыларын меңгеру ғана емес, сондай-ақ өзін-өзі дамытуға талпынтатын, саналы, ой-өрісі кең, алғыр, қабілетті, таланты жастарды тәрбиелеу. Оқушылардың жас ерекшеліктері мен деңгейін ескере отырып, жаңа технологияны тиімді пайдалану – ұстаздың асқан шеберлігіне



байланысты іс-әрекет болып табылады. Жаңа технологияны тиімді қолдануда мұғалімнің шеберлігінен мамандығына деген сүйіспеншілігі, шығармашылыққа ізденісі, шәкірттеріне деген зор ықыласы шынайы көрініп тұрады. Оқушы тұлғасының дамуына, қабілетінің артуына жаңа технологиялардың үлесі зор. Қазіргі уақытта қолданып жүрген жаңа технологиялардың бірі – сын тұрғысынан ойлауды дамыту технологиясы. Сын тұрғысынан ойлау-ақпарат пен ойды біріктіріп алудың тәсілі. Сын тұрғысынан ойлауды дамыту технологиясыны тиімділігі:

- Кез келген ұстазға сапалы сабақ беруге мүмкіндік береді;
- Оқыту мен ұйымдастырудың тиімді әдістерінің көптігімен ерекшеленеді;
- Оқу мотивацияларын өзгертуге пайдалы;

- Сын тұрғысынан ойлау сабақтарының құрылымы – қызығушылықты ояту, мағынаны ажырату, ой толғаныс

Сын тұрғысынан ойлауды дамыту технологиясының ерекшеліктері сабақ барысында мұғалім оқушының өзін ізденуге үйретіп, ұтқыр ойлауға жетелейді.

Қорытындылай келе, сын тұрғысынан ойлауды дамыту технологиясын пайдаланған кезде де оқушының белсенділігі, мақсатқа ұмтылуы, ақпаратты өзі іздеп табуы, шапшаңдығы мен еркіндігі, шығармашылығы, көңіл-күйінің көтеріңкі болуы қамтамасыз етіледі.

#### Пайдаланған әдебиеттер тізімі:

1. Иманбекова Б., Әбдіреймова К., «Сабақ – оқытудың негізгі формасы» Алматы, 2003 ж.
2. №4 – 2008 жыл ж. Садыбекова «Оқу – тәрбие үрдісінде ақпараттық-коммуникациялы технологияны қолдану қажеттілігі»



## ҚАЗАҚ ТІЛІН ОҚЫТУДА ЖАҢА ӘДІСТЕРДІ ПАЙДАЛАНУ

*А. Тилеуберди,*

*№1 Алға мектеп-бақшасы КММ-нің қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі*

Қазіргі таңда білім беру әлеуметтік құрылымның маңызды элементтерінің біріне айналды. Адамның болашағы, оның алған білімінің сапасына, ойлау деңгейіне байланысты болып отыр. Жас ұрпақтың жаңаша ойлауына, олардың біртұтас дүниетанымының қалыптасуына, әлемдік сапа деңгейіндегі білім негіздерін меңгеруіне ықпал ететін жаңаша білім мазмұнын құру – жалпы білім беру жүйесіндегі өзекті мәселелердің бірі болып, бүгінгі таңда өз жалғасын тапты. Жүздеген жылдар бойы қалыптасқан ескі жүйені бұзу үшін оқытуды жаңаша ұйымдастыру қажет болды.

Мемлекеттік тілді, яғни, ана тілімізді тереңірек меңгерту, ұғындыру жолында тиімді технологияларды қолдану, сондай-ақ сабақ жүргізудің жаңа оқыту әдістерін жасақтау –

педагогтер үшін де маңызды мәселелердің бірі болып отыр. Жалпы оқу бағдарламасына өзгерістер еніп, оқу жүйесі күрделеніп, қазақ тілін меңгертудің де түрлі тиімді әдіс-тәсілдерінің күннен күнге жетіліп жатқаны жүрекке қуаныш ұялатады.

Оқыту технологиясы мен әдістеме ғылымы егіз ұғым. Екеуінің де мақсаты бір. Яғни, оқытудың тиімді жолдарын қарастырады. Қазақ тілі пәнін оқытуда жаңа технологиялардың элементтерін қолдана отырып, деңгейлеп оқыту технологиясына да ерекше көңіл бөлу қажет. Бұл технология оқушының жеке мүмкіндігіне, жеке тұлғаның жан-жақты дамуына бағытталған.

Жаңа әдістерді сабақта тиімді қолдануды үнемі алға тартып жатамыз. Бұл дұрыс бағыт. Сондай-ақ оқу мен жазу арқылы сын тұрғысынан ойлауды дамыту технологиясының да маңызы ерекше. Мұнда әрбір оқушының ой-өрісі шыңдалып, өз даму деңгейіне сай жетістіктерге жетеді. Сын тұрғысынан ойлау жобасы үш құрылымнан тұрады: қызығушылықты ояту, мағынаны тану, ой-толғаныс.



Бұл әдістерде алдыңғы білім мен жаңа білім байланыс жасайды. Оқушы соңғы кезеңде өз шығармашылығынан қабілетін көрсете алады. Осы сәтте айта кетейін дегенім, педагог әрқашан сабағының қай құрылымында да «Мен не ұқтым?» және «Мен нені білгім келеді?» деген сұрақтарды естен шығармауы қажет.

XXI ғасыр - жаңа технология мен ақпараттандыру ғасыры. Еліміздегі барлық білім ордасы компьютермен және интерактивті тақтамен жабдықталған. Өзім жұмыс жасайтын мектепте ақпараттық технологияларды қолдану кеңінен қарастырылған. Қазақ тілі кабинетінде интерактивті тақта орнатылған. Сондықтан бұл тақтаның көмегімен әр сабағымды қызықты өткізуге жоспар құрамын. Қазақ тілі сабағында ақпараттық технологияларды қолдансақ, оқушылардың сөздік қоры молайып, сонымен қатар сауатты жаза білуге дағдылана-

ды. Сол себептен барлық ұстаздар қауымы білім берудің жаңа тәсілдерінің біреуін емес, тиімді бірнеше тәсілін игеруге икемделсе, кәсіби қызметінде толағай нәтижеге кенеледі.

Қазақ тілі пәнін оқытудың сапасын арттыру – бүгінгі күннің басты талаптарының бірі. Әрбір сабақты белсенді өткізіп, әр оқушыдан еркін жауап алуға тырысаямыз, жауаптарды соңына дейін тыңдап, сауатты, мәдениетті сөйлеуге көңіл бөлеміз. Осы аталмыш әдіс-тәсілдер арқылы қазақ тіліне деген қызығушылықтар мен ынта топтық, ұжымдық, жекелеме жұмыстардан басталады. Ұстаз баланы сыйласа, құрметтесе, әрбір сабақ мейрам сияқты өтсе, мұғалім оқушымен дос, тең ғана болса, өз нәтижесін береді, оқушылардың білгірлігі дамиды, сөйлеу мәдениеті артады, тілге деген сүйіспеншілік қалыптасады.





## ҮЗДІК САБАҚ



### БІЛІМДІЛЕР ДОДАСЫ

#### Сыныптан тыс жұмыс

*С. Байденова, А. Бердишекова,  
№2 Мәртөк мектеп-гимназиясы*

#### **Мақсаты:**

1. Оқушылардың білім деңгейлерін бақылау, білімді оқушыларды анықтау, білімді, тапқыр, ізденімпаз оқушылар қатарын көбейту;

2. Ой-өрісін, танымдық белсенділігін дамыту, шығармашылық қабілеттерін арттыру;

3. Тапқырлыққа, жылдамдыққа баулу.

**Жұмыстың түрі:** Жарыс сабақ

**Көрнекілігі:** Интерактивті тақта

**Қатысушылар:** 3 класс оқушылары

1-слайд: «Білімділер додасы»

<b>Сабақтың ортасы</b>	<p><b>6-тапсырма. Мәтінді түсініп оқып, тәуелдік жалғауында тұрған сөздерді табыңыз.</b></p> <p><b>Задание 6. Прочитайте текст, поймите смысл и найдите слова с окончанием притяжательного падежа.</b></p> <p>Бақытты баланың әңгімесі:</p> <p>- Ата, мен - бақытты баламын. Себебі, менің туған жерім, Отаным – кең байтақ Қазақстаным бар. Дархан жүректі халқым бар. Елімді басқарып отырған, бар қазақ баласының мақтанышы болған, үлгі егер Президентіміз бар.</p> <p>Мен бақытты боламын! Білімнің кәусар бұлағын сіңірген алтын ұям – мектебім бар. Мен осындай қоғамда туғанымды мақтан тұтамын. Мен үнемі достарыммен, ұстаздарыммен достық қарым-қатынастамын.</p> <p>Мен – бақытты баламын. Менің өзімнің шағын әлемім – отбасым бар. Менің аялаған анам, әлпештеген әкем, еркелеткен бауырларым бар. Бұл нағыз бақыт емес пе!?</p> <p><b>7-тапсырма. ЖЖ:</b> <i>Мәтін бойынша сұрақтарға тәуелдік жалғауының III жағында жауап беріңіз.</i></p> <p><b>Задание 7. ИР:</b> <i>Ответьте на вопросы по тексту, используя притяжательное местоимение в III лице единственном числе.</i></p> <p>Бала неге бақытты? Бала нағыз бақыт деп нені түсінеді?</p> <p><b>ЖАЗЫЛЫМ</b> <b>ПИСЬМО</b></p> <p><b>8-тапсырма. ЖЖ:</b> <b>«Комикс» әдісі.</b></p> <p><i>Мәтіннің түпнұсқасы бойынша көп нүктенің орнына керекті сөздерді қойып жазыңыз.</i></p> <p><b>Задание 8. ИР:</b> <b>метод «Комикс».</b></p> <p><i>Вставьте нужные слова вместо моноготочий в соответствии с оригиналом текста.</i></p>	Младший брат, старшая сестра, видеоролик





Бақытты баланың әңгімесі:

- ..., мен бақытты баламын. Себебі, менің туған жерім, Отаным – кең байтақ ..... бар. Дархан жүректі ..... бар. Елімді басқарып отырған, бар қазақ баласының мақтанышы болған, үлгі етер ..... бар.

Мен ..... боламын! Білімнің кәусар бұлағын сіңірген алтын ұям – ..... бар. Мен осындай қоғамда туғанымды ..... тұтамын. Мен үнемі достарыммен, ұстаздарыммен ..... қарым-қатынастамын.

Мен ..... баламын. Менің өзімнің шағын әлемім – ..... бар. Менің аялаған ....., әлпештеген ....., еркелеткен бауырларым бар. Бұл нағыз ..... емес пе!?

**9-тапсырма. ЖЖ:** Мәтінге қарай отырып, «Мен үшін бақыт деген...» тақырыбында ПОПС формуласымен ойтолғау жазыңыз.

**Задание 9.** ИР: Напишите краткое эссе «По-моему, счастье - это...» на базе формулы ПОПС.

Менің ойымша....  
Себебі....  
Оған дәлелім...  
Қорытындылай келе...

**АЙТЫЛЫМ  
ГОВОРЕНИЕ**

**10-тапсырма. ЖЖ:** “Тыңшы” ойыны арқылы тыңдаушылар өздері жайында ақпараттар алады.

**Задание 10.** ИР: С помощью игры «Шпион» слушатели получают информацию о себе.

1. Аты-жөніңіз кім?
2. Туған жеріңіз?
3. Қайда тұрасыз?
4. Жасыңыз нешеде?
5. Ұлтыңыз қандай?
6. Қайда жұмыс жасайсыз?
7. Отбасында неше адам бар?
8. Олар кімдер?

**Сабақты бекіту**

Отбасы ұғымын қалай түсіндіңіз?  
Суреттегі отбасы мүшелерін атап жазыңыз.

**Закрепление урока**

Как вы поняли концепцию семьи? Напишите названия членов семьи на картинке.



1.	.....
2.	.....
3.	.....
4.	.....
5.	.....
6.	.....
7.	.....
8.	.....



Рефлексия.	<b>3 Қ әдісі. «Қызық, қиын, қажет»</b> Маған қызық болған.... Маған қиын болған.... Маған қажет болған ....	
«Лайк» жинау	<b>Instagram</b> <b>Tiktok</b> <b>Facebook</b>	
	<a href="https://yandex.kz/video/preview/16742152582140779126">https://yandex.kz/video/preview/16742152582140779126</a> <a href="https://youtu.be/pjHmgYDGLX8">https://youtu.be/pjHmgYDGLX8</a> <a href="https://massaget.kz/">https://massaget.kz/</a> <b>ЖЖ- жеке жұмыс</b> <b>3Қ- үш Қ, қызық, қиын, қажет</b>	

**Пайдаланылған оқулықтар:**

1. «Сарыарқа» оқу-әдістемелік кешені. «Қазақ тілі» мемлекеттік қызметшілерге арналған оқу құралы. Қарапайым деңгей. Авторлар: М.Ж. Сыздықов,

Т.Н. Нұрғалиева, Ж.Р. Жақанова, Д.М. Жұмагелдина, А.Ж.Қызылғышева. Алматы, 2010ж

2.Ж.Р. Жарқанова, Д.М. Жұмагелдина, А.А. Игено «Қазақ тілі» Сарыарқа -2 базалық деңгей.

**«ҚЫЗЫҚТЫ ҚАЗАҚ ТІЛІ ӘЛЕМІ»****Интеллектуалды сайыс**

*А.Т. Сералиева,*  
*Ақтөбе қаласы*

бамның үні, бабамның тілі - домбыра», таңбасы - домбыра суреті.

**М**ақсаты: Оқушының білімі мен біліктілігі арқылы ой - өрісін дамыту, ұшқырлық, ойлау қабілетін шыңдау, шапшаңдық пен нақтылыққа бейімдеу.

**Әдісі:** сайыс сабақ

**Көрнекілік:** интерактивті тақта, слайд, кима қағаздар.

**Пәнаралық байланыс:** ауыз әдебиеті, шет тілі, өнер, халық педагогикасы.

**Барысы: 1. Ұйымдастыру кезеңі.**

- 1) Алдын ала тағайындалған топтарды шақыру.
- 2) Әділқазылар алқасын сайлау.
- 3) Сайыстың мақсатымен таныстыру.
- 4) Топтардың аттарымен, ұранымен, таңбасымен танысу.

**I топтың аты** - «Тұлпар», ұраны «Жүзден жүйрік, мыңнан тұлпар», таңбасы - аттың суреті.

**II топтың аты** - «Домбыра», ұраны «Ба-

**I тур «Бәйге»**

(Оқушылар қойылған сұрақтарға 1 минут ішінде тез жауап беруі тиіс).

**I топ «Тұлпар» тобына сұрақтар**

1. «Термин» қай тілдің сөзі (латын тілі)
2. Қазақ тіліндегі тыйым салуға қатысты сөздер қай терминге жатады? (табу)
3. Сөз мағынасын не зерттейді? (лексика)
4. «Фразеология» сөзінің баламасын табыңыз. (тұрақты тіркес)
5. Тілдің ең кіші бөлшегі не? (дыбыс)
6. Жалғаудың түрлерін ата. (көптік, тәуелдік, септік, жіктік)
7. Неше септік жалғауы бар? (7)
8. «Ақ киізге көтерді» мағынасы не? (хан сайлады)
9. Зат есім құрамына қарай нешеге бөлінеді? (дара, күрделі)
10. Дыбысты немен таңбалайды? (әріп)
11. 42 әріптің жүйелі тізбегі қалай аталады? (әліпби)
12. Қазақ әліпбиінде қанша дыбыс бар? (42)



13. «Ерінбесең - емерсің» тақырыбы не? (еңбек ету)

14. Қосарлы дыбыстардың саны нешеу? (3)

15. «Әліпби» сөзі қай тілден енген? (араб тілі)

16. Дауысты дыбыс тілдің қатысына қарай нешеге бөлінеді? (жуан, жіңішке)

17. Дауысты дыбыс жақтың қатысына қарай нешеге бөлінеді? (ашық, қысың)

18. Дауыссыз дыбыстың түрлерін ата. (қатаң, ұяң, үнді)

19. Әліпбидегі алғашқы 7 дауыссыз қалай аталады? (ұяң)

20. Дауыссыздар ненің қатысына қарай 3-ке бөлінеді? (салдыр мен үн)

### II топ «Домбыра» тобына сұрақтар

1. Екпін түрі нешеу? (4)

2. Үндестік заңы нешеу? (2)

3. Қосымшаны тіл білімінің қай саласы зерттейді? (морфология)

4. «Лексика» сөзі қай тілден енген (латын тілінен)

5. Тыныс белгісін не зерттейді? (пунктуация)

6. Фонетика нені зерттейді? (тіл дыбыстарын)

7. Пәлеқор сөзі буын үндестігіне бағына ма? (жоқ)

8. Көзқарас қандай сөз? (біріккен)

9. Дыбыс үндестігінің түрлерін ата. (ілгерінді, кейінді)

10. Орфография нені зерттейді? (дұрыс жазылуын)

11. «Жаны зәр түбіне жету» мағынасы не? (қорку)

12. «Досы жоқпен сырлас, досы көппен сыйлас» тақырыбы не? (дос)

13. Дауысты дыбыс еріннің қатысына қарай нешеге бөлінеді? (еріндік, езулік)

14. Дауыстылардың саны қанша? (12)

15. Әліпбидегі 10-шы дыбыс қандай дыбыс? (Ж)

16. Сөз таптары нешеу? (тоғыз)

17. Қосымша нешеу? (екеу)

18. Жұрнақтың түрлерін ата. (сөз тудырушы, сөз түрлендіруші)

19. Зат есімнің мағыналық түрлерін ата. (деректі, дерексіз, жалпы, жалқы)

20. Сын есімнің шырайларын ата. (салыстырмалы, асырмалы)

I турдың қорытындысын тыңдау.

### II тур «Полиглот»

(Тиісті сөзді қойып, бірнеше тілде айту).

1... қылды қақ жарған. (қара).

2. Атадан жақсы ұл туса,  
Есіктегі басын төрге сүйрер.  
Атадан ... ұл туса,  
Төрдегі басын жерге сүйрер. (жаман).

3. Ел қонбаса - ... азады,  
Жер болмаса – ер азады. (жер).

4... ала болса, ауыздағы кетеді,  
Төртеу түгел болса, төбедегі келеді. (алтау).

5... тас жарады,  
Тас жармаса, бас жарады. (тіл).

6... көпті жау алмайды,  
Ақылы көпті дау алмайды. (досы).

7... өссе елдің көркі,  
Гүл өссе жердің көркі. (қыз).

8... таумен кездеспейді,  
Адам адаммен кездеседі. (тау).

9. Қына тасқа бітеді,  
... басқа бітеді. (білім).

10... сүйектен өтеді,  
Таяқ еттен өтеді. (сөз).

II турдың қорытындысын тыңдау.

### III тур «Көрерменнен көрімдік»

(Топ ойыншылары қима қағаздағы сөздерді алып қимылмен немесе жуық сөздермен түсіндіреді).

Ат  
Дулыға  
Сандық  
Той  
Жол  
Сәби  
Ту  
Киіз үй



Жұлдыз  
Телефон  
Кітап  
Көгершін

сан, қатар, қақ, ат, қасық, ана, зат, атыз, сатқын т. б).

Жалпы барлық турдың қорытындысын тыңдау.

#### V тур «Тест»

(Екі топ жетекшісі А мен В әрпінен қалағанын таңдайды. А әрпін таңдаған топ –сын есім, В әрпін таңдаған топ –сан есім қатысқан мақал-мәтелдер айтады. Дайындыққа 1 минут)

#### VI турдың қорытындысын тыңдау.

#### VII тур «Жекпе жек»

(Әр топтың жетекшілері шығып берілген «қазақстандықтар» сөзіне бірнеше сөздер құрайды).

(қазақ, ас, тақ, тас, тандыр, қазы, тары, арық, ар, ата, қаз, ара, нар, атан, тана, асық, ық, ыс, Қазақстан, тарақ, сандық,

#### Қорытынды:

Оқушылардың тыңдау және есте сақтау қабілеттері арқылы сайыс тапсырмаларына нақты жауапты ойлылықпен айта білетіндіктері байқалды. Жан-жақты білім танымдылықтары арқылы ізденіс, талпыныс мүмкіндіктері көрінді. Сөйлеу дағдылысы, тіл мәдениетінде нақты жауап беру ұшқырлығы сыналды. Бірін - бірі тыңдай біліп, бағалай білетіндіктері де байқалды. Оқушылар қазақтың ұлттық салт-дәстүрін қадір тұтып, адамгершілік қасиеттерге ие болды. Жеңімпаз топ анықталып мектеп әкімшілігінен мақтау қағазы тапсырылды. Жеке оқушыларға да аты аталып, мақтау қағазы тапсырылды.





## ҰЛТТЫҚ КЕЙІПкерлерді сипаттаймын. ЖАЛҚЫ ЖӘНЕ ЖАЛПЫ ЕСІМ

А.Д. Сәрсет

<b>Пән/Сынып:</b>		Қазақ тілі 2 сынып			
<b>Оқулық</b>		2 бөлім. Ә.Е. Жұмабаева, Г.И. Уайсова, Г.Т. Сәдуақас			
<b>Тарау немесе бөлім атауы:</b>		Салт-дәстүр және ауыз әдебиеті			
<b>Сабақтың тақырыбы:</b>		Ұлттық кейіпкерлерді сипаттаймын. Жалқы есім және жалпы есім.			
<b>Оқу мақсаты:</b>		2.4.2.4 тірек сөздерді қатыстыра отырып, берілген тақырыптар бойынша әңгіме құрау. 2.4.2.4 зат есімнің жалпы және жалқы түрлерін ажырату, жалқы есімнің жазылу емлесін сақтау.			
<b>Бағалау критерийі:</b>		Жеке тапсырмаларды орындай алады. Сабақ барысында тыңдаушының назарын өзіне аудара алады.			
<b>Саралап оқыту тапсырмалары</b>					
<b>Ұжымдық жұмыс</b> Жаңа тақырыптың түсіндірілуі		<b>Бірлескен жұмыс (1, 2 тапсырма)</b> Тапсырманы ұсыну және дұрыс жауапты ұсыну арқылы үйрету		<b>Жеке жұмыс</b> Тапсырманы ұсыну, оқушылар өз бетімен орындауы	
<b>Уақыты</b>	<b>Кезеңдері</b>	<b>Тапсырма</b>		<b>Тапсырманың мақсаты</b>	<b>Бағалау</b>
1 минут	Ұйымдастыру	Оқушылармен сәлемдесу. Сабақ мақсатымен таныстыру.			Слайд 1



<p>7-8 минут</p>	<p>Жаңа сабақ</p>	<p><b>Тыңдалым</b> 39-жаттығу Берілген суреттер бойынша Алдаркөсе туралы әңгімелеп көр.</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>• Алдаркөсе өзінің заттарын ұрыдан қалай қайтарып алды?</li> </ul> <p><b>Жазылым.</b> <b>40-жаттығу.</b> Берілген сөздерді пайдаланып, Алдаркөсені сипаттап жаз. Кедей, тапқыр, ақылды, қу.</p> <p><b>41-жаттығу.</b>Сөздердің қатесін түзетіп, сөйлемдерді көшіріп жаз. Жалқы есімдердің астын сыз.</p> <p>Қожанасыр мен алдаркөсе кездесті. Олар ыстықкөлге келді.</p>	<p><b>Дескриптор:</b></p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1. Сурет бойынша әңгіме құрай алады;</li> <li>2. Баяндау құрылымын сақтайды (ортасы, соңы).</li> <li>3. Әңгімеге сай тақырып ұсына алады;</li> <li>4. Кейіпкерлерді сипаттайды;</li> </ol> <p><b>Дескриптор:</b></p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1. Берілген сөздерді оқиды;</li> <li>2. Берілген сөздерді пайдаланып, Алдаркөсені сипаттап жазады;</li> <li>3. Жалпы және жалқы есімнің жазылу емлесін сақтайды;</li> </ol> <p><b>Дескриптор:</b></p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1. Сөздердің оқып, қатесін түзейді;</li> <li>2. Жалқы есімнің жазылу емлесін сақтайды;</li> <li>3. Жалқы есімдердің астын сызады;</li> </ol>	<p>БАСБАРМАҚ</p> <p>СМАЙЛИК</p> <p>Мұғалімнің бағалауы</p>	<p>Слайд 2</p> <p>Слайд 3</p> <p>Слайд 4</p>															
<p>8 минут</p>	<p>Тәжірибе</p>	<p>42-жаттығу. Сызбаға қарап, жалпы есім мен жалқы есім туралы өзің қорытынды жаса.</p> <p><b>Жалпы есім Жалқы есім</b></p> <p>батыр </p> <p>тұлпар </p>	<p><b>Дескриптор:</b></p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1. Берілген сөздерді оқиды;</li> <li>2. Сызбаға сай тұжырым жасай алады;</li> <li>3. Жалпы және жалқы есімдерді ажырады;</li> <li>4. Жалпы және жалқы есімнің жазылу емлесін біледі;</li> </ol>	<p>ОТШАШУ</p>	<p>Слайд 5</p>															
<p>3 минут</p>	<p>Бекіту</p>	<table border="1" data-bbox="443 1832 788 2042"> <thead> <tr> <th>Зат есім</th> <th>Жалқы есім</th> <th>Жалпы есім</th> </tr> </thead> <tbody> <tr> <td>ұры</td> <td></td> <td></td> </tr> <tr> <td>Алдаркөсе</td> <td></td> <td></td> </tr> <tr> <td>алтын</td> <td></td> <td></td> </tr> <tr> <td>егек</td> <td></td> <td></td> </tr> </tbody> </table>	Зат есім	Жалқы есім	Жалпы есім	ұры			Алдаркөсе			алтын			егек					
Зат есім	Жалқы есім	Жалпы есім																		
ұры																				
Алдаркөсе																				
алтын																				
егек																				






## ТӨЛ СӨЗДІҢ ТЫНЫС БЕЛГІЛЕРІ

А.С. Калдыбекова,


Қарғалы ауданы

«№2 Бадамша орта мектебі» КММ

қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі

	Қазақ тілі	5 «А» сынып	Мұғалім Калдыбекова А.С.	
<b>Сабақтың тақырыбы</b>	Төл сөздің тыныс белгілері			
<b>Оқу мақсаты</b>	5.4.5.5 - төл сөз, төлеу сөз, автор сөзінің жасалу жолдарын, қызметін білу, төл сөзді төлеу сөзге айналдыру			
<b>Сабақ мақсаты</b>	<p>Барлық оқушылар орындай алады:</p> <p>төл сөз, төлеу сөз, автор сөзінің жасалу жолдарын, қызметін білу, төл сөзді төлеу сөзге айналдырады.</p> <p>Оқушылардың көпшілігі орындай алады: төл сөз, төлеу сөз, автор сөзінің жасалу жолдарын, қызметін білу, төл сөзді төлеу сөзге айналдырып, талдау жасайды.</p> <p>Кейбір оқушылар орындай алады: төл сөз, төлеу сөз, автор сөзінің жасалу жолдарын, қызметін білу, төл сөзді төлеу сөзге айналдырып қолдана алады, пунктуациялық ұғымдарын кеңейтеді.</p>			
<b>Бағалау критерийі</b>	Төл сөз, автор сөзі, төлеу сөздің тыныс белгілерін сақтайды, қолдана алады;			
<b>Барысы</b>	<b>Педагог әрекеті</b>	<b>Оқушы әрекеті</b>	<b>Бағалау</b>	<b>Ресурстар</b>
Үй тапсырмасы	<p>«Алтын қақпа» стратегиясы арқылы үй тапсырмасын сұрау.</p> <p>«Қола қақпа» сұрақтары</p> <p>«Күміс қақпа» сұрақтары</p> <p>«Алтын қақпа» сұрақтары</p>	Оқушылар үй тапсырмасына жауап береді.	Критериалды бағалау	Слайд
<b>I.Сабақтың басы</b>  	<p>Сабақ тақырыбы «Жұмбақ сурет» стратегиясы арқылы өрбиді.</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>Бүгінгі сабақта тақырып кім туралы болады?</li> <li>Қандай тақырып маңайында өрбиді?</li> <li>Сабақтың мақсаты қандай болмақ?</li> </ol> <p>«Оқу атысы» стратегиясы Бірінші шеңберге сабақтың тақырыбы жазылады. Екінші шеңберге оқушыларға «миға шабуыл» өткізу арқылы тақырыптың не туралы болуы мүмкіндігін, ал үшінші шеңберге сабақтың мақсатын жазады.</p> 	<p>Әр топ берілген сөздерден сөйлем, шағын мәтін құрайды. Оқушылар «ой қозғау» арқылы ойланады. Дескриптор</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>- оқушылар жаңа тақырып туралы болжам жасайды.</li> <li>- әркім өз ойларын айтады.</li> <li>- өз жауаптары дұрыстығын салыстырады, көз жеткізеді.</li> </ul> <p><b>Сабақ мақсатын анықтайды:</b> Сабақ критерийлерін шығарады:</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>• Төл сөздің тыныс белгілері</li> <li>• Маңызын анықтау</li> <li>• Мысал келтіре алу</li> <li>• Қолдана алу</li> </ul>	Ауызша мадақтау Оқушылар өзара бірінің жауабын бірі бағалау әрекетін жүзеге асырды	Инте- ративті тақта



<p><b>II. Сабақтың ортасы</b></p> 	<p>Сыныпты төрт топқа отырғызып, жаңа тақырыпты меңгерту мақсатында жеке тапсырмаларды үлестіру.</p>	<p>Оқушылар тақырыпты оқиды, меңгереді. Оқулықпен жұмыс: а) өзім оқимын, мәселе қоямын, ойланамын. <i>не туралы?</i> ә) жұп арқылы жұмыс: диалог құру. Оқушы өз оқығанымен көршісімен пікір алмасады.</p>	<p>Критерийлер арқылы бағалау</p>	<p>Интерактивті такта</p>
	<p>«Кунгфу» стратегиясы Т.Ж. Сызбалармен жұмыс <i>Жазба жұмысы</i> <i>Абай былай деді</i> <i>Баланың жақсысы – қызық, жаманы – күйік</i></p>	<p>Оқушылар берілген мәтіндегі төл сөзге тән тыныс белгілерді дене қимылдары арқылы көрсетеді. Дескриптор - берілген сөйлемнің тыныс белгісін қояды. - төл сөз бен автор сөзінің орналасуына сай тыныс белгілерін қояды</p>	<p>Ауызша мадақтау</p>	
<p><b>III. Сабақтың соңы</b></p>	<p>«Шындық пен жалған» стратегиясы</p>	<p>Дескриптор - өтілген тақырып бойынша білімдерін бекітеді, - сыни тұрғыдан ойлап жауап береді, - талдау жасайды.</p>	<p>«Бас бармақ» әдісі арқылы оқушылардың түсіну дәрежесін анықтау.</p>	<p>Интерактивті такта</p>




### Ж.ӘБДІРАШЕВ «ДАЛА, СЕҢІҢ ҰЛЫҢМЫН» ӨЛЕҢІ

**Ұ. Таңжарыққызы,**  
Қызылорда облысы, Жалағаш ауданы,  
Есет батыр ауылы, 124 ОМ

<p><b>Күні</b></p>	<p>05.10.2021 ж</p>
<p><b>Пән: әдебиет Сынып: 10а</b></p>	<p>Қатысушылар саны- Қатыспағандар саны-</p>
<p><b>Оқу бағдарламасына сәйкес оқыту мақсаттары</b></p>	<p>11.1.1.1 - әдеби шығармаға сюжеттік-композициялық талдау жасау арқылы жанрлық ерекшелігін түсіну; 11.2.3.1 - шығарма идеясы мен көркемдегіш құралдардың байланысын талдау;</p>
<p><b>Сабақтың мақсаты</b></p>	<p><b>Барлық оқушылар:</b> Тыңдалған мәлімет бойынша негізгі ойды анықтай алады</p> <p><b>Оқушылардың басым бөлігі:</b> Негізгі ойды анықтай отырып, әдеби шығармаға сюжеттік-композициялық талдау жасай біледі</p> <p><b>Кейбір оқушылар:</b> Әдеби шығармадағы көркемдегіш құралдардың байланысына талдау жасай біледі</p>
<p><b>Бағалау критерийі</b></p>	<p>Тыңдалған мәлімет бойынша негізгі ойды анықтайды Әдеби шығармадағы көркемдегіш құралдардың байланысына талдайды</p>



<b>Тілдік мақсаттар</b>	<p><b>Негізгі сөздер мен тіркестер:</b> Туған дала, Отан, атамекен т.б.</p> <p><b>Сыныптағы диалог/ жазылым үшін пайдалы тілдік бірліктер:</b> Менің білуімше; өз пікіріме мынадай дәлелдер келтіремін; оның себептері жоқ емес; себебін былай түсіндіре аламын.</p> <p><b>Талқылауға арналған тапсырмалар:</b></p>			
<b>Құндылықтарға баулу</b>	<ul style="list-style-type: none"> <li>• Өзіне және айналадағы адамдарға құрмет;</li> <li>• Ынтымақтастық;</li> <li>• Жауапты азаматтық позиция;</li> </ul> <p>Аталған құндылықтар сабақ тақырыбы арқылы оқушылардың жеке отырып жұмыс жасалулары, сын тұрғысынан ойлай білу, ақпаратты өңдей білу, өзіндік көзқарасын дәлелдей алу дағдылары негізінде жүзеге асады.</p>			
<b>Пәнаралық байланыс</b>	тарих			
<b>Алдыңғы білім</b>	Ақын туралы білетін мәліметтері бар			
<b>Сабақтың кезеңі/ уақыт</b>	<b>Педагогтің әрекеті</b>	<b>Оқушының әрекеті</b>	<b>Бағалау</b>	<b>Ресурстар</b>
<b>Сабақтың басы 10 мин</b>	<p><b>Ұйымдастыру кезеңі</b> Сыныпты түгендеу. Оқушының назарын сабаққа аудару.</p> <p><b>Үй тапсырмасын сұрау</b> О.Бөкейдің «Атау кере» повесінен алынған үзіндінің соңғы бөлімін оқу Тағанның сөзін негізге ала отырып, «Неге біз осы...» деп басталатын монолог жазу Суреттер бойынша тақырыпқа болжам жасау</p>  <p>Суреттер сендерге қандай ой салады? Туған ел, туған жер, Отан тақырыбын жырлаған қандай қазақ ақын – жазушыларын білесіңдер?</p>	<p>Кейіпкер сөзін өз сөзімен монолог жазу арқылы тарқатады</p> <p>Жаңа тақырыпты ашу мақсатында сұрақтарға жауап береді</p>	Ауызша комментарий («Жарайсын»), «Керемет» сөздері арқылы бағалау	Қазақ әдебиеті оқулығы 11-сынып
<b>Сабақтың ортасы 20 мин</b>	<p><b>Ақын өмірі және шығармашылығы туралы мәлімет беру</b> Әдебиетке ХХ ғасырдың 70 жылдардың басында келген Жарасқан Әбдіраш өлеңуған ел, өжер, тлкесінде өзіндік қолтаңбасымен көрінген ақын. Оның «Найзағайлы жаз», «Дала, сенің ұлыңмын», «Соғыстан соң туғандар», «Перзент парызы» атты өлеңдер жинағы оқырманды жігерлі үнімен, ашық та таза сезімімен елең еткізді. Ақынның шығармашылық келбетін даралай түсетін басты тақырып – туған дала. Дала қай ақынды болмасын толғантқан арналы тақырып. Кезінде Ілияс Жансүгіровтің далаға арнаған эпикалық кең тынысты туындысы өзге ақын шығармаларынан да дәстүр жалғастығын тауып жатты. 1975 жылы «Дала, сенің ұлыңмын» деген атпен жарияланған кітабына ақын дала туралы перзенттік сүйіспеншілікке толы өлеңдер топтамасын енгізген, «Туған дала» деп басталатын бұл туындыларында ақын қазақ даласының поэтикалық портретін жасайды. Ақын туған өлкесінің тарихын зерделеп, оның алдындағы перзенттік парызын, жауапкершілігін терең сезінеді. Ақындық жолының басты шығармашылық нысанасына айналатынын ашық айтады сезіндіреді. Дала – поэтикалық образ. Ақын дала дегенде, ең алдымен, туған халқын, оның жомарт мінезі мен батырлығын, әр алуан психологиясын ұғынады.</p>	Өлеңді мәнерлеп оқып, мазмұнын ашу үшін сұрақтарға жауап береді	Берілген кесте бойынша бағалау	





<p><b>10 мин</b></p>	<p>1-тапсырма «Дала, сенің ұлыңмын!» өлеңін оқу Автор осы шығарма арқылы қандай мәселені көтерген? Бұл шығарманы жазудағы мақсаты неде деп ойлайсыңдар? Даланың қаратау болып қайғырғаны қай кезең? Ар мен намысты ардақ тұтып аққан жұлдыздар кімдер? Дала кім болып сыр шертеді? 2-тапсырма Шығармадан алынған құндылықтардың біреуін таңдап алып, өз таңдауларын түсіндіру 1. Туған жерге деген махаббат 2. Отбасындағы сыйластықты сақтау 3. Отан алдындағы парыз 4. Даланың дарынды перзенттерін ұлықтау 5. Ел тарихын ұмытпау 3- тапсырма Әдеби шығармаға сюжеттік-композициялық талдау жасау</p>	<p>Өлең шумағына композициялық талдау жасайды</p>	<p>Өзін өзі бағалау 1-тапсырма 3 балл  2-тапсырма 3 балл  3-тапсырма 4 балл</p>	<p>Ғаламтор мәліметтері          Дәптермен жұмыс</p>
<p><b>Сабақтың соңы</b> <b>5 мин</b></p>	<p><b>Үйге тапсырма</b> Поэмадан өзіне әсер еткен үзіндіні жазып алып, оқырман ретінде алған әсеріңмен бөлісіп, монолог жазыңыз (100-150 сөз)</p>			
<p>Саралау – Сіз қосымша көмек көрсетуді қалай жоспарлайсыз? Сіз қабілеті жоғары оқушыларға тапсырманы күрделендіруді қалай жоспарлайсыз?</p>	<p>Бағалау – Оқушылардың үйренгенін тексеруді қалай жоспарлайсыз?</p>	<p>Денсаулық және қауіпсіздік техникасын сақтау</p>		
<p>Ерекше қабілетті оқушылар шығарманы оқу арқылы оған арқау болған оқиғаны анықтайды, өлең шумақтарына талдау жасайды Көмекті қажет ететін оқушылар бейнематериалды тыңдап, тақырып бойынша түсінгенін айта алады және сұрақтарға жауап береді</p>	<p>10 балдық шкала арқылы өзін-өзі бағалау</p>			
<p>Ойлану Сабақ мақсаттарым жүзеге асырымды болды ма? Бүгін оқушылар нені үйренді? Мен жоспарлаған уақытымды ұстандым ба?</p>				
<p>Жалпы баға Сабақтың жақсы өткен еі аспектісі 1... 2. ... Сабақты жақсарту үшін қандай өзгеріс енгізуге болады? 1.... 2. Сабақ барысында сынып туралы немесе жекелеген оқушылар туралы нені білдім , келесі сабақтарда неге көңіл бөлу қажет?</p>				





## ТӘРБИЕШІ ЖАЗБАЛАРЫ



### «Ж» ДЫБЫСЫ ЖӘНЕ ӘРПІМЕН ТАНЫСТЫРУ



*Ж.О. Дарменкулова,  
Ақтөбе қаласы,  
МКҚК «№28 «Көркем»  
балабақшасының  
тәрбиеші*

**Б**ілім беру саласы. Қатынас. Ұйымдастырылған оқу қызметі. Сауат ашу негіздері.

**Тақырыбы:** «Ж» дыбысы және әрпімен таныстыру.

**Мақсаты:** Ж дыбысының айтылу артикуляциясымен танысады. Басқа дыбыстардың ішінен айыра біледі, үйренеді

**ҰОҚ өтілу барысы:**

#### **I. Психологиялық дайындық**

«Қайырлы күн» деп айтамыз,

Түсте бірге қайтамыз.

Отбасының гүліміз,

Көңілді өтер күніміз.

#### **II. Өткен ұоқ пысықтау.**

**Сұрақ -жауап**

#### **III. Қызығушылықты ояту**

ұнтаспадан араның дыбысталуын тыңдату.

• Ненің дыбысын естідіңдер?

• Ал, балалар, ара сияқты дыбыстайықшы – Ж Ж Ж

• Олай болса, бүгінгі танысатын жаңа дыбысымыз Ж ж дыбысы мен әрпі. Ж дыбысын бәріміз хормен айтайық.

• Созып айтуға келе ме? (жоқ)

Ендеше бұл қандай дыбыс? (дауыссыз)

• Ж дыбысының баспа және жазбаша түрімен танысайық!

#### **III. Ой қозғау**

Балалар таяқшалардан Ж әрпін құрастырады.

• Ж ж дыбысының таңбасы қандай жәндікке ұқсайды? (көбелекке)

• «Көбелектер неге гүлге қонады?» Балаларды жауабы тыңдалады.

#### **IV. Ой қозғау.**

«Үш көбелек» ертегісін түсіндіру.

Ертегі барысында көбелектер әр түрлі кедергілерге ұшырайды. Сол кедергілерден өту үшін әр түрлі тапсырмаларды орындау қажет. .

**Лала гүлі. Педагог жетекшілігімен ойын: «Мені тауып көр» слайд**

суреттегі заттардың атауларын атап, ж дыбысынан басталатын және ж дыбысы ортасында, аяғында кездесетін заттарды атайды.

Бұл тапсырмадан ж дыбысының сөз басында, ортасында, аяғында келетіндігін түсіндіру.

**Қызыл қызғалдақ. Педагог жетекшілігімен ойын:**

**«Қай буын артық?» слайд**

Бұл тапсырмада бірнеше буындар беріледі. Сол буындардан сөз құрайды. Артық буынды айтады. Сөздерге дыбыстық талдау жасайды.

- жы - нал - лан - дыз -жұл -зыл

**Сары раушан. Құрлымдалған ойын: «Гүл құрастыру» слайд**

Тақтаға бірнеше суреттер ілінеді. Сол суреттегі заттың атын атап, сөйлем құрастыруы керек. Әр сөйлемде неше сөз барын анықтау.

**Педагог жетекшілігімен ойын: «Кім тапқыр?» ойыны. Жұмбақтар шешу (слайд)**

Күндіз бәрі қашады,

Түнде аспанды басады. (жұлдыз)

Ішіне тамақ салынған,

Есігі тастай жабылған. (жұмыртқа)



Жерден шығар көгеріп,  
Беліне қылыш байланып. **(жүгері)**

**Релаксация.**

Күн жылуын беріп көбелектердің қанаттарын кептіреді. Қуанған көбелектер гүлден гүлге ұшып-қонып билейді. Бұл ертегіден көбелектердің айырылмас достығын көрдік.

Достық тақырыбында қандай мақал-мәтелдер білесіңдер?

1. Досы көпті жау алмайды, Ақылы көпті дау алмайды.
2. Досыңа өтірік айтпа.

**V Қорытындылау.  
Балаларды мадақтау.**



**СУ АСТЫ ПАТШАЛЫҒЫНА САЯХАТ**



*Е. Т. Джарилкапова,  
Ақтөбе қаласы,  
МКҚК «№28 «Көркем»  
балабақшасының  
тәрбиешісі*

**Б**ілім беру саласы: Таным, шығармашылық, қоршаған орта  
**Тақырыбы:** «Су асты патшалығына саяхат»

**Мақсаты:** Балаларды теңіз балықтарымен таныстыра отырып, өз ойларын тұжырымдап айта алады.

**Әдіс- тәсілдер:** Әңгімелеу, көрсету, түсіндіру, салыстыру, сергіту сәті, сұрақ - жауап.

**Ресурстар:** Балықтардың суреттері, алтын балық, желім, сүлгі, түрлі- түсті бояулар.

**Тәрбиеші:** Балалар көңіл күйлерің қалай? Тамаша керемет! Қандай әдемі болып келгенсіңдер, себебі бүгінгі біздің күніміз ерекше күн болмақ.

Қане балалар, бүгінгі күнімізді бастамас бұрын бір- бірімізге жылуымызды сыйлап алайық.

**Жылулық шеңбері:**

Дөңгеленіп тұрайық.  
Шеңберді біз құрайық.  
Қол ұстасып бәріміз,  
Ақ тілекті жолдайық.  
Әлемде нұр тыныштық.  
Әрбір бейбіт күн ыстық.

Қайырлы күн балалар.

Қайырлы күн достарым.

Балалар айналамызға қарайықшы, біз нені көріп тұрмыз, айналамызда нелер бар?

- Теңізді көріп тұрмыз, кемелерді, талдарды көріп тұрмыз.

Ия балалар дұрыс айтасыңдар, ненің дыбысын естіп тұрсыңдар

- Судың, құстардың

Қандай керемет көрініс өте әдемі екен.

Балалар осы айналамыздағы көріп тұрған суды, құстарды талдарды біз бір сөзбен не деп айтамыз.?

- Табиғат дейміз.

- Табиғат нешеге бөлінеді?

- Екіге бөлінеді, тірі және өлі табиғат.

- Жақсы, балалар жарайсыңдар.

Мен сендерге бір жұмбақ жасырамын, ал сендер шешуін табыңдар.

**Жұмбақ жасыру.**

Жүріп кетсе соңында,

Қалып жатқан ізі жоқ **(балық)**

- Балалар, шешуін дұрыс таптыңдар.

- Бүгін біз балықтар туралы көп мағлұматтар білетін боламыз.

- Балалар, балықтар қайда тіршілік етеді?

- Немен қоректенеді

- Қандай балықтардың түрлерін білесіңдер?

- Су астында тағы қандай тіршілік иелері бар?

Өте әдемі су асты патшалығы деп айтсақта болады.

Балалар сендер осы таңғажайып су асты патшалығына саяхатқа барғыларың келе ме?

**Балалар: Ия**



**Тәрбиеші:** Су асты әлеміне бару үшін не істеу керекпіз?

**Балалар:** Жүзу керек.

**Тәрбиеші:** Әрине дұрыс. Қане олай болса балалар шеңбер бойымен оңға бұрылайық.

Қолымызды кезекпен алға айналдырамыз, енді алдыға қарай екі қолымызды созамыз.

Ал енді балықтар сияқты жүзейік.

Ой балалар міне су асты патшалығына да келіп жеттік.

*(балалар отырады) (дыбыс естіліп Алтын балық келеді)*

**Алтын балық:** Салем достар! Сендер бұл жерде не істеп жүрсіндер?

Сендер жер бетінде өмір сүресіндер! Су асты патшалығына неге келдіңдер?

**Тәрбиеші:** Сәлеметсізбе Алтын балық! Сізді көріп қатты қуанып тұрмыз! Осы су асты патшалығында сіздің ғажайып әлеміңіз бар екенін естіп келдік.

Мына кішкентай бүлдіршіндер осы ғажайып әлемді өздері көріп, толығырақ мағлұмат алайық деп келдік.

**Алтын балық:** Ой қандай керемет! Ия менің ғажайып сиқырлы әлемім бар. Бірақ оны көру үшін сендер менің сиқырлы тапсырмаларымды орындау керексіңдер.

**Тәрбиеші:** Ал балалар не дейсіңдер? Алтын балықтың тапсырмаларын орындауға дайынсыңдар ма?

(Алтын балық тапсырмаларын береді)

**Тәрбиеші:** Міне балалар! Алтын балық тапсырмаларын берді. Қане бірінші тапсырмасын орындайық. Бірінші тапсырмасы.

«**Ғажайып теңіз**» деп аталады екен.

Ең алдымен тапсырманы орындамас бұрын, топқа бөлініп алайық.

**Топқа бөлу:**

1. Сары түсті балық
2. Қызыл түсті балық
3. Көк түсті балық

**1. «Ғажайып теңіз»** (педагог жетекшілігімен ойын)

Түрлі –түсті балықтардан теңіз түбі композициясын құру.

Балықтың бейнесін құрастыра, жапсыру

1-ші Топқа фетрамен жұмыс.

2-ші Топқа триз арқылы суретті бояу (ватманда балықтардың бейнесі көрсетіліп тұрады).

3-ші Сенсорика (солевая тесто) түрлі-түсті құмдарды қалыптарға орналастыру.

*(Ойынды, тапсырманы басынан аяғына дейін жетекшілік етіп ойынды жүргізу).*

Алтын балық сізге балалардың орындаған тапсырмасы ұнады ма?

Қане балалар шаршаған боларсыңдар, ортаға келіп бойымызды сергітіп алайық.

**Сергіту сәті:**

Өзенге біз барамыз.





Еңкейеміз жуынамыз.

1, 2, 3, 4.

Міне болдық әдемі.

Оң қолменнен, сол қолды.

Алға сермеп жүземіз.

Ал балалар қарайық.

Делфин болып билейік.

Міне келдік жағаға.

**Тәрбиеші:** жарайсындар балалар! Ал енді балалар Алтын балығымыздың екінші тапсырмасын орындайық.

## 2. «Түрлі-түсті балықтар» танымдық ойын.

Балықтарды, сандарына байланысты орналастыру.

**Алтын балық:** Балалар сендер өте керемет ақылды шапшаң екенсіңдер өнерлі екенсіңдер!

Сендер менің барлық тапсырмаларымды орындадыңдар!

Мен сендерге қатты риза болып тұрмын. Сол ризашылығымды сендерге мына сыйлықтарыммен білдіргім келеді.

**Тәрбиеші:** Ой қандай керемет балалар! Рахмет Алтын балық!

**Алтын балық:** Балалар сендер барлық менің сиқырлы тапсырмамды жақсы орындадыңдар енді мен сендерді өзімнің ғажайып әлеміме шақырамын.

## 3. Еркін ойын. Балалар Алтын ба-

**лықтың ғажайып су асты әлемінде ойнайды.**

*(Тәрбиеші бақылау жүргізеді, балалар еркін түрде ойнайды)*

**Тәрбиеші:** Балалар жарайсындар, біздің балабақшаға қайтатын уақытымыз болды.

Біз су астында көп қала алмаймыз. Тезірек балабақшаға қайтуымыз керек.

Қане маған бері келе қойындар. (балаларды шеңберге тұрғызу).

**Тәрбиеші:** Балалар сендерге су асты патшалығы ұнадыма?

Алтын балыққа алғысымызды білдірейік.

**Балалар:** Рахмет Алтын балық! Сау болыңыз!

(балалар шеңбер бойымен, қимыл қозғалыстар жасап, балабақшаға келеді)

**Тәрбиеші:** Міне біз балабақшамызға да келдік. Жарайсындар балалар!

Мен сендерге бүгін қатты риза болдым. Сендер өте жақсы өнер көрсеттіңдер.

Мен сендерге Алтын балықтың сыйлығын табыстайын. (Тәрбиеші сыйлық таряды, өзінің жүргізген бақылауынан балаларға мақтау, мадақтау айтады).

**Тәрбиеші:** Балалар жарайсындар!

Айзере сен бүгін өте жақсы суретті боядың, Рамазан сен балықтар туралы көп біледі екенсің, Мадина сен құрастыруда өзіңді ерекше көрсеттің т.б.



## МЕН ЖӘНЕ МЕНІҢ ҰЖЫМЫМ (психологиялық ахуал қалыптастыру тренингі)



*М.А. Ермекбаева,  
педагог-психолог  
Ақтөбе қаласы,  
МКҚК «№28 «Көркем»-  
балабақшасы*

**М**ақсаты: педагогтар арасында қарым – қатынасты нығайту, жағымсыз көңіл-күйден арылу, күш қуат жинау, өзін - өзі тану, құрметтеу, өзін еркін сезінуге көмектесу.

1. Амандасу: «Сәлем, сөздің анасы» түстес түстер сәлемі

2. «Өнерлі ойға ие, өнегелі тұлға қалыптастыру»

Жүргізуші: 1. Қайырлы күн құрметті қонақтар, қатысушылар және әріптестер!

Адамның көңіл күйі сергек болса, айналасындағы болып жатқан өзгерістерді жақсы оймен қабылдайды демекші, қазіргі уақытта көңіл күйлеріңіз қалай?

Екі қолыңызды жоғары көтеріп 3 рет шапалақтап көңіл – күйімізді білдіріп қоялық.

Жүргізуші: «Бір күнгі танысыңа, қырық күн сәлем» дегендей амандасып алалық.

Қатысушылардың орындықтарының арқасында жасыл, сары, қызыл, көк, ақ түсті қағаздар ілінеді. Түстері сәйкес келген адамдар бір-бірімен амандасады.

1 қатар -10 қатар (көк түстілер) Сәлем! Дөп екі қолдарын жоғары көтеріп амандасады.

2 қатар-9 қатар (сары түстілер) Hai- деп оң қолдарын көтеріп амандасады.

3 қатар-8 қатар(жасыл түстілер) Бір бағытта айналып оң қолдарын көтереді.

4 қатар- 7 қатар(қызыл түстілер) қолдарын кеуделеріне қойып бастарын иеді.

5 қатар – 6 қатар (ақ түстілер) бір-бірімен қол алысып амандасады.

Жарайсыңдар енді орнымызға отырмас-тан сіздермен 10минуттық жаттығу жасағым келіп тұр. «Достық көпірін жасайық» Қол-

дарыңызды жоғары ұстап, біріктіреміз, бір бірімізге күлімсіреп, жақсы көңіл күй сыйлайық.

Сүйеміз барлық әлемді,  
Әлемдегі бар елді.

Бақыттымыз осы біз,  
Қасымызда досымыз.

1 - Дизайнерлер, 2 - білімділер, 3 - Журналистер, 4 - Суретшілер, 5 - бишілер, 6 - вокал Естеріңізге салатын жайт:

Тапсырма уақыты шектеулі. Ұжымдасып ойлануға 5 минут, орындауға 3минут

1. Киім пішу дизайнер мамандығына тапсырма. Қазіргі заманға сай «Жаңа форматтағы мұғалім киімі» үлгісін ұсыну. Керекті құралдар: плакат, қайшы, түрлі-түсті қағаздар, маталар, лента, скоч, клей, маркер т. б. ұсынғалы отырған үлгіге ат қояды, қорғайды.

Жүргізуші: Рахмет. Он саусағынан өнер тамған, шеберлерге қошемет!

2. «Білімділер» тапсырма.

Друлды ойыны «Тез тап!» кроссворд шешу.





3. Журналистер мамандығына тапсырма Абай Құнанбаевтың 176 жыл байланысты сұхбат алу және өлең жолдарын сұрау.

4. Суретшілерге тапсырма. Өз ойларынан туынды шығару қылқаламмен емес дәстүрден тыс құралдарды қолдану арқылы сурет салу.

5. Бишілерге тапсырма. Тәуелсіздіктің 30 жылдығына арнап би ойлап шығару билеп беру

6. Вокал тапсырма. Отан туралы ән орындап беру

Құрметті әріптестер біздің эксперттеріміз барлығын саралап отыр қай мамандық иелері жақсы көрсеткіш көрсетті соны соңында білеміз.

«Автомобильдер» жаттығуы (10 мин. )  
Мақсаты: қатысушыларды мақсатқа жету үшін өз өмірін өзі басқару керек екенін түсінуге жетелеу.

Психолог. Енді біз жұптасып, бір-біріміздің артымызда боламыз, алда тұрған қатысушының беліне қол қоямыз. Жұптың біріншісі-автомобиль, екіншісі-жүргізуші. Жолды тек жүргізуші көреді. "Көлік" көздерін жұмып, қолдарын алдында ұстайды. Менің сигналым бойынша сіз қозғала бастайсыз. Жүргізуші апатқа ұшырамас үшін машинаны осылай жүргізуі керек және ол қайда және қалай қозғалу керектігін түсіндір-

мейді, тек ауызша емес, яғни сөзсіз басқарады. (Барлық қатысушылар автомобиль және жүргізуші рөлінде болады. ) Нұсқаулық: Бұл ойын туралы не ойлайсыз? Жүргізуші рөлінде өзіңізді қалай сезіндіңіз? Көлік рөлінде өзіңізді қалай сезіндіңіз?

#### **Қорытынды «Суретті тест» жаттығуы**

**Психолог:** Құрметті әріптестер бүгінгі тренингіміз қалай өтті? Барлығымыз қандай әсер алдық? Қорыта келе тренингтен алған әсерлерімізді осы «Суретті тест» жаттығуы арқылы білетін боламыз. Қатысушыларға ақ парақ таратылады. Тренингтен алған әсерін, ақ параққа бұлт, жаңбыр, күн, жасыл шөп суретін салуы арқылы білдіреді.

**Талдау. Күннің суреті** - тренингке қатысушының толық қанағаттанғаны, көңілденгені.

**Бұлттың суреті** - алған әсері төмен.

**Жаңбырдың суреті** - ешқандай әсер алмаған.

**Жасыл шөптер** - көңілді, жақсы әсер алғаны.

- Құрметті әріптестер! Біздің сіздермен кездесуіміз өз мәресіне жетті. Бірақ біздің жолымыз әлі соңына жеткен жоқ, біз әрдайым қозғалыстамыз. Олай болса ХХІ ғасырдың жаңашыл, шығармашылықтарыңыз толағай табыстарға толы шебер маман иесі болуларыңызға тілектеспін!



## 4 САНЫ МЕН ЦИФРЫ

*Р.Ж. Искакова,  
Мұғалжар ауданы,  
Қандыағаш қаласы,  
МКҚК «Күншуақ» бөбекжайы -  
бақшасының тәрбиешісі*

**Мақсаты:**

**Білімділік:** балалар 4 санын біледі және цифрын жаза алады.

**Дамытушылық:** балалардың ой өрісін 4 санының құрамы, есеп құрастыру арқылы ойлау қабілеттерін дамыту.

**Тәрбиелік:** эстетикалық тәрбие беру.

**Қолданылатын әдіс-тәсілдер:** түсіндіру, ойын, кім жылдам, сұрақ-жауап, топпен, жеке жұмыс.

**Қолданылатын көрнекіліктер:** тақта, сандар, үлестірмелі материалдар, суреттер, дәптер.

**Ұйымдастыру кезеңі:**

Шаттық шеңбері:

Мынау менің жүрегім,

Барлығы осыдан басталған.

Мынау менің басым,

Бәрін осы басқарған.

Мынау менің оң қолым,

Бәрін осы тындырған.

Саламатсыздар ма,

Амандасып алайық,

Жұлдыздай жарқырайық,

Бүгінгі күнді бастайық.

(Ой қозғау мақсатында балаларға сұрақ арқылы диалог құру)

**Тәрбиеші:** Балалар, жылдың қай мезгілі?

**Балалар:** Күз мезгілі.

**Тәрбиеші:** Күз мезгілінде неше ай бар?

**Балалар:** Күз мезгілінде үш ай бар: қыркүйек, қазан, қараша.

**Тәрбиеші:** Бәрекелді балалар, дұрыс айтасындар!

Балалар есік қағылған сияқты, бізге қонақ келген сияқты. (Ішке мұғалім кіреді.)

**Мұғалім:** Саламатсыздар ма, балалар! Мен мектептен келіп тұрмын. Сендердің білімдеріңді көрейін деп келдім. Менің сіздерге тапсырмаларым бар.

**Тәрбиеші:** Төрлетіңіз, қош келдіңіз! Ал, балалар, апайдың тапсырмаларын өз білімдеріңізбен тиянақты, ұқыпты орындайық.

**I тапсырма:** 1 ден 10-ға дейінгі сандарды оң және кері сана.

**II тапсырма:** 1, 2, 3 сандарының жақ көршілерін ата.

**Балалар:** 1, 2, 3 сандарының жақ көршілерін атап береді.

**Сыни тұрғыдан ойлату.**

Жаңа сабақты бастамас бұрын ой қозғату мақсатында балаларға сұрақ арқылы диалогқа түсу.

**Жұмбақ шешейік:**

**Тәрбиеші:**

Оң қолымда екі алма,

Сол қолымда екі алма.

Алмаларды қосқанда,

Болады екен қанша алма?

**Балалар:** Жауабы: төрт

**Тәрбиеші:** Бір жылда неше мезгіл бар?

**Балалар:** Бір жылда төрт мезгіл бар. (Қыс, көктем, жаз, күз)

**Тәрбиеші:** Машинада неше дөңгелек бар?

**Балалар:** Машинада төрт дөңгелек бар.

**Тәрбиеші:** Төрт түлік малды атайықшы.

**Балалар:** Түйе, сиыр, жылқы, қой.

**Тәрбиеші:** Міне, балалар, осы 4 санының құрамымен танысайық. 4 саны 1+3; 2+2; 4+0; сандарынан тұрады екен. Енді 4 санын балалар ауада жазып көрейік.

(Жоғарыдан төмен жартылай қарай, жартылау және жоғарыдан төмен толық сызу).

**Тәрбиеші:** Жарайсындар балалар, бәрекелді!

**Педагогтың жетекшілігімен жүргізілетін ойын:**

«Кім жылдам?»

Балалар мен сендерге үлестірмелі материалдар беремін. 4 санын тез, тез тауып қоршап шығамыз.

Балалар шапшаң орындап шығады.

**Тәрбиеші:**

**Сергіту сәті:** (Музыка әуенімен)

**Құрылымдағы ойын:**

«Сандарды сәйкестендір».





(Балалар ойынды қызыға, шапшаң орындап тастайды).

**Тәрбиеші:** жарайсыңдар балалар, тамаша! **Дәптермен жұмыс.**

4 санын суреттермен теңестіріп жазып шығу.

**Қорытынды:** текше арқылы сұраққа жауап беру.

**Мұғалім:** Жарайсыңдар, балалар! Білімді екенсіңдер! Мен сендерді сиқырлы фотоаппаратпен суретке түсірейін. (Балаларды суретке түсіреді).

паратпен суретке түсірейін. (Балаларды суретке түсіреді).

**Нені білді?:** 4 санын айтып, жаза алады.

**Не түйді?** Логикалық тапсырмаларды орындай алады.

**Нені игерді:** Дәптердегі тапсырмаларды жаза алады.

**Тәрбиеші:** (марапаттайды) Жарайсыңдар, балалар бәрекелді!



## БАҚБАҚ

*Э.А. Камалова*

**Ұйымдастырылған оқу қызметінің түрі:** Сурет салу

**Мақсаты:**

Балалар көктемгі табиғат ерекшеліктері туралы түсінікке ие.

Балаларға көктемде өсетін бақбақтың бейнесін салуды біледі.

Табиғатты сүйе біледі, жанашырлықпен қарайды.

Дәстүрден тыс сурет салу жолдарын біледі.

**Ресурстар:** Суреттер, дидак материалдар.

Әдіс-тәсілдер: 4К моделі, саралау, бақылау.

**Ұйымдастырылған оқу қызметінің ба-рысы.**

**Сергіту сәті:**

Арайлап таң атты,

Алтын нұрын таратты.

Сәлеметсізбе балабақша,

Сәлеметсіздерме достарым.

**Қызығушылықтарын ояту.**

**Суретпен жұмыс.**

Балалар қараңдаршы мынау қандай әдемі гүл сендер бұл гүлді көрдіңдерме ?

Қай жерде өседі?

Сыни ойлау.

**Бақ бақ гүлімен таныстыру.**

**АКТ технологиясы**

**Бақбақ гүлі туралы ертегі.**

Көктем келді. Бір күні көгал арасынан кішкентай бақбақ гүлі шығып жан- жағына қарап:

- Қызық! Ертең мен өскенде қандай болар едім?- деп ойланады. Бір кезде жай жаңбыр жауды, бақбақ оданда жоғары өсіп, аспандағы күнді көреді:

- Мәссаған! Анау күн секілді жап жарық болып өсем ғой! - деп армандайды. Оны естіген күн жымия төменге қарап, бақбақ гүлді сары түске айналдырады.

Күн сайын ол сарғайып жәндіктердің күні болады.

Арада күндер өтеді бақбақ гүлі аспанда жылжып бара жатқан аппақ, үлпілдеген бұлттарды көреді.

- Мәссаған! Менде анау бұлттар секілді аппақ болсам ғой!- дейді. Жоғарыдағы бұлттар төменге қарап, әлгі бақбақты аяғы бар бұлтқа айналдырады. Кенеттен жел соғып бұлттар жан жаққа ұша бастайды, алыс-алыс жерлерге. Бірақ ұшқан бұлттар қонған жерлерінде, алдымен сары күн түстес, содан кейін ақ бұлт түстес болып, осылайша бақбақ гүлдері пайда болған екен.

- Балалар, бақбақ гүлі ең алдымен неге ұқсағысы келеді?

- Содан кейін ақ түсті нені көреді?

**Слайд пен жұмыс(гүлдің түрлері суреттер мен таныстыру)**

**Педагог жетекшілігімен ойын:** «Мүқият бол!» Шарты: бір неше сөздер айтылады соның ішінен «бақбақ» сөзін естісе шапақтайды.



Мақсаты: Шапшандыққа, ойлау қабілетін дамыту.

**(Қызғалдақ, тоқылдақ, бақбақ, тақпақ, бақбақ, балмұздақ, жапырақ, бақбақ, топырақ, бақбақ, қызанақ, қуырдақ, бақбақ)**

- Балалар көбелекке қонуға болатындай гүлдер әлемін жасап берейікші.

Мақта таяқшасымен бақбақ гүлін жасау.

Балалар ертегідегі гүлдің пайда болу жолдарымен түстес кийіммен отыра қойындар.

**Жасыл түстілер:** дайын тұрған суреттің күлтешелерін вилкамен бояу.

**Сары түстілер:** дайын тұрған суреттің күлтешелерін жіпті шырпымен бояу.

**Ақ түстілер:** көк беттегі дайын тұрған суреттің күлтешелерін картоп таңбасымен бояу.

**Сергіту сәті:**

Енді біз демаламыз,

Айналаны шоламыз

Қол аяқты кезекпен

Оңға солға созамыз

Күн шыққанда сүйсініп

Бәйшешектей иіліп

Біз тынығып аламыз.

Жиі жиі жаттығып,

үлкен бала боламыз.

**Құрылымды ойын: «Гүлдің мекенін тап».**

Балалар ойын барысында гүлдің мекенін табады.

4К моделі, Өнім арқылы саралау, жанама бақылау.

**Қорытынды:**

Балалардың жұмыстарын қорытындылау.

- Ненің суретін салдық?

- Бақбақ ол не?

- Балалардың жұмыстарынан көрме ұйымдастыру. Талдау.

Мадақтау.



## «МУЗЫКА ӘЛЕМІ»



**С.Ж. Каюпова,**  
Ақтөбе қаласы,  
«№28 «Көркем»  
балабақшасының  
музыка жетекшісі

**Б**ілім беру саласы: Шығармашылық. Ұйымдастырылған оқу қызметінің түрі: Музыка.

Мақсаты: Музыка арқылы бала бойындағы дүниетанымдық, адамгершілік қасиеттерді дамыту. Өмірге деген сүйіспеншіліктерін жаңа деңгейге көтеру.

**Міндеттері:**

- Музыкалық дыбыстар туралы білімін қайталау және бекіту;

- Бала бойында таныс әуедерді жаңа бағытта сипаттай білу және айыру ;

- Музыкаға деген қызығушылығын арттыру;

**Оқу қызметінің көрнекілігі:** нота, аспаптар, ұнтаспа, шулы аспаптар, баян, фортепиано.

**Оқу қызметінің барысы:**

**Ұйымдастыру кезені:**

Балалар музыка залына әуен ырғағымен кіреді.

**Жетекші:** Сәлеметсіңдер ме, балалар,! Көңіл күйлеріңіз қалай?(музыкалық сәлемдесу)

(Балалар орындарына отырады)

**Жетекші:**

Балалар, менің қолымдағы суреттен ненің бейнесін көріп тұрсыңдар? (кемпірқосақ)

Кемпірқосақта неше түс бар.

Балалар, ал сендердің киімдеріңде қандай бейне тұр? (нота)

«Шыр айналып әлемді



Сикырлайды бар елді.....»

### 1) Ноталар қалашығы

Иа балалар, біздің музыка әлемінде неше нота бар? (7 нотаның түсі осы түстермен белгіленеді)

1-нота қызыл түс

2-нота қызғылт сары түс

3-нота сары түс

4-нота жасыл түс

5-көгілдір түс

6- көк түс

7- күлгін түс (ойын)

Қараңыздаршы бұл не? (Музыкалық нота станына көрсетеді)

Ноталар тұратын сикырлы үй кімнің есінде?

Нота санында неше сызық бар екен? (5)

Барлық ноталардың патшасының аты кім? (Скрипичный ключ)

Музыка әлемінде неше нота бар. 7.

**Жетекші:** Қане ондай болса ноталар орнымыздан тұрып аттарымызды айтайықшы. Кейін ноталарды әндетіп айтамыз.

Ендеше барлық ноталарды әндетейік.

(балалар гамманы әндетеді)

Балалар ал енді ноталар қалашығында біздер онымен қатар музыкалық дыбыстар түрлерімен танысамыз. Ендеше балалар гамманы айтып шығайық. (Музыка жетекшісі пианинода гамманы балалармен айтады)

Тағы саяхатқа аттанамызба?

**Жетекші:** Ендеше балалар!

«Шыр айналып әлемді

Сикырлайды бар елді.....»

Би ырғағына сай музыканың дыбысы естіледі (дыбыс естиміз) .

**Жетекші:** Балалар тыңдаңдаршы бір музыка естілетін сияқты.

Бұл қандай музыка екен?

**Жетекші:** Балалар бұл қандай музыкаға жатады би ырғама әуен ырғағыма? (Би ырғағы)

Дұрыс айтасындар би ырғағы. Балалар біз

### 2) би әлеміне саяхаттап келдік.

#### Музыкалық-ырғақтық қимыл: «Летко-енко»

Балалар Тағыда бір әуен естілетін сияқты. Бұл қандай ән? (Абай Құнанбаев «Желсіз түнде жарық-ай») . Абай Құнанбаев туралы сұрақ-жауап алу.

#### Ән тыңдау: «Желсіз түнде жарық-ай» Абай Құнанбаев (баян аспабында орындау) .

**Жетекші:** Балалар ән не туралы айтыңдаршы сұрақ-жауап.

**Жетекші:** Балалар сендерге ұнадыма?

**Жетекші:** Әрі қарай сахаттайық балалар?

Бір дыбысы естіледі.

**Жетекші:** Қандай ғажап балалар біз қайда келдік?

**Жетекші:** Балалар тыңдайықшы бұл әуенді музыка ма? (Жоқ)

Не естіп отырсындар балалар? (Барабан) .

Біз **3) ритмикалық дыбыстар қаласын келдік.** Ол музыка яғни әуенге жатама балалар? Жоқ дұрыс айтасындар ол ритмикалық дыбысқа жатады. Ритмикалық дыбыстардың қандай түрлері бар кім айтады (шулы дыбыстар және музыкалық дыбыстар) Дұрыс айтасындар.

Қандай музыкалық дыбыстар болады?кім жауап береді? (Қатты-жәй, Жоғары-төмен)

Енді сендердің музыкалық қабілеттеріңді тексеріп көрейікші?

#### Оркестр - «Шулы оркестр ертегісі»

**Жетекші:** әрі қарай саяхатымызға аттанайық?

*ән дыбыс естіледі «Аспаптар-оркестр»*

М. Ж: Тағы да музыка естіледі. Бұл әуен сендерге таныс сияқты ғой? (Таныс)

Бұл не екен? (Ән)

М. Ж. Дұрыс айтасындар балалар біз **4) ән әлеміндеміз.** Біздер түрлі әндер білеміз бірақ ән айтар алдында біздер дауыс жаттығуын жасаймыз, дауыс жаттығуы бізге не үшін керек?

#### Дауыс жаттығуы

#### Ән«Аспаптар-оркестр»

**Жетекші:** Жарайсындар балалар сендер би билейді екенсіңдер әнді де жақсы айтады екенсіңдер

Сикырлы музыка әлемі өте үлкен және біз ол әлемде әлі де көп саяхаттаймыз.

#### Оқу қызметінің қорытындысы:

Жарайсындар балалар маған сендердің билерің әндерің ұнады.

- Музыкада неше нота бар?

- Ритмикалық дыбыстар қандай?

- Абай Құнанбаев кім?



- Қандай ән тыңдадық?
- Қандай ән айттық?
- Сендерге сабақ ұнады ма? Музыка әлемі қызықты болды ма?
- Ия.

- Осындай жақсы көңіл- күймен сабағымызды аяқтаймыз.
- Сау болыңдар!
- (Марш екпінімен залды айналып шығып кетеді)



## «ҚЫСҚЫ ТҮН»

*М.К. Курмангалиева,  
Ақтөбе қаласы,  
№49 «Думан» бөбекжай-  
балабақшасының тәрбиешісі*

**Б**ілім беру саласы: «Шығармашылық».  
Ұйымдастырылған оқу қызметі: Жапсыру.

**Тобы:** Мектепалды даярлау тобы.

**ҰОҚ мақсаты:** жолақшаларды (тікбұрыштар, шаршылар, үшбұрыштар, дөңгелек пен сопақша) пішіндерді қиып алып, (қала бейнесін, жануарларды) құрастырып, қатпарланып бүктелген қағаздан бірдей бірнеше бөліктерді (тау, киіз үй қиып түнгі қыстау мен қала бейнесін) жапсырып, (аяқталмаған қыс тақырыбындағы) ұжымдық панноны жасай алады.

**Көрнекілігі:** Көп салалы үстел үсті ойыны - «Жайлау» макеті, үй жануарлары бейнеленген суретті карточкалар, логикалық тапсырмалар, ұнтаспа, ойынға қажетті құрал-жабдықтар. Әдіс-тәсілдері: сұрақ-жауап, түсіндіру, әңгімелеу, көрнекілік, топтық жұмыс, ойын.

**ҰОҚ барысы:**

I. Ұйымдастыру.

Дидактикалық ойын «Қателесіп қалма» қала мен қыстауда кездесетін заттарды айту барысында қаламен қыстау картинкаларын көрсетіп отырады.

II. Негізгі кезең Қазақ халқының ежелгі кәсібі мал бағу. (әңгімелеу)

- Қыстауда ата – бабаларымыз қайда өмір сүрген?

- Қасиетті киіз үй несімен тиімді?

«Миға шабуыл» әдісі «Не? Қайда? Қашан?» ойыны (сыни ойлау).





Шарты: Түн мезгіліндегі бейнелерді жапсыра отырып, оның не екенін және қайда, қашан болатынына жауап береді.

- Балалар қандай бейне шықты, бүгін біз не туралы айтамыз деп ойлайсыңдар?

**«Қысқы түн» бейнежазба** (меншікті сандық ресурс).

«Сұрақтар алаңы» әдісі.

- Түн мезгілінде сұлбалар қандай түсте болады?

- Неліктен қара түсте болады?

- Фонарик бізге не үшін керек?

**Педагог жетекшілігімен ойын: «Құрастыр».**

Топқа бөлу. (4К моделі) өздеріне ұнаған макеттер арқылы.

Шарты: Дайын бөліктермен қала мен жайлауды құрастырады. Бағалау: «Үш шапалақ».

Тыңдалым мен айтылым.

Қауіпсіз жұмыс ережелері.

Жұмыс кезінде қайшы жүзінің қозғалысын бақыла. Қайшымен ойнама, қайшыны бетіне жақындатпа. Қайшыны мақсатына қарай пайдалан.

**Құрылымдалған ойын: «Түнгі бейне»**

Шарты: әр топ өздеріне берілген үлгілерді құрастырып, кей балалар жетіспес бөлігін пішіндерден қиып, жапсырып, өз жұмыстарын қорғайды.

Қабілетті балалар нұсқау арқылы пішінді өзі қияды.

Жеке жұмыс барысында тікелей бақылау жүргізіледі.

Тікелей бақылау баланың қайшыны ұстауы, пішінді қиюы жіті бақыланады.

«Кір жаю» әдісі (бағалау смайлик)

**Е/О: «Аяқталмаған бейне»** (креатив, қарым - қатынас).

Шарты: берілген ресурстармен «Қыс» мезгіліндегі панноны аяқтайды (ұжымдық жұмыс).

**Кері байланыс:** («Бала үні»)

- Болашақта жайлауда тұрғың келе ме, әлде қалада тұрғың келе ме?

- Қыстауда тұрсаң нені өзгертер едің?

- Қала мен жайлауды қандай пішіндерден жасадық, қиған қиындық туғызды? Неліктен?

- Қысқы түнді жапсыру қиын болды ма?

- Келесі оқу қызметінде немен айналысқыларың келеді?

Сау болыңыздар!



**«ҚЫЗЫҚТЫ ЕРТЕГІЛЕР»**

**М.С. Обаева,**  
Ақтөбе қаласы,  
«№ 49 «Думан»  
бөбекжай- балабақшасы»  
МКҚК-ның тәрбиешісі

**Б**ілім беру саласы: Қатынас.  
Ұйымдастырылған оқу қызметі: Көркем әдебиет.

**Мақсаты:** Таныс ертегінің кейіпкерлерін атап, ертегілер желісін ретімен орналастырып, кейіпкерлердің мінезін сипатай алады.

**Барысы:** Жұмбақтар жасыру (сыни ойлау).

Апасынан қашып кетті. Атасынан қашып кетті. Барлық аңнан құтылды. Түлкіге барып тұтылды. (Бауырсақ).

Тышқан үстелге келіп Жұмыртақаны көреді. Құйырығымен бір түртеді. Жұмыртқа жерге түседі. (Шұбар тауық).

Атай өзі бағынан. Көрді өсіп қалғанын. Ары тартты, бері тартты, Бірақ тарта алмады. (Шалқан).

Тәрбиеші: Балалар жарайсыздар! Бұлар неде кездеседі? Балалар сіздер қандай ертегілер білесіздер? Ертегілерді атайды Балалар ертегілерді жақсы біледі екенсіңдер. Ендеше ертегі кейіпкерлерін біледі екенсіңдер ме екен соны қарайын?

**Педагог жетекшілігімен ойын:** «Кейіпкерді ата» «Суреттер визиткасы» әдісі.

**Шарты:** Балалардың мандайларына суреттер қойылады, қарама-қарсы тұрған бала кейіпкерді сипатап жасырады. Топқа бөліну

**Құрылымдалған ойын:** «Ретімен орналастыр» Шарты: Балалар ертегі бөліктерін сюжеті бойынша ретімен орналастырады, «Елші» әдісімен басқа топтарға өздерінің ертегісін айтып бердеі.

**Еркін ойын:** «Ертегіні сахнала» Шарты: Топтар өздері таңдаған кейіпкерлерін алып ертегілерді сахналайды. Балалар сендерге ҰОҚ-ті қалай өткенін білу үшін «Бағдаршам» әдісімен білгім келіп тұр. Ұнаса жасыл көзді көрсетіндер, орташа өтті десеніздер сарыны, ұнамады десеніздер қызылды көрсетсіңдер.

Балалар бүгінгі ҰОҚ-ті немен ұнады? Қандай ертегілер сахналадыңыздар?





## «ҒАЖАЙЫП КӨКТЕМ»



**Б.К. Садуакасова,**  
Ақтөбе қаласы,  
№49 «Думан»  
бөбекжай-балабақшасы  
МКҚК-ның тәрбиешісі

**Тобы:** «Гүлдер» МАД қазақ тобы.  
**Білім беру саласы:** «Шығармашылық»

**Ұйымдастырылған оқу қызметі:** Жапсыру

**Мақсаты:** Балалар қағазға дайын үлгілерді орналастырып, көктем мезгілінің бейнесін құрастыру барысында объектілердің көлемі бойынша қатынасын, заттардың бөліктерінің пішінін, құрылымын, қатынастарын көріп, жапсыра алады.

**Қолданылатын әдіс-тәсілдер:** түсіндір, сұрақ-жауап, үш шапалақ, бас бармақ, топқа бөлу, «Кір жаю», «Елші әдісі».

**Ресурстар:** Суреттер, А3 форматтағы қағаздар, түрлі түсті қағаздар, қағаз сүлгілер, мақта дискілер, желім, қайшы.

**Барысы:**

**Миға шабуыл.**

**«Кім тапқыр?»**

Қар, мұз еріп, су көбейіп,

Сай салаға толады.

Бүршік жарып, жарық ашып,

Гүл бәйшешек басады.

Бөбектерім айтыңдаршы

Бұл қай кезде болады? (Көктем)

Бала үні

**Суретпен жұмыс.**

- Балалар мына суретте не көріп тұрсыңдар?

- Қазір жылдың қай мезгілі?

- Жарайсыңдар, балалар мына суретті қараңдаршы ішіндегі кейбір заттар жетіспейтін сияқты, қане қажетті заттарын орындарына орналастырып бересіңдер ме?

- Суреттен не көрдіңдер балалар?

(сыни ойлау, айтылым дағдылары бала үні)

- Балалар менімен ойын ойнағыларың келеме?

**Педагог жетекшілігімен ойын:** «Құрастыр»

Шарты: Қиылған қиындыларды құрастырып, шыққан сурет туралы өз ойларын айтады.

- Бүгінгі тақырып не туралы болады деп ойлайсыңдар?

Балалардың жауаптарын тыңдау.

- Дұрыс, бүгінгі біздің тақырыбымыз «Ғажайып көктем».

ҰОҚ жасалатын әрекет таныстырылады.

**Топқа бөлу. (4К моделі) (орындықтарының артындағы сурет арқылы бөлінеді)**

Шарты: Дайын макеттен көктем мезгілінің бейнесін құрастырады. Бағалау смайлик (топпен).

Тыңдалым мен айтылым.

**Қауіпсіз жұмыс ережелері.**

- Жұмыс кезінде қайшы жүзінің қозғалысын бақыла.

- Қайшымен ойнама, қайшыны бетіне жақындатпа.

- Қайшыны мақсатына қарай пайдалан.

**Құрылымдалған ойын:** «Ғажайып көктем».

Шарты: Әр топ өздеріне берілген үлгілерді құрастырып, кей балалар жетіспес бөлігін пішіндерден қиып, жапсырып, өз жұмыстарын қорғайды.

Қабілетті балалар нұсқау арқылы пішінді өзі қияды.

Жеке жұмыс барысында тікелей бақылау жүргізіледі.

Тікелей бақылау баланың қайшыны ұстауы, пішінді қиюы жіті бақыланады. «Кір жаю» әдісі арқылы әр топтан спикер шақырып өздерінің жұмыстарын қорғайды. Балалар үш шапалақ әдісімен өздерінің жұмыстарын бағалайды.

**Еркін ойын:** «Ретімен орналастыр».

Шарты: Жыл мезгілдерін ретімен орналастырады.

«Елші әдісі» арқылы әр топ өздерінің жұмыстарын қорғайды.

**Кері байланыс:** («Бала үні»)



**Рефлексия сұрақтары: «Бала үні»**

- Балалар бүгінгі оқу қызметі сендерге ұнады ма?
- Несімен ұнады?
- Сендерге жеке әлде топпен жұмыс жасаған ұнады ма?

- Көктемді жапсыру қиын болды ма?
- Келесі оқу қызметінде немен айналысқыларың келеді?
- Балалар мен сендерді бүгін бас бармақ әдісімен бағалап, жарайсыңдар дегім келіп тұр. Барлықтарыңызға рахмет.



**ТАҢҒАЖАЙЫП ПЛАНЕТАСЫ**



**Ә.С. Сайымова,**  
Ақтөбе қаласы,  
МКҚК «№28 «Көркем»  
балабақшасының  
тәрбиешісі

**Білімділік:** Баланың математикадан алған білімін тиянақтау, геометриялық пішіндерді танып, ажырата білуін жетілдіру қарапайым сан мен санау түсініктерін қалыптастыру, ғарыш туралы білімдерін бекіту.

**Тәрбиелік:** Сандарды тура, кері санауға үйрету, логикалық ойын арқылы баланың қиялын, ой-өрісін, есте сақтау қабілетін дамыту.

**Шаттық шеңбер:** Балалар, біздің бүгінгі оқу іс-әрекетімізді шаттық шеңберімен бастайық.

- Қуанамыз күлеміз
- Бар әлемді сүйеміз
- Амандасып сіздермен
- Басымызды иеміз.
- Балалар қазір жылдың қай мезгілі? (Қыс)
- Қыс мезгілінде неше ай бар? (3 ай)
- желтоқсан, қаңтар, ақпан.
- Бүгін нешінші күн? Апта күндерін атап өтейікші?
- Балалар нені көріп тұрсыңдар? (үшбұрыш, төртбұрыш, дөңгелектер, тіктөртбұрыш)

- Бұларды бір сөзбен қалай атаймыз? (пішіндер).

Олай болса, алдарыңда қадай геометриялық пішіндер жатыр? (үшбұрыш, тіктөртбұрыш, дөңгелектер). Өлең шумақтарына кезек берейік.

Балалар, мына геометриялық пішіндерден зымыран құрастырайық. Сол зымыранмен таңғажайып математика планетасына ұшып барайық. Көзімізді жұмып 1- ден 5- ке дейін (кері) санайық.

Міне біз таңғажайып планетаға келдік. Планетада біздер Роботты көрдік. Робот бізге тапсырмалар берді.

**1-тапсырма**

«Ғарыш туралы сұрақ»

1. Ғарыш туралы не білеміз?
2. Күн не үшін керек?
3. Ғарышқа немен баруға болады?
4. Ғарышта жүретін адамды қалай атайды?
5. Қазақстанда ең алғашқы ғарышқа ұшқан кімдер? Қане атап айта қояйқшы.

**2-тапсырма**

«Адасқан сандар»

Шарты: Затты сандармен сәйкестендіру.

**3-тапсырма:**

Ойын: «Өз үйінді тап»

Шарты: Әр түрлі пішіндерден, өз үйін табу.

**4-тапсырма**

Жұлдыздарды боя

Шарты: Алдын ала тұзды қамырдан жасалған жұлдыздарды бояйды.

Жарайсыңдар балалар, біздер қайда бардық?





Ол жақта біз кімді көрдік?  
Қандай тасырмалар орындадық?  
Жарайсындар, ендеше бізге Робот бар-

лық тапсырмаларды сәтті орындағанымыз үшін бізге тосын сый әзірлепті (жұлдыз сыйлау).



## КҮН ДИДАРЛЫ ҚАЗАҚСТАН!

**Ж.А. Сарсенбаева,**  
Мәртөк ауданы,  
ТОО Дастан -2016  
«Нұрсәт» балабақшасы

**М**ақсаты: Балалардың Отаны, Рәміздері, Елбасы, желтоқсан оқиғасы, Тәуелсіздік күні туралы түсініктерін молайту. Мәнерлеп тақпақ айтуға, сахналық көріністерді көрсетулер арқылы еліне, отанына деген сүйіспеншіліктерін арттыру. Отанын, елін сүйуге тәрбиелеу.

Еліміздің Тәуелсіздігіне орай өткізілетін мерекелік ертеңгілікке балалар залға вальс билеп кіреді. Мұнан соң барлығы Әнұранды орындайды.

Жүргізуші: Сәлеметсіздер ме, балалар, қонақтар, әріптестер! Бүгінгі 16-желтоқсан Тәуелсіздік күніне арналған балабақ-

шамыздағы мерекелік ертеңгілігімізді бастаймыз.

Рәміздерім – елдігімнің белгісі,  
Білу керек бала – дағы ең кіші.  
Рәміздерім – ӘНҰРАН, КӨК ТҮ, ЕЛТАҢБА,  
Рәміздерді жатқа білген жөн кісі.

Жүргізуші: Балалар, біздің Отанымыз қалай аталады?

Балалар: Қазақстан.

Жүргізуші: Қазақстан қандай мемлекет?

Балалар: Қазақстан тәуелсіз, егеменді мемлекет.

Жүргізуші: Балалар, бүгін міне осы Тәуелсіздік мерекесі күні. Еліміздің президенті кім?

Балалар: Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев.

Жүргізуші: Еліміздің елордасы қай қала?

Балалар: Астана.

Жүргізуші: Астана қандай қала?

Балалар: Астана-бас қала, әдемі, үлкен қала.





Жүргізуші: Дұрыс айтасындар, балалар.  
Отан туралы тақпақтарымызды айтайық.  
Мерей: Отан- жерім, Отан- суым,  
Отан қуат, нәр береді.  
Отан- ұран, Отан- туым,  
Отан мәңгі гүлденеді!  
Санжар: Қуат алған өзінен,  
Туған елдің ұлымын.  
Бақытты етіп өсірген,  
Отанымның гүлімін.  
Зарина: Шырқап көкке аспан – ән,  
Болашаққа бас қадам.  
Қазақ рухын биіктет,  
Ей, бас қалам- АСТАНА !  
Ерсұлтан: Қадамың бар баспаған,  
Асуың бар аспаған.  
Халқым жетсін мұратқа,  
Ей, бас қала - АСТАНА!

Жүргізуші: Біз бүгін тәуелсіздік алған күнімізді мерекелеудеміз. Біздің еліміз тәуелсіз болғандықтан өз мемлекеттік Әнұраны, Елтаңбасы және өзінің мемлекеттік туы бар. Балалар, мемлекеттік туымыздың түсі қандай екен?

Балалар: Туымыздың түсі – көк.

Жүргізуші: Иә, өте жақсы.

– Ал, енді балалар, Рәміздерге байланысты тақпақтарымызды айтайық (балалардың тақпақтары тыңдалады).

Әділет: Елтаңбасы елімнің,

Неткен әйбат, әдемі!  
Тұнығындай көңілдің,  
Ортада- аспан әлемі.  
Әділ: Құт, береке – шаңырақ,  
Орын алған ол төрден.  
Қанатты қос арғымақ,  
Екі жақтан көмкерген.  
Данель: Анаң- күнің, жүрегің,  
Өкең – өмір тірегің.  
Сен- бақытты ұлансың,  
Бәрі саған қуансын!  
Даяна: Көк аспандай көкпенбек,  
Қазақстан жалауы.  
Көк емес ол тектен-тек,  
Елдің ашық қабағы.  
Жанарыс: Тәуелсіздік жолында,  
Талай – талай тер тамған.  
Билігім өз қолымда,  
Еркіндігім – Елтаңбам.  
Наркыз: Аспанымдай мөлдірмін,  
Жайлауымдай жазықпын.  
Өзенімдей өршілмін,  
Гүлдерімдей нәзікпін.  
Архат: Ақ ниеті- алтын күн  
Асқақ арман – қыраны.  
Жалауы бұл- халқымның,  
Мәртебесі, мақтаны.  
Ән: «Ел қорғауға әзірміз».  
Би: «Қара жорға».



## АНА МЕРЕЙІ

*Ә.А. Сәрсенбаева,  
Мәртөк ауданы,  
ТОО Дастан -2016  
«Нұрсәт» балабақшасы*

тыру, аналар туралы өлең шумақтарын оқуда мәнерлі, сауатты, анық оқи алуға машықтандыру; оқушыны ізгілік, инабаттылық, сыйластық, адамгершілік сияқты қасиеттерге тәрбиелеу.

**Көрнекілігі:** аналар туралы қанатты сөздер, шарлар, шиырмалар, аналар фотосуреттері.

Сабақтың барысы:

**М**ақсаты: 8-наурыз мейрамы туралы түсінік беру, анаға деген мейірімді, сүйіспеншілікті арт-



**Мұғалімнің сөзі:** Құрметті қонақтар, асыл аналар, ұстаздар және қыздар! Бүгін бізде үлкен мереке. Ол-аналарға арналған «Ана мерейі!» деп аталып отырған ашық тәрбие сағаты. Бұл сабақ 8-наурыз халықаралық әйелдер күніне байланысты аталып отыр.

Адам үшін ең аяулы, ең қадірлі жан-Ана. Ол бала дүниеге келген күннен бастап өзінің жұмсақ алақанын, жылы жүзі, ыстық құшағы мен мейірімін, махаббатын арнайды.

Құрметті аналар және ұстаз аналар, мейрамдарыңыз құтты болсын! Әр жанұяға тыныштық, денсаулық, амандық тілейміз.

Құрметтейік, о адамдар, аналарды,  
Бізді өмірге әкелген даналарды.  
Себебі Ана деген асыл жан ғой,  
Ойлауменен істелік әр қадамды.

**1-оқушы:** 1910 жыл 8-наурызда Данияның астанасы Копенгагенде болған социалистердің халықаралық ІІ конференциясында Клара Цеткиннің ұсынысы бойынша халықаралық әйелдер күні белгіленді. Ол алғаш рет Германияда, Австрияда, Швейцарияда, Данияда 1911 жылдан бастап мерекеленді.

**Хормен:** Мерекелеріңіз құтты болсын, сүйікті аналар!

(Сыныпқа көктем мезгілі кіреді.)

Сәлеметсіздер ме? Құрметті аналар, ұстаздар, қыздар, бүгінгі төл мерекелеріңіз құтты болсын, әр жанұяға шаттық тілеймін!

Көктемде құстар сайрайды,  
Жерде гүлдер жайнайды.

Алақайлап балалар,  
Мәз болысып ойнайды.

(әр оқушының аналарға арнаған тақпақтары)

**1-оқушы.** Ана-біздің күніміз,  
Ананың-біз гүліміз.

Ұландарды қуантып,  
Ұзақ өмір сүріңіз.

**2-оқушы:** Мәпелейсің мені, анам,  
Қолыңдағы құсыңдай.

Құлпыра өсіп дем алам,  
Құшағыңда қысылмай.

**3-оқушы:** Бізді өсірген апатай,  
Еңбегің де зор екен.

Құтты болсын, апатай,

Құтты болсын мерекең.

**4-оқушы:** Аялаған, саялаған,  
Бар бақытым, берекем.

Апатайым, құттықтаймын,  
Бүгін сенің мерекең.

**5-оқушы:** Сіздерден өсер балалар,  
Батырлар мен даналар.

Құттықтаймыз мейраммен,  
Құрметті аналар!

**6-оқушы:** Бәрімізге анасың,  
Біз үшін күн болып жанасың.

Құтты болсың мейрамың,  
Құттықтаймыз ұстазым!

**7-оқушы:** Өнерлі боп өсеміз,  
Өмір сырын шешеміз.

Өсіріп ой-сананы.  
Қуантамыз ананы.

**8-оқушы:** Үлкейдім ғой мен енді,  
Жудым бүгін еденді.

Аналарға арналған,  
Жаттап алдым өлеңді.

**9-оқушы:** Ана десем алғыс алам халқымнан,  
Ана десем теңіз болам шалқыған.

Ана десем ашылады қабағым,  
Ана десем әділдікті ұғамын.

**10-оқушы:** Сен жалықпай жетектеп,  
Мен жаттыға жетермін.

Айтқаныңды екіетпей  
Ақ сүтіңді өтермін.

**11-оқушы:** Әжем менің әлі де  
Ұқсамайды кәріге,

Шәй қайнатып береді  
Қажет болса бәріне.

**12-оқушы:** Анаға жан жетпейді,  
Еңбегі естен кетпейді.

Балаға да анасыз  
Тамағынан ас өтпейді.

**13-оқушы:** Анам менің, ақ мамам,  
Балапанын мақтаған.

Анам барда әр дайым  
Қуанамын, шаттанам.

**14-оқушы:** Анашым, жан анам,



Балдан тәтті бал анам.

Үйге келсең сақтанам,

Құшақ жая қарсы алам.

**15-оқушы:** Анам менің панам ғой,

Содан қорған табам ғой.

Асықпа, анашым, ерген-ақ

Отың болып жанам ғой.

**16-оқушы:** Ардақты ана, аяулы ана, қымбаттым,

Сәбиінді әлдилеумен түн қаттың.

Ақ сүтіңмен ауызданып есейдім,

Кең құшағың аясындай гүл бақтың.

**17-оқушы:** Аналар шаңырақтың сәулетті ғой,

Ана денен баршаның дәулеті ғой!

Адамды адам еткен ақ сүт беріп,

Жаңа өмірге сәбиін жетелеген.

**18-оқушы:** Ана деген кім десе,

Шуақ шашқан күн дер ем.

Сәбиі үшін ұйықтамай

арпалысқан түнменен,

Ана үні өмірде ең мейірімді үн дер ем.

**Жүргізуші:** Әсем би әрбір елдің рәсімі екен,

Өнерпаз ортамызда басым екен.

Өнерің қуаныштан кім аяған,

Жаңа биді сіздергешашу етем.

(Би биленеді)

**Көрініс:** Дүниеде не қымбат?

**Хор:** «Айналайын ақ мамам»

**Хор:** Ана-ұстаз, ана-дәрігер.

Ана-ғылым, ана-ақын.

Ана-өнер қайраткері.

Ана-жазушы.

Ана-қоғам қайраткері.

Жалпы би:

Ана туралы слайд фильм көрсетіледі

Соңғы жарияланған материалдар тізімі

Қыз сыны

Анашым, мерекенмен!

Аяулы анашым.

Мерекенмен анашым

Анамызды аялайық

Мерекенізбен аяулы - Анашым!

Ана-әлем шуағы

Ана-әлем шуағы ашық сабақ

Анашым құдіретіңе табынамын

Ана - өмір гүлі.



## «СУ ТІРШІЛІК КӨЗІ»



**С.Ю. Тәжібаева,**  
Ақтөбе қаласы,  
МКҚК №28 «Көркем»  
балабақшасының  
тәрбиешісі

гі маңызын тусіндіру. Судың табиғатта баға жетпес сый екенін айту. Судың қасиеттерінің бірі - судың мұзға және мұздың суға айналуын бақылай алады.

**Ресурстар:** тақырыпқа сай суреттер, қатты мұз, ыдыстар, су, қант, тұз, сүт, гуашь бояулары, түтікше.

Әдіс- тәсілдер: 4К моделі, саралау, бақылау.

**Оқу барысы:**

Шаттық шеңбері.

Самал жел бізді тербетші,

Күн нұры бізді таңырқат .

Таза ауа дем берші,

Мөлдір су бізді салқындат.

Пед жет ойын: «Қыс белгілерін ата»

**1 Қоршаған ортамен танысу.**  
**Тақырыбы:** Су- тіршілік көзі.  
**Мақсаты:** Балаларға су туралы тусінік беру және судың адамның, құстың, жануарлар мен өсімдіктердің тіршілігінде-



Шарты: Қыс мезгілінің ерекшелігін айту.

Бүгінгі оқу қызметінің тақырыбын айтпас бұрын, мен сендерге жұмбақ жасырғым кеп тұр, ал сендер мұқият тыңдаңдар.

Дәмі де жоқ, түсі жоқ

Пайдаланбас кісі жоқ. Ол не. (Су)

Дұрыс балалар, әрине су.

Бүгінгі оқу қызметінің тақырыбы «Су тіршілік көзі» екен.

Судың дыбысын тыңдау.

- Балалар сендер қандай дыбыс естіп тұрсыңдар.

Қалай ойлайсыңдар мұз, қарды жылы жерге әкелсек не болады.

- Әрине ериді, ендеше соны дәлелдеу үшін ыдыстағы қар мен мұзды оқу іс әркетіміздің соңына дейін үстелдің үстіне қоямыз.

Балалар, ал сендер білесіңдер ме су неден пайда болады?

Қане, ендеше біз су туралы көрнекіліктер тамашалайық.

Сыни ойлау, бала үні

**Ой дамыту.**

**АКТ технологиясы.**

Судың түсі қандай? (Түссіз, мөлдір)

- Су қай жерлерде кездеседі? (Өзендерде, көлдерде).

Сыни ойлау, коммуникативтілік дағды.

**Тосын сәт.**

Балаларды 3- топқа карточка арқылы бөлу, зерттеу орталығына шақырып.

**Суға тәжірибе жасау.**

**1 – тәжірибе.**

Ал судың иісі бар ма, иіскеп көріңдерші

Судың иісі жоқ.

Судың пішіні бар ма.

«Суда пішіні жоқ».

Біз қазір судың пішіні бар ма, жоқ па соны тексереміз (стаканға су құю

Әрине жоқ, суды қай ыдысқа құйсаң ол сондай пішінде болады.

**2- тәжірибе.**

«Суда дәм жоқ»осыны да тексерейік, алдымыздағы ыдыстағы суды түтікше арқылы дәмін татып көрейік.

Енді осы суға кейбіреулерің қант қосып, ал басқаларың тұз қосып көріп дәмін татыңдар дәмі қандай болды екен.

Суға не қоссақ сол заттың дәмін сеземіз, ал судың дәмі жоқ екен.

**3- тәжірибе.**

Егерде суға бояу қоссақ, оның түсі өзгереді, стакандағы суға гушь бояуларын қосайық. Сонымен қатар су мен сутті араластырайық. Су бар стаканға қасық салайық су көрінді ме, Балалар ия көрінеді.

Ал сут құйылған стаканнан қасық көрінеді ме.

Жоқ көрінбейді, сондықтан судың түсі жоқ, мөлдір екен.

Осыны дәлелдеу үшін біз тәжірибе жасап көрдік.

Жұмбақтар;

Дәмі де жоқ, түсі жоқ.

Пайдаланбас кісі жоқ. (су)

Сыни ойлау, коммуникативтілік ойлау.

Өнім арқылы саралау, 4К моделі, бала үні.

**Сергіту сәті:**

**Құрлымдалған ойын:**

**Күн мен жаңбыр.**

Ойын шарты, Мен сендерге күн дегенде жугіресіңдер, серуендейсіңдер, ал жаңбыр дегенде қолшатырдың астына тығыласыңдар жақсы ма.

Қортынды.

Біз бүгін не жайлы айттық?

Судың қандай қасиеттері бар ?

Сусыз өмір сүруге бола ма

Қандай тәжірибе жасадық.

Жарайсыңдар балалар бүгінгі оқу қызметіне жақсы қатысқан балаларды мадақтау.





## ҚҰСТАР БІЗДІҢ ДОСЫМЫЗ



*С.М. Успанова,  
Ақтөбе қаласы,  
МКҚК «№28 «Көркем»  
балабақшасының  
тәрбиешісі*

**Мақсаты:** Құстар тіршілігі туралы түсініктері дамиды. Оларға қамқорлық жасау жолдарын айта алады.

**Ресурстар:** Құстардың суреті, дидактикалық көнекіліктер, интерактив. такта.

**Әдіс-тәсілдері:** Саралау, бақылау, 4к моделі, бала үні.

### **ҰОҚ өтілу барысы:**

Балалар кәне бәріміз бір-біріміздің қолымыздан ұстап, жақсы тілектер айтып, жылулығымызды таратайық.

### **Миға шабул**

**Пед жет ойын:** «Кім тапқыр»

Жұмбақ жасыру.

Барлық жемін бітеудей асайды, әйтседе ұзақ жасйды.

Бұл нелер? (құстар)

**Сыни ойлау, бала үні.**

**Ой дамыту.**

Балалар айтылған айтылған әңгімеге байланысты өз ойларын айтады.

Балалар мен бүгін балабақшаға келе жатқанымда сауысқанды көрдім, айта қойыңдаршы сауысқан деген не?

Балалар: Құс

**Тәрбиеші:** Я сауысқан жәй құс емес, ол ерекше құс, өйкені ол айналасының бәрін тазартып жүреді, жерде жатқан қоқыстарды жинайды, ағаштарды қорғайды. Ол маған міне хат беріп жіберді, хатты ашпас бұрын біз топқа бөлініп алайық, екі топқа бөлініп, сұрақтарға жауап беріп жарысамыз (балаларға қарлығаш пен тырна суретін таратып сол суреттер бойынша екі топқа бөлінулерін сұраймын.

### **Топқа бөлу.**

Оқу ортасы арқылы саралау. Балалар құстарды алып топтарға бөлінеді.

**1-топ: Қарлығаш**

**2-топ. Тырна:**

**Миға шабул.**

Әр топқа құстар туралы сұрақтар қою.

Топқа бөлініп алсақ енді хатты ашып оқиық.

**Хат мазмұны:** «Қымбатты балалар, бізге қиын болып тұр, біздің тамағымыз жоқ, бізге көмектесіңіздерші, өтінемін» сәлеммен сендердің қанатты достарың»

«Балалар қанатты достар» деп нені айтып тұр? Кәне «Қарлығаш» тобы айта қойшы.

- Құстарды.

**Тәрбиеші:** дұрыс

- ал «Тырна» тобы сендер қандай құстарды білесіңдер?

**Балалар:** Сауысқан, суық торғай, көгершін, қарға т. б.

- «Қарлығаш» тобы, осы құстар қандай болып бөлінеді?

- **Балалар:** қыстап қалатын құстар және жылы жаққа ұшып кететін құстар болып бөлінеді.

- «Тырна» тобы құстар немен қоректенеді?

- **Балалар:** дәндермен, нан қиқымдарымен, шемішкемен

- Жәрәйсындар балалар сендер бәрін біледі екенсіңдер, сендер тағы да құстар туралы көп білгілерің келеді ме?

- Енді біз бүгін құстардың қалай ән айтатынын, олардың қайда тұратынын білетін боламыз, сүйтіп осы қанатты достарымызға көмектесеміз.

- Құстар бізді өздерінің әдемі дауыстарымен қуантады.

- Қалай ойлайсындар біз құстарға қалай көмектесеміз?

- Біз құстарға көмектесу үшін бірнеше тапсырмаларды орындауымыз керек, ал сендер дұрыс жауап берсеңдер бір қалта құстарға арналған дәндерді аласындар. Ал ол үшін біз сиқырлы орманға баруымыз керек, көзімізді жұмайық. үш рет айналайық. Көзімізді аша-



мыз экраннан қысқы орманның суреті көрінеді.

Ой балалар мына орманда ешқандай құс жоқ қой, олар ұша алмай жатыр ма екен.

**Миға шабул**

**Ендеше 1-ші сұрақты тыңдаңдар: «Қарлығаш» тобы.**

**Шарты:** аталған құстардың арасынан қатесін тауып айту керек.

«Құстар ұшып келеді: көгершін, суық торғай, шыбын, қарға»

«Көгершін, тырна, қарға, сауысқан, алма»

«Көгершін, суық торғай, көкек, маса»

**Бала үні.**

**Тәрбиеші:** Дұрыс атадыңдар енді сендер өздеріңе тиісті құстарға арналған қалтаны алуларыңа болады.

Енді «Тырна» тобына сұрақ

**2-ші сұрақ:** Тақтада ағаш тұр, стол үстінде құстардың суреттері жатыр, құстарды өз бұтақтарына орналастыру керек.

3 үлкен суық торғайды ең төменгі бұтаққа орналастыру керек, ал 2 көгершінді ортаңғы бұтаққа қою керек, ең кишкентай суық торғайды жоғарғы бұтаққа орналастыру керек.

Жәрәйсындар бұл тапсырманы да жақсы орындадыңдар, сендердің қалташаларыңда не бар екен көрейік. Шемішкі екен, оны суық торғайға берейік.

Енді кішкене бойымызды сергітіп алайық.

**Сергіті сәті.**

**Ойын: «Торғайлар мен санырауқұлақ»**

**Шарты:** Ортаға бір бала шығып, достарым қайдасындар, келіндер» дегенде балалар дөңгелене тұра қалады да, отырып өлең жолдарын айтады.

«Біз тоғаймыз, торғаймыз

Бірге ұшамыз, ойнаймыз

Жерден дәнді теріп жер,

Ән саламыз, самғаймыз» деп айнала ұшып жүреді де, бір кезде күн күркіреп жаңбыр жауады, сол кезде бастаушы бала «достар мында келіндер мына санырауқұлақтың астына тығыламыз» дейді

**Мнемотехника әдісі бойынша жұмыс**

«Тырна» тобы тырна суреті бойынша жұмыс жасайды. Ал «Қарлығаш» тобы қарлығаш суреті бойынша жұмыс жасайды.

**Тәрбиеші:** Балалар енді тақтаға назар салайық тақтада мынадай ойын тұр бұл ойынның шарты, осы сурет арқылы құстарды зерттейміз. (балаларға түсіндіру жұмыстары жүргізіледі)

Балалар енді мен сендерге екі топқа да бірге сұрақ қойғым келіп тұр.

Осы құстардың қандай екенін айта қойыңдар, әр құстың өз қасиеті бар.

1. Құс патшасы (бүркіт)

2. Орман саққұлағы (сауысқан)

3. Көктем хабаршысы (ұзақ)

4. Ағаштардың емшісі (тоқылдақ)

5. Бейбітшілік құсы (көгершін)

6. Жемтік аңдушы (қарға)

7. Мейірімділік құсы (қарлығаш)

8. Өзі атын өзі шақыратын құс (көкек)

9. Сқлұлықтың белгісінің құсы (аққу)

Балалар біз сауысқанды ұмытып кетіпміз бізге хат жіберген сол құс қой сауысқан дәннен басқа түрлі-түсті әдемі заттарды жақсы көреді екен, біз не берсек екен?

**Балалар:** Ойыншықтар

**Тәрбиеші:** дұрыс айтасындар сауысқан барлық жылтырақ заттарды жақсы көреді. Сендер бүгінгі тапсырмаларды жақсы орындадыңдар, құстар сендерге рақмет айтып, қуанып жатқан болар, кәне экранға қарайық көрдіңдерме құстар ұша бастапты, ал енді балабақшамызға қайтатын уақыт болды. Көздеріңді жұмыңдар да үш рет айналыңдар, көзімізді ашамыз міне біздің саяхатымыз аяқталды.

- Балалар бүгін біз қайда бардық?

- Қандай тапсырмалар орындадық?

- Қандай құстарға көмектестік?

**Бала үні**

Мінеки балалар сонымен бүгінгі оқу-іс қызметіміз аяқталды бәрің жақсы қатыстыңдар, рахмет.





## ЖАЙЛАУҒА САЯХАТ



*И.В. Успанова,  
Ақтөбе қаласы,  
№49 «Думан»  
бөбекжай-  
балабақшасы  
МКҚК-ның тәрбиешісі*

**Т**обы: «Құлыншақ» кіші тобы.

**Білім беру саласы:** «Шығармашылық».

**Ұйымдастырылған оқу қызметі:** Мүсіндеу

**Мақсаты:** Ермексизден бөліктерді бөліп алып оларды бір тұтас етіп біріктіріп, жалпақтау және дөңгелету арқылы құртты мүсіндеу алады.

**Қолданылған әдіс - тәсілдер:** Сұрақ-жауап, миға шабуыл

**Ресурстар:** АКТ- проектор, музыкалық колонка, ермексиздар, А- 3 форматтағы сиыр мен ағаш суреттері, қуыршақ әже.

**ҰОҚ барысы:**

Балалар келген қонақтармен амандасып алады.

- Балалар сіздер ата- әжелеріне жазда жайлауға қонаққа бардыңдар ма?

- Балалар сіздер жайлауға саяхатқа барғыларың келе ме?

- Балалар бізге біреу есік қағып жатыр бұл кім екен?

- Мен барып қарап келейін.

Тәрбиеші: Балалар бүгін бізге қонаққа досымыз қуыршақ Айсұлу келді. Ол да бізбен бірге жайлауға саяхатқа барғысы келеді.

- Саяхатқа бару үшін қуыршақ Айсұлу өзімен бірге қоржынға салған тапсырма алып келіпті.

**Миға шабуыл:**

- Қане қоржын ішінде не бар екен, ашып көремізбе? (алқалар-сиыр мен киіз үйдін суреті).

- Қане балалар өздеріңе ұнаған алқаларды таңдап мойынымызға тағып алайық (бала үні).

Қазір екі топқа бөлінеміз: сиыр және киіз үй тобы. Топта тапсырмалар орындайтын боламыз. Қуыршақ Айсұлу тапсырмаларды қалай орындап жатқанымызды қарап отыр екен, олай болса тапсырмаларды жақсылап орындап берейік.

**Пед. жетекшілігімен ойын:** «Қандай бейне?» дид ойын.

(4К сыни ойлау, командалық жұмыс, қарым- қатынас)

**Шарты:** Үлкен бөлікке бөлінген суретті құрастыру.

- Балалар не шықты? (Сиыр мен киіз үй)

Оларды қайдан көреміз? (Жайлаудан)

Тәрбиеші: Ендеше көзімізді жұмайық, қуыршақ Айсұлумен бірге жайлауға саяхатқа барамыз. (музыкамен)

Қуыршақ әжемен кездесу.

- Қош келдіңдер, қарақтарым, амансындарма?

- Менің немеремнің достары көп екен, ендеше маған құрт жасауға көмектесесіздерме?

Құрт туралы түсінікті бейнематериал арқылы көрсетеді.

Құрт- қазақтың ұлттық тағамның бірі сиырдың, түйенің, қойдың, ешкінің сүтінен жасайды. Алдымен сүтті пісіріп ұйытады. Ұйыған соң қалтаға құяды. Суы сорыққан соң алып табаққа салып қайнатады. Ішіне тұз қосып, жұмсақ болу үшін майдың суын құяды. Сөйтіп әр түрлі формаға келтіріп құртты жасайды. Сендерге құртты қалай жасау керектігін көрсетейін. Құрт мүсіндеу үшін біз ең алдымен үстел басында дұрыс отырып, таза, ұқыпты жұмыс істейміз. Дайын болған заттан бөліп алып, алақан арасына салып домалақтаймыз. Оны жұдырық арасына салып, қысамыз. Жұмыс аяқталғасын қолымызды сүрткішпен сүртеміз.

**Құрылымдалған ойын:** «Құрт жасаймыз»

**Шарты:** балалар тәрбиеші нұсқаулығымен құртты ермексизден жасап үйренеді. Ермексизден бөліктерді бөліп алып оларды бір тұтас етіп біріктіріп, жалпақтау және дөңгелету арқылы құртты мүсіндеуге үйретеді.





Әже:Қазақта үйден құр шықпа деген шырақтарым. Мына құртты ата- әжелеріне апарып беріңдер. Ауылдын дәмін сүйсініп, құртпен шәй ішсін.

Жарайсындар, балалар!

Жасаған құрттарың әдемі шықты.

Тәрбиеші бағалау барысында «Үш шапалақ» әдісін қолданады.

Топқа музыкамен оралу

**Еркін ойын:** «Жайлауда»

**Шарты:** Балалар жайлаудағы төрт түліктің төлдерін тауып орналастырып, атауын атайды.

**Қорытынды:** Рефлексия сұрақтары:

Бізге қонаққа кім келді? (Айсұлу)

Біз қайда бардық? (Жайлауға)

Жайлауда кімге көмектестік? (Әжеге)

Әжеге не жасап бердік? (Құрт)

Жарайсындар балалар!



## ДАРЫНДЫ БАЛАЛАРДЫҢ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ҚАБІЛЕТІН ҚОЛДАУ

*М.Н. Шульденова,*

*Ақтөбе қаласы,*

*№49 «Думан» МДҰ музыка жетекшісі*

**М**ектепке дейінгі мекемеде балаларды дарынды бала деп атау бермегенмен, өзіндік ерекшелік феномендық танымдық ерекшеліктері бар! Олай болса, 3-5 жастағы балалардың шығармашылық қабілетін қолдау тақырыбында іс-тәжірибеммен бөлісемін!

Мектеп жасына дейінгі бала психикасының қалыптасуы мен дамуы оның есейген шағымен салыстырғанда шапшаң жүреді. Балалық шақтың осы таңғажайып мүмкіншіліктері мидың, белгілі бір жүйке құрылымдарының толысып, пісіп - жетілуіне және олардың функционалдық қасиеттеріне байланысты. Бұдан шығатыны мектепке дейінгі кезеңдегі баланың жас ерекшеліктеріне байланысты қасиеттер оның шығармашылық қабілеті дамуының негізін қалайтын жағдайларды тудырады.

3-5 жастағы балалардың шығармашылық қиялы мен қабілеттерін дамыту, олардың практикалық дағдыларды иемденуі тәрбиешінің баланың ақыл-ой қабілетін дамыту, оның нақты дара ерекшеліктерін ескеріп тәрбиелеуге байланысты процестерді қалыптастырудан бастау алады.

Мектеп жасына дейінгі баланың шығармашылық қабілетін үш кезеңге бөлуге болады.

Бірінші кезең – материалды тез қабылдап, жылдам меңгеретін бала.

Екінші кезең – арнаулы тапсырманы мұқият орындайтын бала.

Үшінші кезең – берілген көркемдік білімді баяу қабылдайтын бала.

Осы орайда баланың ынта-жігерін арттыру арқылы шығармашылық деңгейін дамытуға болады. Баланың қабілеттілігін дұрыс түсіну үшін баланың жас ерекшелігін психологиясын білу және ескеру қажет. Мұндай жастағы балалардың арасында шығармашылықты тежейтін бірнеше кедергі бар: біреулер «жасай алмаймын, қолымнан келмейді» деп өздерін үрейге, қорқынышқа билетсе, екінші бала өз жұмысына өзі қанағаттанбайды; ал үшінші біреу – жасқаншақтық немесе ұяндықтың кесірінен өз талантын танытуға енжар болады; төртіншісі – жалқаулыққа жөндіреді. Осындай кезде, тәрбиеші шығармашылық кезеңде баланың шабытын оятып, құлшындырып еліктіріп отырса, кішкентай балаға «Сенің қолыңнан бәрі келеді», «сен қабілеттісің», деген сөздермен баланың ерік-жігерін билеп, сенім білдіру немесе бүлдіршіндердің кішкентай жетістігі болса да, жоғары бағалап, мадақтап, көтермелесе:

Нәтижесінде: Ойын - тапсырмаларын орындау барысында балалардың қиялдары дамып, шығармашылық қабілеттері белсенді түрде артады.

Шығармашылық тапсырмаларды орындау арқылы баланың өз мүмкіндіктері дамып жетіледі.



Оқу әрекетінде бала өзін-өзі қалыпта-суына өз идеясын жүзеге асыруына бағыт-талған жаңа әдіс - тәсілдерді іздеп, проб-леманы өзінше, жаңаша шешуге талпыныс жасайды.

Тілдік тапсырмаларды орындау барысын-да сөздерді өзгерте, жаңа сөздер ойлап табу-ға белсенді тәжірибелер жасайды, сөйлеу іс - әрекетіне шығармашылықпен кіріседі.

- Музыкалық іс - әрекетте баланың жеке басын жан – жақты дамыту эстетикалық тәр-бие, дене тәрбиелерімен өзара тығыз байла-нысы арқасында қамтамасыз етіледі.

- Баланың бойында батылдық, еркіндік, ұшқырлық, сезімталдық сияқты қасиеттер-мен қатар ерекше ой қызметі, қайшылықтар-ды түсіну, заңдылықтарды анықтау, шығар-машылыққа деген құштарлық дамиды.

Қорыта айтқанда, ұзақ жылдар бойы шы-ғармашылық барлық адамның қолынан келе бермейді деп қарастырылып келсе, қазіргі ғылым жетістіктері негізіне қабілеттің мұн-дай дәрежесіне белгілі бір шарттар орын-далған жағдайда кез келген баланы шы-ғармашылыққа бейімдеуге болатыны көп айтылуда.

Адамның шығармашылыққа ынтасы оның өз даралығын, өз қабілеттерін іске асы-ру мектепке дейінгі мекемеден бастау алады дегім келеді.

Мектеп жасына дейінгі балалардың шы-ғармашылық бейімділігі мен дарындылығын дамыту өте тез өтетін процесс. Мектепке дейінгі жастағы балаларға музыкалық білім беру арқылы шығармашылық қабілетін да-мытудан түйгенім- музыкалық дарыны бар балалардың күнделікті іс-әрекеттен де бөлек қосымша еңбектенудің орны ерек-ше екендігін байқатады. Ондай балалар өз-дерінің шығармашылық әрекеттерін іске асыру қажеттілігін сезінеді- жеке нөмірлерді дайындауға аса құлшыныспен қатысады, қо-сымша материалдарды оңай үйренеді, сахна-лық іс-шараларға да асқан қызығушылықпен қатысады, т.с.с. Ондай балалар 3 жастағы ойын баласының арасында аз да болса кез-десіп тұрады. Осылайша, баланың кішкен-тай кезінен белгілі бір қызығушылық ныша-нын анықтап алғаннан кейін, түйсігіне, есте сақтау қабілетіне, бейімділігіне, икемділігі-не көңіл бөлу ең алғашқы баспалдақ болып табылады. Ешкім дарынды болып тумайды, жастайынан қалыптасады. Мысалы, әлемді мойындатқан Димаштың да алғашқы өнерге деген қадамы бала-бақшадан басталған!

«Шығармашылық-тура мағынасында жа-налық ашу дегенді білдіреді». Балалардың бойында кішкентай кезінен шығармашылық қабілетін дамытсақ, болашақта нақты Да-рындылық қабілет қалыптасуы мүмкін!



## ҮЙДІҢ ТЕРЕЗЕСІНДЕГІ ЖАРЫҚТАР

*Г.С. Даулетова,*

*Ақтөбе қаласы,*

*«Бәлтірік» балабақшасының тәрбиешісі*

**Б**ілім саласы: Шығармашылық  
Ұйымдастырылған оқу қызметі:  
Сурет салу

Мақсаты: құстар және оларды тамақтан-дыру жайында түсініктерді игеру.

Міндеттері:

А) Білімділік: қылқаламмен үзік сызық-

тарды кеңістікте дұрыс орналастыра сызуды үйрету;

Ә) Дамытушылық: бояумен ұқыпты жұ-мыс істеу дағдыларын қалыптастыру;

Б) Тәрбиелілік: сурет салуға деген қызы-ғушылыққа тәрбиелеу.

Қолданылатын көрнекі құралдар: де-монстрациялық материалдар, үлгі, шам

Қажетті құрал-жабдықтар: әр балаға бір-бірден терезенің жарық жанып тұрған суреті, сары бояу, қылқалам, қол сүрткіш-тер, су.



Мотивациялық қозғаушы - Балалар бізге бір қонақ келді. Ол туралы мен сіздерге бір жұмбақ айтайын. Тәтті көрсе бас салар, Айнымайды баладан (Аю) Аю көңілсіз. Оның шам істемей қалды. Ол сіздерден көмек сұрап тұр. -Көмектесеміз бе? Балалар дөңгеле-не тұрып, педагогтің көмегімен жұмбақ шешеді. Қонжықпен амандасады. -Иә!!!

#### Ұйымдастырушы

- Тәрбиеші балаларға бағыт-бағдар беріп отырады. Қылқаламды дұрыс ұстау керек, бояуды ауызына салмаймыз, саусақтарды кірлесек, қол сүрткішпен суртеміз. Сурет аяқталған соң, қылқаламды жуып орнымызға саламыз.

- Біз бүгін терезеден түскен жарықтың суретін саламыз. Педагог жарықты салу жолдарын өзі көрсете отырып түсіндіреді.  
- Сендердің алдарыңда терезенің жарық жанып тұрған суреті бар, сол терезеден жарық сәулелерінің шашырап тұрғанын қылқаламды сары бояуға батырып, қатты бастырмай сүйкей жағу арқылы үзік сызықтар арқылы саласындар. Біріншіден қылқаламды алып, ауада сурет саламыз. Сосын

бояуға батырып қағазға сурет саламыз.

Сергіту сәті: Мұқият тындайды. Қайталайды

Қылқаламды қояйық,  
Орнымыздан тұрайық.  
Қолымызды созайық,  
Оңға қарай иіліп,  
Солға қарай иіліп,  
Біз тынығып алайық. (Ф.Н.)

Балалар орындарына отырып жұмыстарды жалғастырып отырады. қимылдар жасайды. Балалардың өз бетінше жұмыстары.

#### Рефлексивті

Тәрбиеші балаларға қонжықтан ризашылығын білдіреді, бәрінің де жақсы жұмыс істегендерін айтып мадақтайды. Өздерінің жұмыстарына баға береді. Қонжықпен қоштасады.

#### Күтілетін нәтиже:

Қағаз бетіне нүктелерді түсіруді, ойын тәсілдері арқылы ой-қияларын дамытуды.

Жарық көздері туралы түсініктерін кеңейтеді.

Үзік сызықтарды шашырата сызу арқылы жарық сәулесін салуды.



### *Құрметті оқырман!*

Ақтөбе облысының тілдерді дамыту басқармасының Тілдерді оқыту орталығы «Тілдерді оқыту: ізденіс және әдістеме» ақпараттық-әдістемелік журналының №4 (30) санын 2022 жылғы 25 желтоқсанда шығарады. Тоқсанына 1 рет жарыққа шығатын журналға төмендегідей айдарлар бойынша материал ұсынуға болады:

1. **Тілтаным:** профессор-ғалымдардың, тіл оқытушылары (қазақ, орыс және басқа тілдер), балабақша тәрбиешілері, жеке тұлғалардың және тіл жанашырларының еліміздегі тілдерді оқыту мәселесі, үштұғырлы тіл саясаты, Мәңгілік Ел жалпыұлттық идеясы, этносаралықынтымақтастық, татулық тақырыбындағы мақалалары, эссе, баяндамалары беріледі.

2. **Рухани жаңғыру:** «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламасын, оның ішінде 6-бағыт «Латын графикалық жүйеге көшуді» насихаттау мақсатында мақала, баяндамалар беріледі.

3. **Тіл үйрету әдістемесі:** мұғалімнің кәсіби құзыреттілігін, педагогикалықшеберлігін жетілдіруге ықпал ету, әдістемелік көмек көрсету мақсатында әдістемелік мақалалар, баяндамалар және т.б. беріледі.

4. **Үздік сабақ:** тіл оқытушылары (қазақ, орыс және басқа да тілдер), әдіскерлердің іс-тәжірибесіндегі озық сабақтары (ҚМЖ) және қазақ тілін шетел тілі немесе екінші тіл ретінде оқытудың салалық сабақ әзірлемелері беріледі.

5. **Тәрбиеші жазбалары:** мектепке дейінгі ұйымдарының тіл оқытушылары (қазақ, орыс, ағылшын тілдері) мен тәрбиешілерінің озық сабақ әзірлемелері, жеке тұлғаны жан-жақты дамытуға бағытталған тәрбиелік, танымдық, мәдени іс-шаралар сценарийлері беріледі.

#### **Материалдар келесі талаптарға сай болуы керек:**

Мақала немесе сабақтың әдістемелік әзірлемесі, эссе, баяндама, өлеңдердің көлемі **2 беттен** көп болмауы керек. Беттің жоғарғы және төменгі жағынан 2 см., сол жағынан 2 см., оң жағынан 2 см қалдыру керек. Жазу шрифті KZ Times New Roman, Times New Roman, **кегель 12**, жоларалық ашықтық 1 пт. 2 интервалдан кейін автордың аты-жөні; бос интервалдан кейін мекеменің аты, қаласы, ауданы көрсетіледі. Мақаланың негізгі мәтіні 2 интервалдан кейін басылады. Мәтіннің соңында 1 интервалдан кейін пайдаланылған әдебиеттер тізімі (алфавиттік жүйеде) беріледі. Мәтіндегі сілтемелер тік жақшада [1:23-25] рәсімделеді. Файлдық құжаттың атауы автордың фамилиясымен аталуы қажет. Кесте, иллюстрациялық сызбаларды беруде Microsoft Office бағдарламасын қолдану қажет.

Барлық материалдар талапқа сай рәсімделіп, [ortaluktil@mail.ru](mailto:ortaluktil@mail.ru) электронды поштасына жіберілуі қажет. Баспаға материал жариялау-тегін.

Журналдың №4 (30) санына материалдар **2022 жылғы 30 қарашаға** дейін мына мекенжайда қабылданады: Ақтөбе қаласы, Сәңкібай батыр даңғылы, 20 «А», №102 кабинет. Байланыс телефоны: 8 (7132) 41-69-34.